Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 821.512.122.0 Қолжазба құқығында

БАЗАРБАЕВА МЕРУЕРТ МЕДЕУБАЕВНА

Қазіргі заманғы прозадағы әлемнің тілдік бейнесі (билингв-жазушылар материалдарында)

6D021400-Әдебиеттану

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесшісі
филология ғылымдарының
докторы, профессор А.Б. Темірболат

Шетелдік ғылыми кеңесшісі
Торонто Университеті, славян тілі
мен әдебиеті кафедрасының PhD
профессоры Донна Туссин Орвин,
(Канада)

Алматы, 2024

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР 3
КІРІСПЕ 4
1 ӘЛЕМНІҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІ ЖӘНЕ БИЛИНГВИЗМ МӘСЕЛЕСІН ЗЕРТТЕУ ТАРИХЫ 8
1.1 Әлемнің тілдік бейнесінің ұғымы 8
1.2 Билингвизм табиғаты 35
1.3 Билингвизм және әлемнің тілдік бейнесі 47
2 ӘДЕБИ БИЛИНГВИЗМ: БИЛИНГВ ЖАЗУШЫЛАРДЫҢ ТІЛДІК-СТИЛИСТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ 59
2.1 Әдеби билингвизм әлем мәдениеті көрініс ретінде 59
2.2 Әдеби билингвизмнің зерттелуі 63
2.3 Билингв жазушылар шығармаларындағы көркемдеуіш құралдардың берілуі 67
2.4 Билингв жазушылар шығармаларындағы «Отан» концептісі 74
2.5 Билингв жазушылар шығармаларындағы кейіпкерлердің берілуі 79
3 БИЛИНГВ ЖАЗУШЫЛАР ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ КАТЕГОРИЯСЫ 88
3.1 Автордың әлемге көзқарасы 88
3.2 Табиғат бейнесі және авторлық концепция 102
3.3 Автор шығармаларындағы философиялық ой және ұрпақ тәрбиесі 115
ҚОРЫТЫНДЫ 136
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ 139

АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық жұмыста қолданылған негізгі терминдер:

Әлемнің тілдік бейнесі, тілдік көрінісі дегеніміз – тілдің лексикасында, грамматикасында таңбаланған, бекітілген, сақталған тіл иесінің күллі дүние, әлем, ғалам туралы білімдерінің жиынтығы.

Сигнификат (лат. signifiko – белгі беремін, сигнал беремін) – бұл атаудың немесе белгінің ұғымдық мазмұны.

Әлемнің бейнесі – бұл әлемді түсіну логикасына сәйкес «әлемді көру» және алынған көрініске сай жүйелеу, алайда «бұл ешқашан әлемнің айна қатесіз көрінісі болып табылмайтын бейне».

Репрезентация – алғашқы түсініктен бастап, дамыған бай концептілік жүйедегі түсінікке дейінгі санадағы білімнің көрінісі.

Тілдік бейне – «әлемнің тілдік айнасы».

Әлемнің тілдік бейнесі дегеніміз – қоршаған орта туралы ақпарат бере алатын таңбалардың жүйелі, реттелінген әлеуметтік моделі.

Дүние моделі – адам психикасындағы белгілі бір когнитивтік схемаларға лайық заттық мағыналармен белгіленген және саналы рефлексияға есептелген заттық әлем кескіні.

Әлем бейнесі – адамның дүние-әлемді көруінің, тануының түп негізінде жататын, әлемнің өзіндік ерекшеліктерін, өзіне ғана тән болмысын түсініктер түрінде репрезентациялайтын және адамның барлық рухани іс-әрекетінің нәтижесі саналатын әлемнің кең ауқымды бейнесі.

Әлемнің тілдік бейнесі – ойлау, ақиқат шындық және әлем туралы ойды білдірудің құралы ретіндегі тіл үшеуінің өзара қарым-қатынасының, өзара байланысының, ықпал-әсерінің нәтижесі, адам санасының жемісі.

Әлемнің практикалық бейнесі – адамның қоршаған орта туралы өз тәжірибесі арқылы жинаған білімі, әлемге деген өзіндік көзқарасы.

Әлемнің ғылыми бейнесі – өмірдің шынайы, яғни реалды бейнесі.

Билингвизм – заманауи жаһандық шындықтың бір бөлігі болып табылатын құбылыс.

Билингвизм – бұл статикалық емес, динамикалық санат, демек, жеке немесе әлеуметтік жағдайлар өзгерген кезде жеке тұлғалар өзінің билингвалды профилін өзгерте алады.

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Жаһандану, интеграция жағдайында әдебиеттану мен лингвистика белсенді дамып, олардың категориялық-ұғымдық және әдістемелік аппараттары байытылуда. Пәнаралық зерттеулер кеңінен етек алып отыр. Тіл білімінде тілді көп қырлы ғылыми зерттеу мүмкіндігін ашатын лингвомәдениеттану, паралингвистика, прагматикалық лингвистика сияқты бағыттар қалыптасып жатыр. Олар әдебиеттануға да әсер етті.

Соңғы жылдары жазушылар әлемінің тілдік бейнесін зерттеу кеңінен тарала бастады, оның аясында олардың нақты бір тарихи дәуірде болып жатқан шындық, әлеуметтік құбылыстар мен оқиғалар туралы түсініктері қарастырылды. Осыған байланысты билингв жазушылардың шығармашылығы ерекше қызығушылық тудырады. Олардың шығармаларында екі ұлттық мәдениеттің үйлесімі мен өзара әсері байқалады. Бұл билингв жазушылар әлемінің тілдік бейнесі деңгейінде көрініс тапқан дүниеге көзқарасы мен дүниетанымының өзіндік ерекшелігін, олардың эстетикалық мұраттары мен құндылықтарын анықтады.

Диссертацияда Ә. Әлімжанов, Р. Сейсенбаев, Т. Әсемқұлов сияқты танымал прозашылардың шығармашылығы қарастырылады. Олардың шығармашылығында қазақ және орыс мәдениетінің синтезі байқалады, бұл олар бейнелеген шындық туралы идеялары деңгейінде көрініс тапты. Жазушылардың тілі ерекше. Орыс тілінде жазылған Ә. Әлімжанов, Р. Сейсенбаев, Т. Әсемқұлов шығармаларында қазақ тілінен алынған көріністер кездеседі. Әр түрлі ұлттық мәдениеттердің әсері бейнелер жүйесі деңгейінде, автор мен кейіпкерлердің сыртқы әлеммен қарым-қатынасында көрінеді.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі көркем билингвизм феноменін терең және жан-жақты зерделеу, оны қазақ жазушыларының шығармашылығында талдау үшін теориялық және әдіснамалық негіздерді дәлелдеу қажеттілігімен анықталады. Бұл мәселені зерттеу Қазақстанның әдебиеті мен мәдениетінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейтуге мүмкіндік береді.

Ә. Әлімжанов, Р. Сейсенбаев, Т. Әсемқұлов сынды белгілі билингв жазушылардың шығармаларына жүгіну арқылы зерттеу тақырыбының өзектілігі айқындала түседі. Олардың шығармаларында қазақ және орыс мәдениетінің дәстүрлері үйлеседі, бұл олардың тіл деңгейінде ғана емес, сонымен бірге олардың шығармаларының мазмұны, бейнелер жүйесі, прозашылардың дүниетанымы арқылы көрініс тапты.

Билингв жазушылар әлемінің тілдік көрінісінің ерекшеліктерін зерттеу өзекті болып табылады. Бұл мәселені зерделеу қазақ мәдениеті мен ұлттық ойлаудың орыс тілінің контекстінде және құралдарында қалай жүзеге асатынын байқауға мүмкіндік береді.

Зерттеу нысаны – қазақ билингв жазушыларының, солардың ішінде Ә. Әлімжанов, Р. Сейсенбаев, Т. Әсемқұловтың прозасы.

Зерттеу пәні – Ә. Әлімжанов, Р. Сейсенбаев, Т. Әсемқұловтың әлемнің тілдік бейнесінің ерекшеліктері.

Зерттеудің мақсаттары мен міндеттері. Зерттеудің негізгі мақсаты – «билингвизм» ұғымының мәнін анықтау, қазақ билингв жазушыларының әлемінің тілдік бейнесінің ерекшеліктерін ашу, олардың эстетикалық көзқарастары мен болмыс пен тұлғаның авторлық тұжырымдамаларын анықтау.

Осы мақсатқа жету үшін келесі **міндеттер** қойылды:

- қазақ билингв-жазушылары әлемінің тілдік бейнесін талдау;
- «билингвизм» ұғымының мазмұнын ашу;
- қазақ жазушыларының шығармаларындағы бейнелер жүйесін талдау;
- Ә. Әлімжанов, Р. Сейсенбаев, Т. Әсемқұлов шығармаларындағы әлемнің тілдік бейнесінің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау;
- билингв-жазушылардың шығармаларының тілдік және стилистикалық ерекшеліктерін анықтау;
- билингв-жазушылардың шығармаларының философиялық аспектілерін талдау.

Әдістер мен тәсілдер. Зерттеу барысында салыстырмалы-тарихи, функционалды, мәдени-тарихи, биографиялық және стилистикалық әдістер қолданылды.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізі әлемнің тілдік бейнесінің жалпы мәселелерін, оның пайда болуын, қалыптасуын, дамуын, теориясы мен практикасын қарастыратын отандық және шетелдік ғалымдардың жұмыстары болды (Б. Уорф, Э. Сепир, А. Уфимцева, Ю.Н. Караулов, В.Н. Телия, Е.С. Кубрякова, В. фон Гумбольт, Л.Г. Вайсгербер, Х.Г. Гадамер, Т. В. Алейникова, О.Г. Дубровская, А. Ислам, А. Амирбекова, Ш. Бекмаганбетов, Э. Оразалиева, М. Хайдеггер, Ю.Д.Апресян, Э.Д. Сулейменова, Е.В. Падучева, Г.В. Колшанский, С.Т. Тер-Минасова, Г.А. Брутян, Р.И. Павиленис, Ю.Н. Караулов, М. Планк, В.В. Иванов, В.Н. Топоров, Б. Тлеубердиев, Т.М. Дридзе, Б.А. Серебренников, Н. Гей, В.Е. Хализев, З. Ахметов, В. Виноградов, Б. Шалабай, Г. Пралиева, И. Я. Чернухина және т.б.); билингвизм контекстінде (А.Е. Карлинский, Е.М. Верещагин, Н.Б. Мечковская, Л.В. Щерба, Ю.Д. Дешериев, Е.Ю. Протасова, Э. Сүлейменова, Н. Шаймерденова, Ф. Грожан, В.А. Аврорин, Г. Гачев, А. Сатыбалдиев, В.З. Панфилов, М.В. Никитин, Ю.Ф. Тарасов, Ю.А. Сорокин, Н.В. Кулибина, Т.О. Есембеков және т.б.); әдеби билингвизм тұрғысынан (Д.С. Лихачев, М. Альберт, Л. Облер, Дж. Джонс, Р. Титон және т.б.); билингв жазушылардың шығармаларында филсофиялық аспектілер (С. Ашимбаев, Л. Леонов және т.б.). Зерттеу тақырыбына қатысты энциклопедиялық анықтамалықтардың, салалық сөздіктердің және көп томдық басылымдардың материалдары да қолданылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- Қазақ билингв жазушыларының шығармашылығындағы әлемнің тілдік бейнесін зерттеудің ғылыми-теориялық, практикалық және әдіснамалық негіздері анықталды.

- Әлемдік және отандық контекстегі әлемнің тілдік бейнесіннің егжей-тегжейі ашылды, оның практикалық аспектілері нақтыланды.

- Билингв жазушылардың шығармаларындағы әлемнің тілдік бейнесі алғаш рет монографиялық тұрғыдан зерттелді.

- Қазақ билингв жазушылары шығармаларының тілдік және стилистикалық ерекшеліктері анықталды.

- Қазақ билингв жазушылары шығармаларының философиялық аспектілері зерттелді.

Зерттеудің теориялық мәні: Зерттеу нәтижелерін билингв жазушылардың шығармашылығына және әлемнің тілдік бейнесі мәселесіне арналған ғылыми еңбектерде қолдануға болады. Жұмыс нәтижелері осы мәселені көркем шығармашылықта, пәнаралық негізде әлемнің тілдік бейнесін зерттейтін жеке жобаларда зерттеуге бағытталған лингвистика және әдебиеттану саласындағы заманауи зерттеулерде мәселенің дереккөзі және дәлелді базасы бола алады.

Зерттеудің практикалық мәні әлемнің тілдік бейнесін, билингвизмді және билингв жазушылардың шығармаларын зерттеуге көмектесетін ұсыныстарды, тұжырымдарды, принциптерді, көзқарастарды, диаграммалар мен кестелерді дайындау болып табылады. Зерттеудің негізгі материалдары, теориялық тұжырымдары мен нәтижелері жоғары оқу орындарында, филология факультетінде оқылатын «Әдебиеттанудың өзекті мәселелері» және «Қазақстан халықтарының әдебиеті» курстарында, сонымен қатар оқу құралдарын, монографияларды әзірлеу кезінде пайдаланылуы мүмкін.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдамалар:

- көркем билингвизм Қазақстан әдебиеті мен мәдениетінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады;

- билингв жазушылардың шығармашылығы Қазақстанның мәдени және әдеби үдерісінде ерекше орын алады;

- билингвизмнің әсері Ә. Әлімжановтың, Р. Сейсенбаевтың, Т. Әсемқұловтың дүниеге көзқарасы мен дүниетанымы, идеялық-тақырыптық мазмұны, бейнелі жүйесі мен шығармаларының тілі деңгейінде көрінеді;

- билингв жазушылар әлемінің тілдік бейнесі стилистикалық әдістердің, мәнерлілік құралдарының өзіндік ерекшелігі және өзгешелігімен сипатталады;

- билингв жазушылардың шығармашылығында екі әлемнің тілдік бейнесі, екі мәдени код үйлеседі;

- санасында әлемнің екі түрлі тілдік бейнесі тоғысқан билингв жазушылар Ә. Әлімжанов, Р. Сейсенбаев, Т. Әсемқұлов қазақ тілі мен қазақ мәдениеті бейнелерінің жүйесінде орын алады.

Зерттеу нәтижелерін талқылау және сыннан өтуі:

Зерттеудің негізгі ғылыми нәтижелері мен қорытындылары отандық және шетелдік басылымдарда, сондай-ақ халықаралық ғылыми-теориялық және практикалық конференцияларда, симпозиумдарда баяндама түрінде жарияланды, жалпы 9 ғылыми мақала жарық көрді. Олардың ішінде 1 мақала Scopus базасында индекстелетін басылымда, ҒЖБССҚК ұсынған журналдарда 3 мақала жарияланды.

1. Билингв жазушылардың шығармаларындағы лексикалық семалар // Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2017. – № 1. – 19-22 бб.
2. Artistic discourse in the works of bilingual writers // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2017. – № 4. – 10-14 бб.
3. Picture of the world in the works of bilingual writers // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2018. – № 4. – 39-44 бб.
4. Perception and Social Reality in the Artistic World of Bilingual Writers // Халықаралық қоғам, мәдениет және тіл журналы (Inrenational Journal of Society, Culture and Language). – 2024. – 25 Қыркүйек. – 12 том. – 170-181 бб.
5. Билингв-жазушылардың шығармаларындағы әлемнің тілдік бейнесі // «М. Әуезов және әлем әдебиеті» Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. – Алматы, 2016. – 117-120 бб.
6. Language peculiarities in the works of bilingual writers // XIII халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – София: Бял ГРАД-БГ, 2017. – 3-7 бб.
7. Билингв жазушылардың шығармасындағы ұлттық концепт // «Фараби оқулары» IV халықаралық форумының материалдары. – Алматы, 4-21 сәуір, 2017. – 248 бб.
8. Билингв жазушылар шығармаларындағы көркем дискурсы // «Қызметтің негізгі ғылыми аспектілері» XIV Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Пшемысль: Ғылым және студия, 2018. – 39-46 бб.
9. Билингв жазушылар шығармасындағы мақал-мәтелдер // «Фараби оқулары» V Халықаралық форумының материалдары. – Алматы, 2018. – 246 бб.

Диссертацияның құрылымы. Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.
Қорытындыда зерттеу нәтижелері мен тұжырымдамалары келтірілген.

1 ӘЛЕМНІҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІ ЖӘНЕ БИЛИНГВИЗМ МӘСЕЛЕСІН ЗЕРТТЕУ ТАРИХЫ

1.1 Әлемнің тілдік бейнесінің ұғымы

Ғылым мен техниканың дамуы ғылымның барлық салаларына, соның ішінде филологияның дамуына да өз әсерін тигізуде. Этнолингвистика, когнитивті лингвистика, лингвомәдениеттаным, паралингвистика, прагмалингвистика тәрізді лингвистика салалары тілді жан-жақты, ғылыми тұрғыда зерттеуге мүмкіндік ашты. Қазақ тіл білімі де жаңа бағыттардағы зерттеулермен толығу, даму үстінде. «Әлемнің тілдік бейнесі» теориясы да өз кезегінде тілдік зерттеулерге негіз болып, тілдің дамуына өз үлесін қосуда. Әрбір жекелеген ұлт түсінігінде әлем әртүрлі көрініс табады. Бұл, әсіресе, тілде айқын байқалады. Яғни тілдегі әлем бейнесі адамның әлемді тануының негізі. Бұған Б. Уорф пен Э. Сепирдің көзқарастары тұрғысынан қарасақ, әртүрлі ұлт осы ғаламды өзінше танып, өзінше пайымдайды. Демек, тіл біздің ата-бабаларымыздың «ғалам бейнесін» қалпына келтіруімізге мүмкіндік жасайды, тіл арқылы біз ата-бабаларымыздың «ғалам бейнесін» елестете аламыз. Тілдегі ғалам бейнесі, біріншіден, адамның әлемге көзқарасымен сипатталатын болса, екіншіден, әрбір жеке тілдегі әлем моделіне қоғамдағы ұлттық әлем бейнесіне ұласады. Бұл жеке тілдің өзінше сипатқа ие болуына ықпал етеді. Себебі әр тілдің өзіне ғана тән концептуализациялық әдістері бар. Яғни әрбір жеке тіл ғаламды өзінше бөлшектейді, әрбір концептуальды тілдің негізінде ғалам бейнесі кескінделген. Ал осы концепт ұғымы – «когнитивтік лингвистикадағы негізгі ұғым. Семантикалық бағытта концепт сөзге сәйкес келсе, логикалық бағытта ұғыммен сәйкес келеді. Демек, әлемнің пәк бейнесі (наивная картина мира) когнитивтік модельде айқындалады. Ол өз кезегінде ұжымдық санамен, көзқараспен, ұжымдық философиямен байланысты болады» [1, 17 б.]. Бұл мәселе А.А. Уфимцева, Ю.М. Караулов, В.Н. Телия, Е.С. Кубрякова т.б. ғалымдардың зерттеулеріне негіз болды.

Адамзат баласының санасындағы әлемнің тілдік бейнесі – адам болмысымен, әлеммен, әлемнің концептуалды бейнесімен тығыз сабақтастықта болады. Әлемнің тілдік бейнесі әр алуан әлемді анықтаумен қатар «он сегіз мың әлемнің» жалпы көрінісін тіл арқылы бейнелейді.

Жалпы адамзат баласының танымы мен ұлттық ерекшелігін анықтау үшін белгілі бір концептілерге сүйенеміз. Концепт арқылы қандай да бір жеке тұлғаға, ұлтқа, қоғамға тән құндылықтар сипатталады.

Концепт әлемнің тілдік бейнесінде көрініс табатын тілдік құбылыс. Әлемнің тілдік бейнесіне қатысты зерттеулер қазіргі күні көптеп саналады.

В. фон Гумбольдттың концепциясының негізіне сүйенсек, тіл адамның ішкі құбылыстары мен сыртқы әлем көріністерін көрсетеді. Тілдің танымдық қасиетінен әлемнің алуан түрлі құпиясы ашылады десек, тіл шынтуайтында бүкіл этностың өзіндік болмыс бітімін көрсетеді.

Л.Г. Вайсгербер пен В. фон Гумбольдттың идеяларын одан әрі

жетілдіре отырып, алғаш рет дүниенің тілдік суреті теориясын ұсынған болатын. Ол сөзге сөздік, яғни тілдің рөлін әсірелеп, сөз арқылы дүниені танып білуге болады деген қағиданы ұстанады. Дүниенің тілдік суретінің қалыптасуына таным, мәдениет, тіл, білім ерекше әсер етеді деген ұстанымды Х.Г.Гадаммер, М. Хайдеггер, В.Г. Колшанский, М.И. Чернышева деген секілді ғалымдар басшылыққа алса, В.И. Постовалова жеке және жалпы танымның негізінде құралады деген қағиданы ұстанады.

Әлемнің тілдік бейнесіне тән белгілерге Т.В. Алейникова мыналарды жатқызады: «1. Әлемнің бейнесін жасайтын субъект, 2. Әлем объектісі немесе оның бейнесі әлем субъектісінің шығармашылық белсенділігі арқылы қайта жасалған фрагмент және 3. Әлем объектісінің көрінісін көрсету нысаны» [2, 69 б.] – деп, ғалым әлемнің тілдік бейнесін тану үшін дүниенің тілдік бейнесіне тән белгілерді көрсетсе, Г.В. Колшанский әлем бейнесіне қатысты тұжырымдарды былайша бекіте түседі. «Ойлау – бұл рефлексияның формасы мен тәсілі, яғни адамның санасында объективті әлемді адамның миына тән тәсілдер мен формаларда қайталайтын, бірақ әлемнің рефлексиялық бейнесінің тілін емес, қайталама, идеалды әлемнің қалыптасуы» – деген тұжырым жасайды [3, 23 б.].

Дүниенің тілдегі көрінісі адамның шындыққа негізделген ілімінен орын алатыны сөзсіз. Әлем бейнесі адам танымында қарабайыр формада, поэтикалық үлгіде, концептуалды негізде және тілдік сипатта орын алады. Әлемнің қарабайыр бейнесі адамның қарапайым ойлау формасына негізделсе, концептуалды көрінісі шын ойлаған объектінің адам санасындағы ғылыми бейнесі және сезімнің танымдық қорытындысы. Әлемнің поэтикалық және тілдік бейнесі айнала қоршаған әлемнің қарабайыр және концептуалды формасының тілдегі көрінісі болып табылады. Бұл жөнінде О.Г. Дубровскаяның көзқарасы бойынша, көпшілікке таныс концептуалды әлемнің көрінісі ұқсас болса, керісінше, бір тілде сөйлейтін сол тіл арқылы қарым-қатынас жасайтын адамдарда әртүрлі болуы ықтимал, тірі тілдің құралдарымен бекітілген әлем жайлы барша ақпарат дүниенің тілдік көрінісін құрайтынын, оның негізгі екі қызметі болатындығын, демек олар 1. Әлемнің концептуалды элементтерін көрсету, 2. Әлемнің тілдік көрінісін тілдік құралдармен түсіндіру керектігін айтады [2, 70 б.]. Әлемнің тілдік бейнесі деген ұғымға А. Брутянның көзқарасы бойынша: «әлемнің тілдік бейнесі – табиғи ұлттық тілдер арқылы бекіген ішкі және сыртқы дүние жайлы ақпарат болып есептеледі» [3, 82 б.]. Ал В.Н. Телияның пайымдауынша, «Әлемнің тілдік бейнесінің константтары, өйткені бұл атаулар арқылы концептуалды бейнеге дүние туралы тілді орныққан күнделікті түсініктер енеді» [4, 225 б.] – деген тұжырым жасайды.

Ұлттық мәдениет контексіндегі әлемнің тілдік бейнесін арнайы зерттеген ғалым А. Исламның пікірінше: «Дүниенің тілдік суреті» дегенімізді тілде көрініс тапқан, жалпы ұлт өкілдеріне және ұлттық әлеуметтік мәдени өкілдеріне ортақ ұжымдық ұлттық мәдени тәжірибе негізінде жиналған білім жүйесі деп түсінеміз. Осы тұста дүниенің тілдік суретінің объективті дүние

суретінен айырмашылығы болмайтынын, ол тек белгілі бір ұлттық нақыш беретінін айтып өткіміз келеді» – дегенді [6, 29 б.] айта келе, өз ойын ғалым одан әрі былайша өрбітеді: «Бүгінгі күні антропоцентристік парадигма аясында жүргізіліп жатқан зерттеулерде «дүниенің тілдік суреті» деген ұғыммен қатар «дүниенің суреті» дегенде термин бар. Алайда бұл ұғымдар сырттай ұқсас болғанымен өздеріне тән ерекшеліктері бар екі бөлек терминдер болып табылады. «Дүниенің суреті» дегенге келсек, «дүниенің суреті дегеніміз – концептуалды (логикалық) және тілдік үлгілер формасымен берілетін санамен тікелей байланысты дүние туралы білімдер жиынтығы» [6, 36 б.].

А. Әмірбекова: «Дүниенің бейнесі» деп ақиқат немесе бейақиқат болмыстың санадағы көрінісі деп түсінген дұрыс» дей келе, әлемнің тілдік бейнесіне концептілердің қатысы туралы: «... когнитивтік тіл білімі дүние бейнесін модельдеуге, тілдік сананың құрылысын модельдеуге бағытталады. Дүние туралы түсініктің санада қалыптасуы үш деңгейлі психикалық әрекеттердің өзара қатынасынан туындаған нәтижеге байланысты: біріншісі – сезімдік қабылдау (көру, есту, терімен сезу, иіскеп сезу, дәмін сезу т.б.) деңгейі; екіншісі – түсініктің қалыптасу деңгейі (қарапайым стеротиптер, ассоциациялар, эталондық таңбалар, жеке ситуациялар, қарапайым бейне, санадағы ойсуреттер, абстракция); үшіншісі – ойдың тілдік деңгейі. Санада қалыптасатын бұл операциялар бір дүние туралы ақпараттар жиынтығын тудырады. Осы жиынтық концепт жүйесін құрайды» [7, 10 б.] – деген тұжырым жасайды.

Тілдің танымдық қасиеті мен тілдік символдарға қатысы туралы мәселені жан-жақты қарастыра келіп, тіл табиғатын дәстүрлі емес әдіс-тәсілдер арқылы зерттеген және ол ізденістерінің кейбір тұжырымдары көңілге қонарлық пікір айтқан зерттеуші Ш. Бекмағанбетов: «Тілдік таным негіздері және тілдік символдар» деген еңбегінде дүние мен әлемнің тілдік бейнесі дегенге мынадай ой айтады: «Тілдік символдардың тілдік-дыбыстық, материалдық бейнелерінің негізінде дүние – ғалам, оның құрылымдық жаратылысы мен өмір сүру заңдылықтары туралы адамзаттың негізгі базистік дүниетанымдық ұғымдарының жүйесі тұр. Ал осы адамзаттың базистік дүниетанымдық ұғымдарының негізінде «кеңістік», «жоғарғы әлем», «тәңірі» ұғымдары тұр. Осы ұғымдар, және басқа да негіз ұғымдар («қозғалыс», «бүтін» және «бөлшектер», «ес-ой», т.б.) ым тілі дәуірінің миллиондаған жылдық тәжірибесінде қалыптасып орныққан» [6, 197 б.].

«Тіл-ұлт-қоғам-таным» деген төрттаған ұғымының өзара сабақтастығы жайлы мәселені зерделеуде санада қалыптасқан мәліметтердің көмегімен қоғамға тән материалдық және рухани құндылықтарды сипаттаудың маңызы зор. Олар әлеуметтік тарихи жағдайларға, қоғамдық құрылысқа, адам танымының жетілуіне, ішкі-сыртқы факторлардың әсеріне де қатысты.

«Әлемнің тілдік бейнесі» деген ұғым әрбір ұлтқа, адамзат баласына ортақ. Алайда әрбір жеке ұлттың өзіне тән «әлемнің тілдік бейнесі» деген ұғыммен қатар ортақ жалпы адамзаттық ұғымның да болуы ғажап емес.

Себебі, адам баласы бір негізден (теология ғылымындағы канондардың негізінде) Адам ата мен Хауа анадан тарағандығының өзі дәлел. Бүгінгі күні адам баласы үшін жеке ұлт жоқ, бір ғана ұлт немесе бір ғана халық болуы тиіс деп өздері көтермелеп жүрген «жаһандану идеясының» бір ұшы осында жатуы мүмкін. Мұндай біртұтас дүниетанымды қалыптастыратын факторлардың бірі – кеңістік пен уақытқа байланысты. Адамзат баласының дүниетанымындағы әлемді бағалау, оған деген өзіндік көзқарас ғасырлар бойы қалыптасқан философиялық ойлау мәнері, қоршаған әлемді танып білу процестерінің нәтижесі және ұлттық құндылықтар әлемімен өлшенеді.

Адам баласы дүниедегі бар затты тілдегі сөздермен белгілейді оған атау береді. Ал бейнесі жоқ тосын дүниені немесе затты қабылдау оған атау беру санаға ауыр соғады. Осыдан келіп дүниенің адам санасындағы бейнесі тілдегі бейнелермен сәйкес келеді. Әрбір ұлттың немесе халықтың санасында ғалам бейнесі сыртқы және ішкі факторлардың негізінде әртүрлі болатындықтан, тілдегі ерекшеліктерде сан түрлі болады. Сыртқы факторларға ареалдық аймақ, табиғат жағдайы, әлеуметтік ерекшелік, қоғамдық құрылыс, шаруашылық, діннің ықпалы, саяси тарихи, т.с.с. жағдайлар жатса, ішкі факторларға тілінің генологиялық тегі, типологиялық ерекшелігі, әдет-ғұрып, салт-сана, менталитет, ұлттық дүниетанымды жатқызуға болады.

Әлемнің тілдік бейнесі, тілдік көрінісі дегеніміз тілдің лексикасында, грамматикасында таңбаланған, бекітілген, сақталған тіл иесінің күллі дүние, әлем, ғалам туралы білімдерінің жиынтығы. Сыртқы дүниедегі құбылыстар мен заттар, шындық болмыс адам танымында мәндік өріс, мағыналар жүйесі ретіндегі ішкі образдар түрінде орныгады. Олай болса ғалам, ғалам бейнесі, ғалам көрінісі дегеннің өзі – образдар жүйесі. Әлемнің тілдік бейне көріністері әр тілдің өзіне ғана тән ерекшеліктеріне, әр халықтың дүние – әлемнің түрлі-түсін өзінше мүшелей тануына ол фрагменттерді өзінше бейнелеп атауына байланысты тіл-тілде өзгеше болып өріледі [8, 51 б.].

Әлемнің тілдік бейнесінің концептілердегі көрінісін тілдің лексикалық қабатының негізінде кең көлемде тануға болады. «Әлемнің тілдік бейнесі» концептілердің бойында көрініс табады. Концептке ұлттық тұрғыдан келгенде сөз астарының беретін мағынасына көңіл бөлу керек. Қандай да бір ұлттың ортақ танымымен жеке тұлғасының танымы концептілер бойынан көрінеді. Концептінің беретін түсінігі тек тіл арқылы ғана емес, сонымен бірге тілдік емес құралдар (сезім секілді) негізінде де танылады деген қағидаларда баршылық. А. Исламның пікірінше: «қарапайым дүние бейнесі мен ғылыми дүние бейнесінің шекараларын анықтау мәселесі концепт ұғымының пайда болуына және дамуына ықпал жасады. Бұл термин тіл білімінде логикадан алынған» дегенді айтады [6, 111 б.]. Бүгінгі күні ғылыми айналымда концепт мәселесі лингвистика ғылымында лингвофилософиялық, лингвокогнитивтік, лингвомәдениеттанымдық, этнолингвистикалық аспектіде қарастырылуда.

Қазіргі таңда тіл біліміндегі ең өзекті әрі қызықты сұрақтардың бірі – *адам санасындағы әлемнің бейнесі тіл арқылы қалай қалыптасады?*

Ең әуелі «әлемнің бейнесі» ұғымына тоқталып өтейік. «Әлемнің бейнесі» (картина мира) термині алғаш XIX ғасырда физика саласында қолданылды. Терминнің негізін қалаушы ғалым Г. Герц. Ол сыртқы бейненің ішкі болмысына сай болуын логикалық тұрғыда сол болмыстың әрекетіне қарай анықтауға болатынын дәлелдеу барысында «дүниенің физикалық бейнесі» деген терминді қолданған болатын. Ал қазақ тіл біліміндегі антропоөзекті зерттеулерде «картина мира» терминінің әлі күнге дейін жарыспалы нұсқалары қолданылады: «ғаламның бейнесі», «дүние бейнесі» (Э.Оразалиева, А. Әмірбекова, А.Ислам), «әлемнің бейнесі». Осы зерттеу жұмысында біз «әлемнің бейнесі» және «әлемнің тілдік бейнесі» ұғымдарын (Э.Д. Сүлейменова) пайдалануды жөн көрдік.

Американдық антрополог Роберт Редфильд «әлемнің бейнесі дегеніміз белгілі бір халыққа тән әлемді тану үдерісі» дейді, яғни қоғам мүшелерінің өздері және өз әрекеттері туралы, өз өмірлері мен әлемдегі өз орны туралы ой-толғамдары. Ал философ Макс Фромм, «адамда сана бар және ол қиялдау қабілетіне ие», осы қабілет оны өзіндік сәйкестілігін анықтау қажеттілігімен қоса, әлемде дұрыс бағыт-бағдар ұстануға да итермелейді. Оның санасы дамыған сайын бағыт-бағдар ұстану жүйесі де нақтылана түседі. Байқағанымыздай, әлем бейнесінің қалыптасуы сана мен білімнің дамуына тікелей тәуелді. Қазіргі уақытта «әлемнің бейнесі» ұғымы адамның танымдық қана емес, сонымен бірге барлық өмірлік қызметі көрініс табатын іргелі ғылым қатарына жатқызылады.

Көрнекті неміс философы М. Хайдеггердің ойынша, «әлемнің бейнесі» ұғымының мәні мынада: «Бейне» сөзін естігенде біз ең алдымен бір заттың кескіні туралы ойлаймыз [9, 182 б.]. Мұндай жағдайда әлемнің бейнесі тұтастай алғандағы тіршіліктің кескінін көрсететін айна іспеттес. «Әлемнің бейнесі» тіркесінің мағынасы өте кең. Бұл мағынада біз салынған сурет емес, сөйлеу барысында естігенімізді әлемнің бейнесі деп қабылдаймыз: осы тұрғыда көз алдымызға белгілі бір заттың бейнесін құрамыз... Көз алдымызға бір заттың бейнесін қою дегеніміз ол заттың нені білдіретіндігі, неге қолданылатындығы, бүкіл болмысын ұғыну және әрқашанда ол туралы белгілі бір дәрежеде білу. Бұл әрбір ұлттың, белгілі бір кезеңдегі қоғамның, тіпті әрбір адамның қоршаған ортаны кодтау тәсілінің алуан түрлі болатындығын көрсетеді. Яғни объективті шындықтың әрқашан субъективті образы болады.


Әр ұлт өз тілінде дүние, әлем туралы түсініктерін түрлі тілдік фактілер арқылы кесіп-пішеді, қоршаған әлемнің тілдік әлемі, негізінен алғанда, адамдар санасындағы дүниенің логикалық бейнеленуі жағынан ұқсас болып келеді. Құбылыстар арасындағы ұқсастықтар ұғым категорияларын жасайтын лексемалардың толығуына әсер етеді. Сол ұғым түрлерінің тұтастай алғандағы атаулары тілдің негізін құраса, әлемнің, ондағы құбылыстардың тілдегі бейнесінен ұлт ерекшеліктерін танып білуге болады.

Ол ұлттың ерекшелігін бейнелейтін мәдени-ұлттық коннотациялы тіркестер концептуалды жүйені құрайды. Концептуалды жүйедегі негізгі ұғым бұл – концепт. Себебі, концептінің құрылымында белгілі бір ұлтқа тән, тіл арқылы вербалданатын білім мен таным, менталды ақпараттық қор бар.

Әлемнің бейнесін қалыптастыруда адамның барлық психикалық әрекеттері қатысады: сезіну, қабылдау, түйсіну, түсіну және ойлау, өзінше ұғыну т.б. Әлемнің бейнесі дүниені танудың алғышарты болып табылады. Әрбір әлеуметтік жүйеде, әрбір қоғамның, өркениеттің даму барысында әлемнің өзіндік ерекшеліктері анықталып отырады. Олар негізгі концептуалдық және сезімдік қабылдаулар негізінде адам танып түсінген деңгейі дәрежесінде болады. Қоғам дамып, дүниенің қасиеттері одан әрі таныла бастаған сайын әлемнің бейнесінің мазмұны да өзгеріп отырады. Демек ақиқат дүниенің бейнесі – өзгермелі құбылыс. Ал адам санасында қалыптасатын ақиқат дүниенің бейнесі арқылы тілдік қорды, тілдің ішкі мағыналық формасындағы өзгерістерді зерттеуге мүмкіндік жасалады.

Сигнификат (лат. signifiko – белгі беремін, сигнал беремін) – бұл атаудың немесе белгінің ұғымдық мазмұны. Сигнификатта белгіленген зат туралы сипаттама ақпарат болады. Сонымен, адам әлемді тану барысында өзінің мәдениеті мен тілінде қабылданған сигнификатор-белгілерді басшылыққа алады.

Таным – үдеріс. Ал оның нәтижесі – білім. Адам заттар, құбылыстар жайлы ақпарат алу үшін, әлем туралы білім жинау үшін таным үдерісіне жүгінеді (сурет – 1). Осы жайында тілші-ғалым Э.Н. Оразалиева төмендегідей сызба түрінде көрсетеді [10, 152 б.]:



Сурет – 1. Адамның танымдық әрекетінің құрамы

Ал танымның нәтижесі білім:

– Білім – идеалды бейне, зат немесе шындық туралы көрініс;

– Білім – әлеуметтік жадының күрделі жүйесі;

– Білім мәдениетті қалыптастырады – ол ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырады;

– Мәдениет ойлау стиліне әсер етеді.

Осылайша, әлем бейнесінің қалыптасу негізінде адамның танымдық қызметі мен оның нәтижесінің тілде көрініс табуы жатыр.

Сонымен адам әлемді сурет/бейне ретінде қабылдайды:

– Әлемнің бейнесі – әлемді түсіну логикасына сәйкес әлемді «көре білу» және жүйелеу;

– Әлемнің бейнесі адамның «әлеммен байланысы» барысында туындайды;

– Әлемнің бейнесі – бұл ешқашан әлемнің айна қатесіз көрінісі болып табылмайтын жаһандық бейне;

– Әлемнің бейнесі – белгілі бір халыққа тән әлемді тану үдерісі.

Біздің санамыздағы әлемнің бейнесі қандай функцияларды орындайды деген сұраққа төмендегідей сызба түрінде жауап беруге болады:



Әлемнің бейнесі – бұл әлемді түсіну логикасына сәйкес «әлемді көру» және алынған көрініске сай жүйелеу, алайда «бұл ешқашан әлемнің айна қатесіз көрінісі болып табылмайтын бейне» [11, 126 б.]. Мәселен, үй мен үйдің суреті – екеуі тең болмағанымен, екеуінің де негізі бір нысан. Алайда бір ғана үйдің суретін әртүрлі қылып салуға, әр қырынан көруге болады.

Бізді (қазақ, орыс, қытай, француз, испан, фин) ортақ әлем қоршап тұр, төбемізде бір аспан, барлығымызға бір күн ғана сәуле шашады. Адам қай жерде тұрса да, жақсы көреді, қуанады, уайымдайды, қорқады, үміттенеді. Демек, *біз барлығымыз бірдей көріп, бірдей сеземіз бе?* Жауабын табу үшін мынадай сұрақ қойып көруге болады: су деген не?

Су – бұл сұйықтық.

Су – түссіз сұйықтық.

Су – тіршілік көзі.

Су – бұл өзен, көлдер және т.т.

Егер бұл әңгімеге физиктер қосылатын болса, онда біз судың физикалық қасиеттері жайлы еститін едік. Себебі біздің мамандығымыз да ойлау ерекшелігіне әсер етеді. Сонымен су барлығымызға ортақ бір зат, бірақ

әрқайсысымыз түрліше сипаттаймыз. Тиісінше, су мен су туралы түсінік бір емес. Демек, біз санамызда әлемнің өзіндік бейнесін жасаймыз.

Жекелеген адамдар көптеген ұқсастықтары болса да бір-біріне ұқсамайтыны секілді жекелеген ұлттар да ортақ тұстары бола тұра бір-бірінен соншалықты алшақ. Барлығына ортақ ұқсастықтар универсалийлер деп аталады. Ал егер универсалийлер болса, онда оппозициялар заңы бойынша қайталанбас ерекшелік те болуы тиіс. Түрлі халықтар да әртүрлі адамдар сияқты айрықшаланады, әрбір адамда әлем туралы өз түсінігі болатындығы сияқты жеке халықтың да әлем туралы өзіндік көзқарасы, пікірі болады. Тіл әлем қалай құралғандығы туралы барлық сөйлеушілердің жалпы көзқарасын көрсетеді. Тіл – әлем мен адам арасында тұрған айна іспетті.

Қазіргі лингвистикада әрбір тіл тілде көрініс табатын әлемнің өзіндік бейнесін көрсететіндігі жайлы көзқарас мақұлданған. Әрбір халықтың тіліндегі сөздерден әлемнің қалай қабылданғандығы мен түсінілгендігі көрініс табады. Мәселен, халықтар мен мәдениеттер уақытты, түсті түрліше қабылдайды және интерпретациялайды (эскимостарда бір ғана қар түсінің сексен түрлі атауы болса, кейбір солтүстік халықтарда қар – әлемнің базалық ұғымдарының бірі. Сондықтан тілде «жерде жатқан қар», «жауып тұрған қар», «үй салуға болатын қардың» жеке-жеке атаулары бар. Ал біз үшін қардың мұндай деталды белгілері аса маңызды емес, тіпті африка халықтарында қар деген сөз мүлде жоқ. Тағы бір мысал, мұсылман қауымының күнді бөліктерге бөлуі намаз уақытымен есептелсе, алты ай поляр түні болатын өңірлерде уақытты күн мен түн деп қана жіктейді екен. Көшпенділер жылды маусымға бөлерде өздерінің көшіп-қону мезгілін негізге алса, үнді халқы толассыз жаңбырлардың басталуы мен аяқталуын негізге алады екен. Яғни біріншісінде жылдың маусымға бөлінуі шаруашылықпен тығыз байланысты болса, екіншісінде географиялық-климаттық ерекшелікке тәуелді).

Шындық, бізді қоршаған ақиқат дүние тілге, ең әуелі оның семантикасына «енеді». Сондықтан әлемнің тілдік бейнесі шындықтан айтарлықтай ерекшеленеді. Бұл біріншіден, адам ағзасының спецификалық ерекшеліктерімен байланысты (мысалы, адам жарық пен түсті ғана көре алады және ол әлемнің тілдік бейнесінде орын алған, бірақ адам рентген сәулелерін көре алмағандықтан ол ескерілмейді). Екіншіден, әлемнің тілдік бейнесі әрбір тілдің негізінде жатқан нақты мәдениеттердің спецификасына қарай шындық әлемнен ерекшеленеді. Мысалы: орыс тіліндегі *«берег»* реки, моря, озера – өзеннің, көлдің, теңіздің жағасы мен ағылшын тіліндегі *bank* – өзеннің жағасы, ал *shore* – теңіздің немесе үлкен көлдің жағасы. Немесе қазақ тілінде жылқы түсінің сексенге жуық атауы бар, ал өзге халықтарда онға жетіп жығылады. Тілде сөйлеушілердің өз ойын белгілі бір жолмен жеткізудегі «жасырын» ұжымдық келісімі жүзеге асырылады [12, 194 б.]. Сонымен түрлі халықтардағы әлемнің тілдік бейнесі бірдей жағдаяттарды түрліше категориялауы мүмкін. Дүниенің санада бейнелену жолдарын тілші-

ғалым, когнитолог А. Әмірбекова мынадай кесте түрінде көрсетеді (1-кесте) [7, 78 б.]:

1-кесте. – Ақиқат дүниені ұғыну

Санадағы ақпараттар репрезентациясы		**Бейнелі репрезентация**		**Лексикалық репрезентация**
1		2		3
Нысанның қарапайым бейнесі (жадыдағы ақпараттардың жинақталуы, денотаттық, коннотаттық көрінісі)	→	Концептілік бейнесі (категориялану, концептілену, когнитивтік модель қалыптастыру)	→	Нысанның тілдік бейнесі (метафора, фразеологизм т.б.)

Репрезентация – алғашқы түсініктен бастап, дамыған бай концептілік жүйедегі түсінікке дейінгі санадағы білімнің көрінісі [7, 19 б.]. Демек когнитивтік тіл білімі – ақиқат дүние туралы санада қалыптасқан білімді репрезентациялау әдісін, заңдылығын, теориясын зерттейтін ғылым. Әлем туралы түсініктің санада қалыптасуы үш деңгейлі психикалық әрекеттердің өзара қатынасынан туындаған нәтижеге байланысты: біріншісі – сезімдік қабылдау (көру, есту, терімен сезу, иісін сезу, дәмін сезу, т.б.) деңгейі; екіншісінің – түсініктің қалыптасу деңгейі (қарапайым стереотиптер, ассоциациялар, эталондық таңбалар, жеке ситуациялар, қарапайым бейне, санадағы ойсуреттер, абстракция); үшіншісі – ойдың тілдік деңгейі. Санада қалыптасатын бұл операциялар бір дүние туралы ақпараттар жиынтығын тудырады. Осы жиынтық концепт жүйесін құрайды.

Бұдан шығатын қорытындылар:

– әр халық бізді қоршаған шындық әлемді «өзінше» көріп бағамдайды және бұл дерек тілден көрініс табады;

– түрлі тілдердің иеленушілері қоршаған ортаны жеке атауларға ие болатын түрлі бөлшектерге (фрагменттерге) бөледі;

– кейбір заттар мен құбылыстар атауларының басқа тілдерде дәлме-дәл баламасы бола бермейді;

– әлемді қабылдаудағы айырмашылықтар тілде лексика деңгейінде ғана емес, грамматикада да (етістіктің шақтары), сөзжасамда да (орыс тілінде кішірейту суффикстерінің көпшілігі, қазақ тілінде сөздердің көпмағыналылығы мен сөз тудырушы жұрнақтардың әркелкілігі), фразеологиялық қор мен морфологияда көрініс табады. Алайда тілдің лексикасы, тура және ауыспалы мағынадағы сөз семантикасы халықтың әлемді тану тәжірибесі жинақталатын қойма іспетті.

Енді жоғарыда санамаланғандарды қорытындылап көрейік. *«Әлемнің бейнесі» және «әлемнің тілдік бейнесі» ұғымдарының арасында айырмашылықтар бар.*

Әлемнің бейнесі кеңістік, уақыт, сана, этика және т.б. өлшемдер арқылы айқындала келе, тіл, дәстүр, табиғат, ландшафт, білім секілді әлеуметтік факторлардың әсерімен қалыптасады. Ал әлемнің тілдік бейнесі сол әлем моделін қалыптастыратын, өзге танымдық процестердің жүзеге асуын қамтамасыз ететін маңызды ұғымдардың бірі, өйткені адам өзін де, өзгені де әрі қоршаған әлемді де, ең алдымен тіл арқылы танып біледі, оның барлық қоғамдық-тарихи тәжірибесі де тілдің негізінде санада бекітіліп, жалпыадамзаттық, ұлттық сипаттарға ие болады. Ю.Д. Апресян әлемнің тілдік бейнесінің алғашқы қарапайым ғылымның қалыптасуына дейінгі сипатын анықтай отырып, бастапқы дүниеге келген образдар шынайы болмыс туралы объективті ілімдерді кейде толықтыруы, кейде қате пайымдауларға әкелуі мүмкін деп есептейді [13, 42 б.]. Әлемнің бейнесі тез алмасып, қайта түзетіліп, өзгертілетін процестерге жатса, тілдік бейненің қайта пайымдалуы біраз уақытты қажет етеді, себебі сөз мағынасының қалыптасуы, өзгеруі, сөздік құрамның толығуы тек тілдік қана емес, қоғамдық өзгерістердің нәтижесінде жүзеге асады. Осыдан келіп архаизм, историзм, неологизмдер туындайды, ал тілдің семантикалық жүйесі аталған бірліктердің ауысып отыруына, жаңа өзектелген модельдердің пайда болуына қатысты талданып дамиды, сол себепті ғалым Э.Д. Сүлейменова әлемнің тілдік бейнесін екі түрлі негізде түсіндіруге болады деп есептейді: біріншіден, белгілі бір ұлттық тілге қатыссыз, яғни тіларалық өзгешеліктерге тәуелсіз айқындалатын ұғым ретінде; екіншіден, керісінше, тілдік ерекшеліктерге, ең әуелі лексикалық номинация жүйесіндегі өзіндік белгілерге бағытталған әрі ұлттық тілдің негізінде қалыптасатын ұғым есебінде [14, 90 б.]. Әр сөздің астарында қоғамдық қатынастар, ұлттық ерекшеліктер, мәдени нормалар, танымдық әрекеттер жататындықтан, «әлемнің тілдік бейнесі» жоқтан жинақталған ұғым ретінде емес, белгілі бір ұлттық қауымдастықтың қоғамдық-тарихи тәжірибесі көрініс тапқан, объективті шындыққа өзіндік реңк, бояу беретін мәселелерден құралады.

– Тілдік бейне – «әлемнің тілдік айнасы». Тіл деректері – бұл ойды жеткізу коды мен әдісі ғана емес, Гумбольдтың образды айтуы бойынша «халық рухының көрінісі».

– Әлемнің бейнесі – «адам психикасындағы бізді қоршаған заттық шындықтың көрінісі [15, 28 б.].

– «Шындық әлем мен тіл арасындағы қатынасты келесідей түрде көрсетуге болады: шындық әлем, тіл, зат, құбылыс, сөз. Алайда тіл мен әлемнің арасында адам, тіл иеленушісі тұр».

– **«Әлемнің тілдік бейнесі** дегеніміз қоршаған орта туралы ақпарат бере алатын таңбалардың жүйелі, реттелінген әлеуметтік моделі» [16, 59 б.].

Мәдениет тудыратын әлемнің жалпы бейнесі түрлі таңбалық жүйелерде материалданады, олардың ішінде барынша әмбебап тіл болып табылады. Сондықтан тіл шын мәнінде – адам тәжіриебесінің «құрылымдық тұрғыдан ұйымдасқан» жіктемесі [17, 34 б.].

Тілдің қойнауында әлемнің тілдік бейнесі қалыптасады. Танымал лингвист Елена Викторовна Падучева атап өткендей, «Табиғи тілде «әлемді шынайы күйінде» сипаттауға болмайды: тіл өз иеленушілеріне о баста белгілі бір әлем бейнесін ұсынады, бұдан бөлек әр тіл – әлемнің өзіндік дербес бейнесін қалыптастырады.

Кез келген табиғи тіл шындықтың қарапайым жіктемесін көрсетеді, ол нақты бір ұлттық тілді иеленушілердің ұжымдық тілдік санасында өмір сүреді. Тіпті мүлде дамымаған, «ғылым тілі» жоқ тілдердің өзі «бейне жасаушы» функция атқара алады. Осы тілдердің материалы негізінде жасалған әлем моделі басқа тілдермен салыстырғанда тым қарапайым болуы мүмкін, бірақ ол сол тілді иеленушілердің тілдік санасында толық көрініс табады.

Табиғи тілдің көмегімен танымдық қызметтің үдерісі кезінде адам жасайтын әлемнің басқа да бейнелері көрініс табады. Себебі адам әлемді өз тілінің лексикалық жүйесі арқылы таниды. Осылай әлемнің *ғылыми, философиялық, діни* және өзге де бейнелері жасалып, көрініс табады. Олардың әрқайсысы әлемді тек жекелеген спецификалық аспектілерде ғана қамтиды. Бұдан шығатын қорытынды: «жекелеген индивидтер жинаған тәжірибелік білім тілдің көмегімен ұжымдық игілікке, ұжымдық тәжірибеге айналады» [18, 48 б.].

Әлемнің тілдік бейнесі қабылданған әлемнің ғылыми көрінісі емес. Тілде этностың ұжымдық санасы, соның ішінде ғылымға дейінгі таным-түсінігі де жинақталады. «Уақыт» ұғымына қатысты мысалдар келтіріп көрейік.

Жаратылыстану ғылымдарының ұстанымы бойынша уақыт санадан тыс өмір сүреді, тиісінше оған тәуелді емес. Бірақ адам уақыт туралы айтқан кезде ғылыми емес, қарапайым түсініктерге жүгінеді. Уақыт – бастапқы болмыс, ұғым ретінде оның өзіндік тарихы бар. Уақыт ұғымы адам танымының дамуы барысында қалыптасады. Надежда Дмитриевна Арутюнова, «Адамда уақытты қабылдауға арналған «мамандандырылған» орган жоқ, бірақ адамда уақыт сезіну қабілеті бар» дейді [17, 52 б.]. Адамдағы уақытты сезіну түйсігі оның санасы ассиметрия, себептілік сияқты басқа да абстракциялар мен категориялар арқылы сапалы ойлауды үйренгенге дейін пайда болған. Барлық мәдениеттерге ортақ кейбір әмбебап белгілерді бөліп көрсетуге болады, ғалымдардың көпшілігінің пікіріне сәйкес олардың негізінде барлығына ортақ сана архетипі жатыр. Бұл немен байланысты? Уақыт туралы түсініктердің дамуы табиғат циклдерін тіркей білу және салыстыра білу дағдыларымен байланысты: «Күн шығады/таң атады және күн батады/ кеш батады...». Уақыттың ежелгі моделі ретінде «циклдық» уақытты есептеу қабылданған. Мұнда уақыттың әмбебап

құндылығы көрініс табады. Бұл модель архаикалық, космологиялық, мифологиялық санадан бастау алады. Мұндай модельдің негізінде құбылыстардың айнымалылық, қайталанушылық образы жатыр. Ол тек еуропалық мәдениетке ғана тән емес. Мәселен Ежелгі Қытайда уақыт үлкен организм ретінде түсінілген. Уақыттағы өзгерістердің өзі циклдылық сипатқа ие. Майя цивилизациясында уақыт шеңбер бойынша қозғалып отырған, оны ежелгі ескерткіштердегі суреттер дәлелдейді. Ежелгі Месопотамия мәдениеті мұра ретінде Зодиак жұлдызының он екі символын ғана емес, сонымен қатар сағаттың алпыс минутқа, ал минуттың алпыс секундқа бөлінуін, жеті күндік аптаны да қалдырды. Бұлардың негізінде де уақыттың шеңбер бойынша айналу идеясы жатыр. Тілдік деңгейде де уақыттың шеңберлік қозғалысы көрініс тапқан, мысалы, орыс тілінде: *давным-давно круглый год, во веки веков*. Бұдан бөлек «сызықтық уақыт» моделі де қарастырылады. Мысалы, қазақ тілінде *«ерте-ерте ертеде, ешкі жүні бөртеде...»* тіркесі уақыттың белгілі бір кезеңнен бері басталғандығын білдіреді. Сызықтық уақыт санамен шектелген, сызыққа келтірілген шеңбер ретінде түсіндірілуі мүмкін. Сәйкесінше, оның «бастауы» мен «соңы» болады. Мәселен *күні бойы, таңертеңнен кешке дейін, таң атысы кеш батысы* т.т. Уақыттың бөліктері, ұзындығы, сызығы пайда болады – *таң, сәске түс, ымырт, елең-алаң, кешқұрым, ақшам жамырағанда* т.т.

Әлемнің тілдік бейнесі адам мен шындық әлем арасында «делдал» бола отырып, әлемнің ұлттық-спецификалық көрінісін қалыптастырады. Ғылыми білім – объективті және ұлттықтан тыс. Әлемнің ғылыми бейнесі – бұл адамның кәсіби танымдық қызметінің жемісі. Мұнда барлық адамзаттың ғылыми қызметінің нәтижесі көрініс табады; бұл бейне ғылыми ойдың дамуының белгілі бір кезеңінде өзекті әлем туралы объективті білім көрінісі. Әлемнің тілдік бейнесі тұрмыстық санадан туындайды. Зерттеушілер мұндай бейнені қарапайым деп атайды. Бұл жүйелердің жарыспалылығы белгілі бір деңгейде шартты, себебі олар өзара тығыз байланысты. Мысалы, тілге еніп кеткен «уақыт» фрагментіндегі әлемнің ғылыми бейнесінің элементі – фаза немесе кезең сөздері. Тиісінше әлемнің тілдік бейнесі білімнің менталды ұйымдасуындағы түрлі жүйелердің элементін өзіне жинақтайды, яғни адам қалыптастыратын әлемнің әртүрлі бейнелері.

Тілдік семантика құралдарымен кодталған әлем бейнесінің жекелеген фрагменттері уақыт өте келе белгілі бір деңгейде көнеруі, ескіруі мүмкін. Адам үнемі әлемді тану, меңгеру үстінде, осылайша әлемнің тілдік бейнесінде жаңа ареалдар пайда бола бастайды: электронды ақшалар, компьютер, кредит, мониторинг, сұйық кристалды теледидар, смартфон т.т.

Әлемнің тілдік бейнесінде құндылық критерийі де көрініс табады, тілдегі деректер бойынша әмбебап жалпыадамзаттық құндылықтар мен ұлттық, мәдени кодтармен ерекшеленген құндылықтардың қалай көрініс табатындығын анықтауға болады. Мысалы, қазақ тіліндегі *жақсы жатып, жайлы тұр*, ағылшын тілінде *good night* – орыс тілінде *доброй ночи* немесе *спокойной ночи* тіркестерін еске түсіреді, барлығына ортақ ұғым: тыныштық

пен жайлылық. Осылайша біз мәдениеттегі құндылық көрсеткішінің әлемнің тілдік бейнесінің бірліктері арқылы қайта құрыла алатындығын көріп отырмыз. Бұл үдеріс тілдегі тұрақты тіркестердің мазмұнында болатын бағалау, моралдық ой-толғамдарды қалпына келтіру жолымен жүзеге асырылады.

Әлемнің тілдік бейнесі тарихи оқиғалар, географиялық алғышарттар мен жекелеген халықтардың этнопсихологиялық ерекшеліктерінің әсерінен қалыптасатындықтан, әрдайым ұлттық-мәдени спецификамен сипатталады. Осы негіздеме бойынша заманауи ғылымда тіл этностың жетекші белгілерінің бірі ретінде анықталады. Алайда ұлттық-мәдени ерекшелік әлемді қабылдаудағы жалпыадамзаттық негіздерге сүйене отырып анықталады: тілдегі деректерді талдау арқылы әлемнің жаһандық бейнесіне жол ашылады, онда бірыңғай жалпыадамзаттық мәдениетаралық кеңістіктің әмбебап, басты ұғымдары көрініс тапқан.

Тіл шындықты екі түрлі жолмен сипаттайды:

шындық әлемнен → ойлауға қарай
ойлаудан → тілге қарай

Адам үшін ақиқат дүние біреу болса, оны түсіну, тану, сол дүниенің біртұтас бейнесін санада қалыптастыру әрекеттері әр адамзатта, әр ұлтта түрлі деңгейде сан алуан интерпретацияда беріледі. Сондықтан тіл иесінің ой-өрісіне, концептуалдық әлеміне байланысты дүниенің танымдық бөлшектері тілде өзінше көрініс табады, өзінше бейнеленіп суреттеледі, ал тіл иесі танымдық ойын өз тілінде сақталған дүние бейнесіне сәйкес танытуға тырысады. Тілдегі ұлттың мәдени көрінісін анықтауда тиімді тәсілдердің бірі типологиясы әртүрлі тілдердегі (қазақ, орыс, ағылшын) дүниенің ақиқат бейнесін бейнелеудегі ұқсастықтар мен ерекшеліктерді айқындау болып табылады.

«Әлем бейнесі» немесе «әлем моделі» термині лингвистикалық ғылыми айналымға XX ғасырдың 60-жылдарынан ене бастады. «Әлем бейнесі» терминін алғаш рет ғалымдар «дүниенің физикалық бейнесін жасауда адам дүние құбылыстары жөнінде өзінің ішкі образдарын қалыптастырады» деген тұжырымға сәйкес қарастырған. Адам санасында сәулеленетін дүние моделі объективті әлемнің екіншілік көрінісі болып табылады. Ол туралы Г.В. Колшанский: «Адам санасында сәулеленетін дүние бейнесі ерекше бір материалдық формада жүзеге асқан және бекіген объективті әлемнің екіншілік көрінісі болып табылады. Мұндағы материалдық форма – индивидуалды адам санасын әлемнің жекелеген «монадтары» (грек. monas – бірлік, тұтастық, бірыңғайластық) түрінде объектендіру қызметін атқаратын тіл. Демек «адам және әлем» арақатынасының өзара әрекеттесуінің, өзара әсер-ықпалының нәтижесінде күллі адамзат баласына тән және «тіл-ойлау» формасында адам санасында орныгатын дүние бейнесі қалыптасады» дейді [3, 15 б.].

Басқаша айтқанда, дүние моделі – адам психикасындағы белгілі бір когнитивтік схемаларға лайық заттық мағыналармен белгіленген және саналы рефлексияға есептелген заттық әлем кескіні. М. Хайдеггер «әлем суреті», «әлем бейнесі» сияқты түсініктердің беретін мазмұнын былайша пайымдайды: «Сурет» сөзінде біз, ең алдымен, бір нәрсені бейнелеу туралы ойлаймыз, әлемнің суреті, мәні жағынан түсінікті, әлемді бейнелейтін суретті емес, сурет ретінде түсінетін әлемді білдіреді... Әлемнің суреті туралы сөз болғанда, тұтастай алғанда толығымен түбегейлі шешім қабылданады» [9, 178 б.]. «Әлем бейнесі – адамның дүние-әлемді көруінің, тануының түп негізінде жататын, әлемнің өзіндік ерекшеліктерін, өзіне ғана тән болмысын түсініктер түрінде репрезентациялайтын және адамның барлық рухани іс-әрекетінің нәтижесі саналатын әлемнің кең ауқымды бейнесі. Әлем бейнесі ақиқат шындық болмыстың субъективті образы ретінде реалды шындықты тек түсіндіреді [18, 123 б.]. Сондықтан ол ешқашан ақиқат шындықтағы құбылыстардың дәл өзін, сол қалпында көрсете алмайды» деп әлем бейнесіне анықтама бере келіп, Г.В. Колшанский дүние суретін іштей былайша жіктейді:

1. Әлемнің тілдік бейнесі – ойлау, ақиқат шындық және әлем туралы ойды білдірудің құралы ретіндегі тіл үшеуінің өзара қарым-қатынасының, өзара байланысының, ықпал-әсерінің нәтижесі, адам санасының жемісі;

2. Концептуалдық дүние суреті тілдік дүние суретіне қарағанда әлдеқайда ауқымды ұғым. Оның жасалуына бейвербалды амалдардан бастап ойлаудың сан қилы типтері қатысады. Ұлттық тілдегі аталым құралдары мен амал-тәсілдер әлемнің тілдік бейнесінің құрамдас бөлігі – номинативтік дүние суретін бейнелейді [3, 122 б.].

С.Т. Тер-Минасова адамды қоршаған әлем жайлы түсініктердің *реалдық әлем бейнесі*, *мәдени (немесе ұғымдық) әлем бейнесі*, *тілдік әлем бейнесі* деген үш формасын ерекше атайды:

1. Шынайы әлем бейнесі – адамзат баласынан тыс жатқан, адамды қоршаған әлем, объективті шындық;

2. Мәдени әлем бейнесі – ұжымдық және индивидуалдық санада екшелген түсініктер мен ұғымдар «призмасы» арқылы шынайы әлем бейнесінің көрініс беруі;

3. Тілдік әлем бейнесі мәдени дүние бейнесі арқылы шындықты бейнелейді.

«Тіл мен мәдениетті өзара тығыз байланыстағы біртұтас құбылыс», «тіл-мәдениеттің құрамдас бөлігі, дәл сол сияқты мәдениет те тілдің құрамдас бөлігі» десек, дүниенің тілдік және мәдени бейнелері өзара үздіксіз қарым-қатынаста, үзіліссіз ықпал-әсерде болады. Мәдениет – адам санасында түсініктер түрінде сәулеленетін әлем бейнесі, яғни адамның физикалық тәжірибесі мен рухани іс-әрекетінің нәтижесінде пайда болатын дүниеге көзқарасы, дүниетанымы. Ал тіл сол дүниетанымды, дүниеге көзқарасты бекітуші, сақтаушы, ұрпақтан – ұрпаққа жеткізуші әлеуметтік-мәдени

феномен. Олай болса дүниенің тілдік және мәдени бейнелері, түптеп келгенде, шынайы дүние бейнесіне барып саяды [19, 41 б.].

Г.А. Брутян, Р.И. Павиленис, Ю.Н. Караулов т.б. зерттеушілер «әлем бейнесі» деген терминнің орнына «әлем моделі» деген терминді қолданады. Ю.Н. Караулов әлем моделін:

1) концептуалдық әлем моделі;

2) тілдік әлем моделі деп екіге бөліп қарастырады.

Әлемнің концептуалдық моделі – ой-санада көрініс тапқан адамның әлем жайлы білімі ғана емес, сонымен қатар жөнделген, өңделген түрде ақиқат болмыстың рационалды (логикалық) моделіне енетін сезімдік танымның қорытындысы. Рационалды (логикалық) танымды танытушы құрал ретіндегі тілдің көмегімен адамның сыртқы және ішкі әлем туралы білімі бекиді дей келіп, «әлемнің тілдік моделі» мен «әлемнің концептуалдық моделі» арасындағы айырмашылық пен ұқсастық жайлы Ю.Н. Караулов былай дейді: «Концептуалдық әлем бейнесінің негізгі өзегін ұғымдар түрінде берілген ақпараттар құрайтын болса, әлемнің тілдік бейнесі – белгілі бір тілдегі сөздер мен сөз тіркестерінде бекітілген білім. Сөздер арқылы алынған ақпараттарды ұғымдар арқылы алынған ақпараттармен қатар қойып, салғастырсақ, бұл екеуі көп жағдайда негізінен бір-бірімен сәйкес түсіп жататыны байқалады. Әйтсе де бұл сәйкестік «бірдей» деген сөз емес. Тілдік модельдің негізгі мазмұны арқылы ұғымдық модельдің мазмұны беріледі, бірақ тек сөздік (тілдік) сипатта болып келетін, ұғымдық модельдің шеңберіне енбейтін перифериялық бөлімдер де болады. Олар дүние, әлем туралы қосымша, толықтырушы ақпарат арқалайды» [20, 109 б.].

Әлемнің тілдік бейнесі өз кезегінде объективті түрде әлемнің концептуалдық бейнесінің көрінісін береді. Екі бейне бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста екені сөзсіз, өйткені дүниенің концептуалдық бейнесімен байланысуы арқылы тіл қатынас құралы қызметін атқара алады. Басқаша айтқанда, тіл иесінің санасындағы дүние бейнесі тілдің кумулятивтік қызметінің нәтижесінде дүниенің тілдік бейнесіне ұштасады. Ендігі кезекте тіл тек қарым-қатынас құралы емес, адам болмысын, табиғатын танытатын сан қырлы процестерде шешуші рөл атқарушы, жинақталған білімді сақтаушы және кәдеге жаратушы ретінде алға шығады [20, 150 б.].

Орыс ғалымы Ю.Н. Караулов тілдік әлем бейнесі мен концептуалдық әлем бейнесінің ара шегін нақты дәл белгілеу мүмкін еместігі жайлы былай дейді: «границы между языковой моделью мира и концептуальной моделью мира кажутся зыбкими, неопределенными» [20, 38 б.]. Сондай-ақ, ол әлемнің тілдік моделінде – сөздің мағыналық өрісі, әлемнің концептуалдық моделінде сана константы негізгі рөл атқаратынын атап көрсетеді [21, 132 б.]. Ал М. Планк тіл мен концептуалдық әлем моделі арасындағы байланыс тілдік бірліктердің мағынасына тәуелді болатынын: «тіл өзінің мағыналар жүйесі және олардың ассоциациялары арқылы әлемнің концептуалды моделіне ұлттық-мәдени реңк дарытады» деп атап көрсетеді [22, 135 б.].

Халықтың дүниеге деген көзқарасы жеке және қоғамдық сана негізінде қалыптасады. Әлемнің концептуалдық бейнесі әрбір адам санасында әртүрлі дәрежеде орын алып, тілінде түрліше көрініс табады. Оны анықтаушы мәліметтер ретінде адамның білімін, жас ерекшелігін, өмірлік тәжірибесін, әлеуметтік жағдайын, өмірге деген психикалық көзқарасын, өмір сүрген дәуірін және т.б. атауға болады. Этнос мүшелерінің әлемге немесе дүниеге деген өзіндік концептуалдық және логика-философиялық көзқарасының болуы табиғи құбылыс.

Ақиқат дүние бейнесі мен әлемнің тілдік бейнесі арасында күрделі байланыстар мен айырмашылықтар бар. Кеңістік, уақыт, өлшем параметрлері көмегімен бейнеленетін әлем моделінің (әлем бейнесінің, әлем суретінің) қалыптасуына тіл, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, тұрмыс-тіршілік ерекшеліктері, тәрбие, білім алу, табиғат және ландшафт т.б. факторлар әсер етеді. М. Планк әлемнің бейнесін екіге бөліп қарастырады:

1. Әлемнің практикалық бейнесі – адамның қоршаған орта туралы өз тәжірибесі арқылы жинаған білімі, әлемге деген өзіндік көзқарасы;

2. Әлемнің ғылыми бейнесі – өмірдің шынайы, яғни реалды бейнесі. Ол жалпы адамзаттың немесе жеке тұлғалардың ойлауынан тәуелсіз болады [22, 48 б.]. Әлемнің тілдік бейнесі әлемнің ғылыми бейнелерімен (физикалық, химиялық т.б.) қатар тұрмайды, керісінше, оларға дейінгі және оларды қалыптастыруға ықпал етуші болып саналады. Осы ретте «әлемнің тілдік бейнесі шынайы өмірдің объективті мазмұнын толықтыра отырып, көп жағдайда оны тіпті бұрмалауы мүмкін», сондықтан да ол көбінесе ақиқат дүниенің қарабайыр бейнесі болып саналады [21, 12 б.].

Ежелгі әлем бейнесін мәтін семантикасына қатысты зерттеген орыс ғалымдары В.В. Иванов, В.Н. Топоров: «Модель мира может реализоваться в различных формах человеческого поведения и в результатах этого поведения (например, в языковых текстах, социальных институтах, памятниках материальной культуры и т.д.); в дальнейшем всякая реализация называется текстом», – деп атап көрсетеді [23, 7 б.]. Ортағасыр славян мәдениетін әлем моделі контексінде зерттеген В.Н. Топоров: «Модель мира, как «сетка координат», при посредстве которых люди воспринимают действительность и строят образ мира, существующий в их сознании», – дейді [23, 17 б.].

Әлемді, ақиқат болмысты танудың құралы ойлау болатын болса, тіл – ойды жеткізудің құралы. Демек тіл танымдық әрекетті де танытады. Адамның шығармашылық танымдық әрекетінің сан алуан қыры тілде көрініс табады, нәтижелері тілде бекітіледі. Осылайша тілдің таным мен ойлаудың құралы бола алатын және айнала қоршаған ақиқат болмыстың элементтерін жинақтап бере алатын мүмкіндігін сөз ете келіп, Г.В. Колшанский әлемнің тілдік бейнесі туралы былайша ой қорытады: «Ни на одном этапе своего становления или развития язык не выступает в качестве самостоятельной креативной силы и не создает, следовательно своей собственной картины мира, он лишь фиксирует концептуальный мир человека, имеющий своим первоначальным источником реальный мир и деятельность в этом мире...

Существование языка как материальной формы закрепления мышления человека, а следовательно той совокупности знаний, которыми располагает мышление человека на определенном этапе, создает новую проблему в интерпретации содержания выражения «картина мира». Таким образом картина мира как совокупность знаний человека о мире подменяется картиной мира, существующей в языке, то есть языковой картиной мира» [3, 22 б.].

Тіл мен ойлауды теңестіруге болмайтындығы секілді әлем бейнесі мен әлемнің тілдік бейнесін өзара теңестіруге келмейді. Әлемнің тілдік бейнесі тілдік бірліктің ішкі формасы, сөз, сөйлем, сөздің мағыналық жағының өзгеруі, оның ауыспалы мағынада қолданылуы, эмоционолды-экспресивтік реңктер т.б. сияқты «тілдің семантикалық сүзгісінен өткен» жүйеде құрылатын болса, әлемнің концептуальдық бейнесі адам ойлауы мен танымына қатысты қарастырылады. Дүниенің заңдылықтары тек қана адамның концептуальдық таным жүйесінде танылады, бейнеленеді. Таным процесі – ойдың қызметі, ол өмірлік тәджірибе негізінде құрылған ішкі (санадағы) әлем моделіне бағытталады [3, 15 б.].

Әлем моделі тілдік көркемдеуіш – бейнелеуіш құралдардың, әсіресе тілге айрықша бейнелілік дарытатын метафора арқылы сипатталады. Әлем моделі және оның сан алуан көріністері әр халықтың дүние-әлемді мүшелей тануына, ол фрагменттерді өзінше бейнелеп атауына, әр тілдің өзіне ғана тән ерекшеліктеріне байланысты тіл-тілде өзгеше болып өріледі. Әлем бейнесі әр этноста әртүрлі болуы мүмкін, өйткені этностың тәжірибесі, өмірден көрген-білгені, көңілге түйгені білімнің негізі болып танылатындығы анық. Әлем бейнесінің және оның жеке-жеке үзінділерінің тіл тілде басқаша болуының басты себебін «бірдей құбылысты қабылдаудағы, бейнелеп танудағы, образды ойлаудағы ұлттық өзгешеліктермен түсіндіруге болады.

Әлемнің тілдік бейнесі жөніндегі көзқарас, ең алдымен, оның ұлттық – мәдени ерекшелігімен сабақтастырылып, әлемнің тілдік бейнесінің әртүрлі фрагменттерін бір-бірінен ажырату немесе оларды бір-бірімен өзара тығыз бірлікте қарастыру адам баласының жалпы дүниені қабылдауы мен тануы процесімен ұштастырыла зерттелуде. Осы орайда, белгілі бір халықтың тілі сол халықтың қоғамдық-әлеуметтік, ұлттық- этномәдени жүйесінің құрамдас бөлігі екені ескеріліп, «тіл ұлттың, халықтың өзіне тән ерекшеліктерін білдіреді және оны қалыптастырады, дүниені танудың ұлттық сипатынбейнелейді, сондықтанда түрлі ұлттардың дүниетанымының негізін, олардың тілінен іздеу керектігі» [19, 83 б.]. Тіл мен таным, тіл мен мәдениет, тіл мен этнос болмысы арасындағы өзара қатысты зерттеу негіздемесінің бірі саналып отыр. Тілді антропологиялық бағытта зерттеу мен «тіл мен танымның бірлестігін» қарастыру барысында ақиқат болмысты танудағы тілдің рөлін тым көтермелеп жібермеу қажеттігін ескерте келіп, В.А. Маслова: «әлемнің тілдік бейнесі» деген ұғымның өзі – метафоралық қолданыс» дейді [24, 57 б.]. Ғалымның пайымдауынша, белгілі бір ұлттың қоғамдық саяси-тарихи тәжірибесі жөніндегі жинақталған мәселелер, тілінің


ерекшеліктері, шындығында да сол тілде сөйлеушілерге объективті дүниеден өзге қайталанбас әлем бейнесін жасамайды, тек заттар мен құбылыстардың, іс-әрекеттердің ұлттық болмыспен ерекшеленетін, өзіне тән нақышы бар дүниені қалыптастырады. Кез келген ұлттық тілде сол тілде сөйлейтін халықтың әлем бейнесі бекиді, бекіп қана қоймай, тілдік ұжымның әр мүшесіне таңылатын, барлығына бірдей міндетті ұжымдық философия, дүниетанымдық көзқарастар жүйесі, білім жиынтығы түрінде жалғастық табады, яғни тілдік әлемнің бейнесі тіл қойнауында түзіледі. Мәселен, қазақ ономастикасының лингвоконцептологиялық тұғырын «әлем бейнесі» ұғымы негізінде сараптаған Б. Тілеубердиев: «Әлем бейнесі – өте күрделі, үнемі қозғалыста болатын, тұрақсыз ауыспалы процесс. Онда адамдардың бір-бірімен тіл табысуын, ортақ шешімге келуін қамтамасыз ететін жалпы халықтық сипат та болады. Әлем бейнесі когнитивтік модельде айқындалады, сондай-ақ ол ұжымдық санамен, көзқараспен, ұжымдық философиямен байланысты болады. Әлемнің тілдік бейнесі негізінен адамдар санасындағы әлемнің логикалық бейнесімен сәйкес келеді. Ал әлемнің кез келген ұлттық, тілдік бейнесінің әмбебаптығының өзіндік ерекшелігін айқындайтын метафора, теңеу және концепт болып табылады» – дей келе, «Әлемнің тілдік бейнесінің ұлттық болмысы әр этноста әртүрлі болуы этностың тәжірибесі, білімімен байланысты. Өйткені тілдік таңбаның таңбалаушы қызметі сыртқы дүниемен байланысында ғана емес, адамның өмірден көрген-білгені, көңілге түйгені білімінің негізі болып табылады. Оның тілдік бейнесі, ұлттық рухани болмысы әр халықта әртүрлі» деп әлем бейнесінің әмбебаптық және ұлттық сипатын жалпыхалықтық және этникалық мәдениеттің өзіндік ерекшеліктерімен түсіндіреді [25, 15 б.]. Әлем бейнесі адамның әлем туралы түсініктерін зерттеуге байланысты қолданылады. Егер «әлем» дегенді адам және оның ортасының өзара қарым-қатынасы деп түсінетін болсақ, әлем бейнесі – адам және оның ортасы туралы ақпараттардың өңделуінің нәтижесі болмақ. Адамның қоршаған орта объектілерін қабылдауы мен тануы барысында жинақтаған ақпараттары қалай болса, солай шашырап жатқан дүние емес, жүйелі үйлесімділіктегі біртұтас концептуалдық бейнені түзетін фактілер. Демек, адамның дүниені қабылдауы мен тануының, түйсінуі мен түсінуінің, әлемге деген өзіндік көзқарасының, дүние жөніндегі жалпы түсініктерінің түп негізінде «объективті шындық болмыстың субъективті бейнесі», «ақиқат шындықтың біртұтас бейнесі» ретіндегі әлем суреті, яғни әлем бейнесі жатады. Әлем бейнесі адамның дүние-әлемді тануын жүзеге асырып қана қоймайды, сонымен қатар ол адамның өмірлік іс-әрекетінде бағыт-бағдар қызметін де атқарады. Адам баласының өзін қоршаған ортаның, ақиқат болмыстың мәнін түсінуінің тәсілі ретінде әлем суреті мифологияда, дінде, поэзияда, фольклор мен сурет өнерінде, қолөнерде т.б. қабылдау мен ұғынуға ыңғайлы, жеңілдетілген формада белгіленеді, бейнеленеді және бекиді.

Дүние – әлемнің күллі адамзат баласына ортақ болуы әлем суретіне жалпы адамзаттық әмбебаптық сипат дарытады десек те, әрбір этномәдени-

тарихи қауымдастықтың дүние-әлемді өзінше көруі мен тануының, қабылдауы мен елестетуінің, ұғынуы мен түсінуінің және бұл процестердің нәтижесін бейнелеуі мен бекітуінің амал-тәсілдерінің өзгешелігіне байланысты әлем суреті этноәлеуметтік және этномәдени реңкті арқаламай қоймайды. Тіл адам баласының әлем туралы білімінің қалыптасуы мен жалғастық табуының басты құралы болып саналады. Себебі «адам тілде өмір сүреді, тіл арқылы қалыптасады. Тілден тыс жатқан әлем барын сезген, білген адам сол беймәлім әлемді тілдің көмегімен игеруге ұмтылады» [3, 37 б.], «дүние-әлем тілде құлыпталып, көрініс табатын тәжірибеден тыс қабылданбайды, тілге деген көзқарас – дүниеге, әлемге деген көзқарас» [18, 16 б.].

Әлем бейнесін дүниенің қарабайыр бейнесі, дүниенің ғылыми бейнесі, ақиқат дүние бейнесі, мәдени дүние бейнесі, тілдік әлем бейнесі деп іштей саралай зерттеу, олардың фразеологиялық әлем бейнесі, паремиологиялық әлем бейнесі, ономастикалық әлем бейнесі, соматикалық әлем бейнесі т.б. сияқты тілдік фрагменттерінің табиғатын «Тіл – Адам – Мәдениет», «Адам – Қоғам –Тіл», «Табиғат – Адам – Тіл», «Тіл – Таным – Руханиқұндылық», «Тіл – Ұлттық сана – Қоғам» т.б. макрожүйелер контексінде қарастыру – лингвомәдениеттанымдық бағытты когнитивтік лингвистикамен тоғыстыруды қажет ететін, аса күрделі де өзекті, ауқымды да маңызды проблемалар саналады. Өйткені адамның тілі, танымдық іс-әрекеті, бейнелі ойлауы, ұлттық санасы, рухани өресі, сөйлеу қабілеті және адамның әлеуметтік-мәдени ортасы арасындағы байланыстың тығыздығы соншалық, олар бір-бірінен бөліп алуға келмейтін, бірінсіз-бірі жоқ «тіл – ойлау – мәдениет» триадасынан құралатын біртұтас құрылымды түзеді. Бұл үштағандық біртұтас құрылым мен адамды қоршаған ортаның өзара байланысы, қарым-қатынасының нәтижесінде дүние бейнесі қалыптасады.

Сонымен, шындық болмысты, ақиқат әлемді іс-әрекет процесінде тани отырып, адам өз танымын сөз арқылы бекітеді. Тілдік тұрпатта бекіген білімдер жиынтығы әр түрлі концепцияларда түрліше аталып жүрген «тілдік аралық әлемді» түзеді (Л. Вайсгербер), «әлемнің тілдік репрезентациясын» жасайды (Т.М. Дридзе), «әлемнің тілдік моделі» (В. Гумбольдт) немесе «тілдік әлем бейнесі» (Б.А. Серебренников) болып қалыптасады. Әлем бейнесінің тілдік деңгейі (2-сурет):



2-сурет Әлем бейнесінің тілдік деңгейі

Бұл деңгейлер жазушының тіл байлығын; автордың бір сөзбен жеткізе алмаған ойын жеткізу; халықтың тұрмысында жағдаятты көрсететін құрал; ұлттық мәдени байланыс, мүдде мен құндылық, мәдениет байланысы; екі мәдениетке деген жазушының көзқарасы.

Әлем бейнесі:

а) жазушының жеке авторлық әлем бейнесі (адамның, заттың көрінісі, уақыт пен кеңістік категориясы, әлем бейнесі, жазушының эстетикалық идеалы мен құндылықтары);

ә) көркем әлем бейнесі – жазушының шығармасындағы әлем (кейіпкер, оқиға, кейіпкелер шындығы);

Әлем бейнесіне әсер ететін факторлар:


1) Қоғамның тарихи дамуы (барлық тарихи оқиғалардың автордың әлем бейнесінде көрініс табуы);

2) Қоғам идеалы мен құндылықтары;

3) Ұлттық мәдениет (билингв жазушыларда бір мәдениет екінші мәдениетпен қосылады, нәтижесінде қоршаған орта туралы шындық, адам, уақыт пен кеңістік категориясы өзгереді);

4) Жазушының өмірлік тәжірибесі.

Әлем бейнесі шығармаларда келесі функцияларды атқарады:



жазушының әлемдік және дүниетанымдық ерекшеліктерін ашып көрсетеді	жазушының шындыққа деген көзқарасының ерекшелігін анықтайды (ол неге назар аударады, қандай образдар, категориялар, оқиғалар)

Әдебиет – көркемөнердің негізгі бір саласы, халықтың болмысын, адам бойындағы қасиеттерін, олардың эстетикалық сәнін суреттеп, баяндайтын негізгі құрал. Әлем бейнесі – қоршаған орта мен адам арасындағы қарым-қатынастың санада өңделіп, сипатталуының нәтижесі, адамның санасында қоршаған әлем туралы пікірдің қалыптасуы, яғни, әлемді қабылдаудағы адам санасының негізгі шындығы. Әлем бейнесі адам баласы пайда болған кезден бастап қалыптасып, алғашқы ғылыми тәжірибелерді көне грек философтары Фалес, Анаксимандр, Анакси (б.з.б.) жасай бастады. Көне гректің философтары үшін әлемді тану, оның бейнесін нақтылау қызықты дүние болды. Мәселен, әлемнің негізін Гераклит от деп санаған болса, Пифагор бойынша сандар жүйесі деген сынды ойлар адамзаттың әлем жайында түсінігінің қалыптасуына жол ашты. Ал «әлем бейнесі» терминін XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында заттардың құрылымы жайында мәлімет беретін, сыртқы заттың ішкі бейнесі ретінде физика ғылымында алғаш рет Г. Герц қолданған [26, 102 б.]. А. Эйнштейн «Адам сезімдер әлемінен шығу үшін, белгілі бір дәрежеде осы әлемді осы әлемде жасалған суретпен ауыстыруға тырысу үшін өз бойында әлемнің қарапайым және түсінікті бейнесін жасауға қандай да бір адекватты түрде ұмтылады» деп, әлем бейнесінің негізгі қалыптасуы әр адамның өміріндегі қажетті әрі заңды құбылыстардың бірі екенін атап көрсетеді [27, 136 б.]. Әлем бейнесі ұғымы адам баласының қоршаған және дүние жайлы өзіндік көзқарастарын зерттеуге негізделген. Ол әрқашан даму үстінде болатын әлем туралы көзқарастар мен мәліметтер жүйесі. Ғалымдар әлем бейнесі алуан түрлі екендігін айта келіп, қанша әлем (ақиқат, шындық, адам, табиғат, қоғам) болса, соншалықты әлем бейнесі болатындығын айтады. Демек, айналадағы қоршаған орта немесе адам, оның өмір сүретін ортасы бірін-бірімен өзара байланыста болса, әлем бейнесінің негізгі концептуалды негізі адам мен оның ортасы туралы мәліметтерді өңдеудің нәтижесі. Әлемді тану түрлі ғылым салаларының таным өрісіне байланысты өзіне тән ерекшеліктері негізінде жүзеге асып отырады. Яғни физикалық, биологиялық, мәдениеттанымдық, лингвистикалық, химиялық, философиялық және де басқа ғылыми бейнелердің барлығы дерлік заңды құбылыс болып саналады. Бұған қарап «әлем бейнесі» үнемі өте күрделі өзгерісте болатын процесс және тек бір ғана емес бірнеше ғылым салаларының негізгі ұғымдарының бірі екендігін аңғарамыз. Ал әдебиеттанудағы әлем бейнесі автордың қиялымен, ой-өрісінің кеңдігімен тікелей байланысты. Автор әлем бейнесін өзінің таным-түсінігіне сай түрлі тәсілдерді қолдана отырып баяндайды. Осы арқылы әр халықтың өзіне тән дүниетанымы әлем бейнесінен орын алады.

Әдебиеттанудағы әлем бейнесі автордың баяндауына тікелей байланысты. «Автор (латын тілінде auctor – жаратушы, негізін қалаушы) – өнертануда, философияда эстетикалық, сондай-ақ мәдени-әлеуметтік категория ретінде қарастырылатын ұғым. Автор категориясы шығармашылық қабілет, шығармашылық даралық, дара дүниетаным, этикалық, эстетикалық принцип, өмір тәжірибесі секілді ұғымдар ауқымында талданады» [28, 19 б.]. Категория ретінде автор ұғымы Аристотельден басталып, Гегель, Р. Барт, В. Виноградов, М. Бахтин, Ю. Лотман, В. Кожинов, Л. Новиков. т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған. Автор дүниені сипаттауда болмыста орын алған, өмір сүретін адамдардың тіршілігінен нәр алып, оны ары қарай мәтінге айналдырады. Мәтін ішінде автордың, оның әлемдік бейнесінің кездесуі және сипатталуы маңызды дүние. Бұл тақырыпты қозғамас бұрын автор бейнесін кеңінен талқылап алған дұрыс.

Бейнені поэтикалық категория ретінде қарастырған Н. Гей бұл ұғымның философиясына былай тоқталады: «Бейне – қиялдағы құбылыстардың рекреациясы мен қабылдануы және оларды нақты заттар түрінде көркемдік тұрғыдан түсіндіру. Бейнелеудің көркемдік-онтологиялық аспектісінде көркем құбылыстың мәтіннен тыс және психологиядан тыс мәні, оның белгіге, мәтінге қайта келмейтіндігі немесе мәтінді қабылдаудың субъективті психологиялық көрінісі көрсетіледі. Бейне объективті мазмұнның тасымалдаушысы болып шығады, ол айтылған мағынаның іске асуына айналады және қабылдауға қол жетімді» [29, 96 б.]. Демек, бейне – мәтінде суреттелген кейіпкердің ой-сезім дүниесінен, іс-қимылы мен әрекетінен туындаған қасиеттерінің жиынтығын қабылдау арқылы сезінген құбылыс. Бейне әлбетте автор санасынан, қиялынан туып, мәтін арқылы сипатталып, заттанып, оқырманның қабылдауы арқылы тірілетін, танылатын, мәтіннің негізгі төрт қасиетінің (танымдық, бағалаушылық, жасампаздық, тіл жасаушылық-коммуникативтік) жүзеге асуын қамтамасыз ететін, оқырман санасында аталған қасиеттердің тууын, болуын жүзеге асыратын шығармашылықтың ең негізгі категориясының бірі [30, 44 б.]. Көркем мәтін арқылы автор оқырманмен байланысады, автордың бейнені жасау мен оны тудыру табиғатын, мақсатын айқындауда көркем сұқбаттастықтағы мәтіннің атқаратын негізгі қызметін семиотика саласының ғалымдары былай нақтылайды: «Көркем шығарманы жасау арқылы автор өзінің болмысты, өзінің ішкі дүниесін немесе сана әлемін түсінуін символдық түрде көрсетеді. Шындық құбылыстарын шартты түрде, көркем образ түрінде көрсету арқылы автор өзінің ішкі жан дүниесін көркем бейнелеуді жүзеге асырады, осы дүниені өзіне қол жетімді экспрессивтік құралдарды пайдалана отырып бейнелейді. Көрермен көркем шығарманы «оқи отырып», оның мазмұнын өзінің тәжірибесі мен біліміне негізделмеген түрде қабылдайды, қоршаған шындықты түсінуіне сәйкес санасында көркем бейнені «құрады»» [31, 110 б.]. Автор қандай бейнені жасаса да, оны тудыру кезеңінде авторлық сананың, қиялдың жемісі болып, оның көмегіне жүгінгенімен, өмір

шындығынан ары алшақтап кетпейді, реалистік сипаттар басымырақ болады. Өмір шындығы мен көркемдік шындық бейне арқылы бір арнаға тоғысады. Идеалдылық және реалдылық қасиеттер автордың бейнесінен мәтіндегі бейнелерге беріледі. Ю. Боревтің «көркем бейне – өнердегі ойлау түрі, - деп, өнердің модельдеуші қасиетін білдіре отыра, көркем бейне – объектілік пен субъектіліктің бірлігі. Бейнеге тек автордың творчестволық қиялымен игерілген материалды шындық қана кірмейді, оған автордың бейнеленген дүниеге деген қатынасымен қатар оның жасампаздық тұлғалығының барлық байлығы да енеді» деген пікірі автор мен бейне мәселесінің өзара байланысты болатындығының дәлелі. Автор бейнесі – шығармада жазушы көзқарасымен баяндалған оқиғалар желісінің түпнегізі. Баянду тәсілдері шығармаға концептуалдық мән үстеп, оның көркемдік идеялық нысанын айқындауға негізгі бағыт беруші.

Ғалым В.Е. Хализев автор бейнесін негізгі бірнеше мағыналық аяға сыйдырып қарастырады: «Біріншіден, белгілі бір тағдыры, өмірбаяны, жеке нышан белгілері бар көркем туындыны тудырушы шынайы тұлға. Екіншіден, көркем мәтінде шоғырланған (локализацияланған) автор бейнесі, жазушының, суретшінің, мүсіншінің, режиссердің өзін-өзі сомдауы. Үшіншіден, (біз үшін қазір ең маңыздысы), көркем әлемді қалыптастырушы, иманентті туындыға тұтастай қатынасушы» [32, 113 б.]. Қорытынды тұжырымда зерттеуші иманентті деп автордың көркем шығармасындағы бірыңғай функциялық сипатын айтып отыр. Авторды көркемдік қызметтің субъектісі, көркем туындының тұтас жүйесін ұйымдастырушы ретінде тұжырымдаған. Демек, көркем шығарманың барлық элементтерін бір қазыққа байлап, біріктіріп қоятын – автор бейнесі. Ол жазушының жеке дара стилін анықтауға да септігін тигізеді.

Болмыстағы әр жазушы өзінің қорытындысын адамгершілік, идеялық, т.б. ұстанымы тұрғысынан көріп, соған байланысты әртүрлі жағдайлардағы оқиғалар, қарама-қарсы тоғысулар арқылы бейнелеп шығады. Оның шығармада көрінуі шығарманың көркем-тілдік құрылымы арқылы жүзеге асады. Сол себепті «автор бейнесі» шығарманың көркем-тілдік құрылымымен тығыз байланысты болады. Автор бейнесі – әдеби шығармадағы жазушының өз тұлғасының көріну қалпы. Әдебиеттану ғылымында автордың негізгі идеялық нысанасы, көзқарасы, көркемдік принциптері мен ұғым-түсініктері, суреткерлік шеберлігі – бәрі кең, толық мағынасында шығарманың өн бойынан, барлық құрылыс-бітімінен, идеялық-көркемдік сипатынан танылады. Бұл тұрғыдан академик З. Ахметов мынадай пікір айтады: «автордың идеялық нысанасы, көзқарасы, ұғым-түсініктері, наным-сенімдері, көркемдік принциптері, суреткерлік шеберлігі бәрі-бәрі кең, толық мағынасында, әрине, шығарманың өн бойынан, бүкіл құрылым-бітімімен, идеялық-көркемдік сипатынан танылады. Бұл – оның шығармашылық тұлғасы, жазушылық, суреткерлік сипат-өзгешелігі, ал оның өнер иесі ғана емес, өз тағдыры, өз мінез-құлқы бар жеке адам ретіндегі бейнесін алсақ, ол жекелеген жанрда (мысалы, өмірбаяндық, мемуарлық)

болмаса, айқын көрініс таппайды [33, 21 б.]. Автор бейнесі категориясын қалыптастырып, ғылыми айналымға енгізген орыс ғалымы В.Виноградов: «Автор бейнесі – бұл стильдік құралдарды тұтас сөздік-көркемдік жүйеге байланыстыратын біріктіруші күш. Автор бейнесі – шығарманың стилистикалық жүйесі топтанатын ішкі желі [34, 92 б.]. Көркем туындының тілі, стилистикасы, поэтика, риторика мәселесімен бірге автор, авторлықтың қалыптасуы сынды мәселелерімен айналысқан ғалым орыс әдебиеттануында автордың тууының, қалыптасуының алғышарттары мен заңдылықтарын зерттеген.

Автор, автор бейнесі қалыптаса бастаған кезең, әдебиеттің шешендік өнермен (риторика) жапсарлас өмір сүрген кезеңінен бастау алады. Бұл кезеңнің әдебиетін В. Виноградов «көшпелі синкретті түрдегі кезең» деп атай отырып, шығармада театралдық (шығарманың орындалу барысында автордың қимыл-әрекеті, әртістігі, мимикасы, дауысының ырғағы, жест т.б.) пен ішкі «әдебиеттік» түрлердің тоғысуы жүзеге асатындығын айқындайды. Сондықтан көркем шығарма – автордың жеке тұлғалығының көрінісі болуымен бірге оның көркемдік тәсілдерінің, тілінің, дүниетанымының көрінісі. Бұл сөзді одан әрі айқындай түсетін болсақ: «Көркем шығарманың мәнін білдіре отырып және оның идеялық, композициялық-құрылымдық және лингвистикалық (стиль) бірлігін тұжырымдай отырып, автордың иерархияның бір түрі ретіндегі бейнесі жазушының шығармашылығымен құрылған және оқырманның шығармашылығымен қайта құрылған ең жоғары поэтикалық категория әдеби шығарманың детерминанты болып табылады – оның мазмұны мен құрылымының басты ерекшелігі, оның нақты бағыттары мен оның дамуы мен даму сипатын анықтайды. Бұл – автор санасының ағымын түсінуге, көркем мәтінді тұтас, жан-жақты талдауға ең адекватты категория [35, 13 б.].

Көркем шығарма – автордың көркем шығармашылығының негізгі жемісі және оқырманның зерттеу объектісі. Автор бейнесі категориясы өзіндік құрылыммен мәтінде, оның өзара байланысқан деңгейлерінде көрініс тапқанымен де, оған түбегейлі кірігіп кетпейді. Поэтикалық категориялардың ең жоғарысы ретінде саналатын автор бейнесінің өзі бірнеше деңгейлерден тұрады. Көркем шығарманың құрылысы секілді автор бейнесі категориясы да негізгі үш деңгейден идеялық-эстетикалық (идеологиялық), жанрлық-композициялық (бейнелік), тілдік (эстетикалық сөз жүйесі) құралады.

Автордың жеке бейнесі, оның өзіндік көзқарасы жайлы ғалымдар арасында да түрлі көзқарастар болған. Автор бейнесі туралы ғылыми терең ойды ғалым Б. Шалабай еңбегінен оқимыз. Ғалым автор бейнесін көркем тілдік категория ретінде қарастырады: «Автор бейнесі дегеннен жазушының дүниетанымдық, әлеуметтік, мінез-құлықтық, т.б. ерекшеліктерінен тұратын жеке басының қасиеттерінің жиынтығын ғана түсінбейміз», - дей келіп, бұл қасиеттерді түбегейлі жоққа шығармаса да, автор бейнесін ғылыми негізде былайша түйіндейді: «1) шығарманың субъектісі, яғни, шығарманың белгілі бір көркем-идеялық көзқарастарымен ұласқан, өзіндік көркемдік әлемін

туғызушы субъект; 2) көркем шығарманың ұйымдастырушылық орталығы болып табылатын тілдік құрылым [36, 59 б.]. Ғалым автордың бейнесін көркем тілдік категория ретінде нақтылап, жазушының өзінің адамгершілігі, идеялық ұстанымы тұрғысынан қарағанда оның өзіне тән өзіндік бейнесі, әдебиеттегі келбеті келіп шығатынын жазады.

Ғалым пайымдауынша, автор бейнесінің баяншылық типінің мынадай үш түрі болады:

3-жақтағы жеке тұлғадағы баяншы;

1-жақтағы (мен тұлғасындағы) баяншы;

Арнайы баяншы – бұл, автор ойлап тапқан баяншы: ол не шығарманың бір кейіпкері болады, не аты-жөні белгілі бір субъект болады.

3-жақтағы баяншы шығармада баяндалатын әлемнен тыс тұрады, оның белгілену дәрежесі де әртүрлі болады. Мәселен, олардың біреуі баяндауды объективті жүргізеді, яғни, ол өзін көрсетпеуге барынша тырысады. Объективті үшінші жақтағы баяншының енді бір типі баяндауға белсенді түрде араласып, кірігіп отырады. Қандай да бір жолмен, авторлық шегіністер арқылы да өзінің рухани әлемін ашып, этикалық, саяси-әлеуметтік, т.б. көзқарастарын да білдіріп отырады. Сонымен, шығарманың идеялық-көркемдік мазмұнын қалыптастыратын жазушының өз бейнесі автор бейнесі деп аталады. Ал шығармада автордың жеке көркемдік әлемінің айқын көрінуі автор шеберлігімен тікелей байланысты.

Жазушы О. Бөкей шығармашылығындағы ұлттық әлем бейнесі көптеген тілдік бірліктер арқылы шебер суреттелген. Осы арқылы автордың жеке қолтаңбасы, шеберлігі айқындалып тұрады. Автордың «Мұзтау» повесінде ұлттық әлем бейнесін бейнелейтін этнолингвистикалық элементтер жазушының тілдік қолданыстарды шебер пайдалана білуі арқылы анық та астарлы сипаттамалармен көркемделген. Туындының кіріспесінен-ақ жазушының Аршалы ауылымен қазақтың байтақ жерінің тұйықталатынын айта келіп, оқырманның назарын бірден қазақ жері деген ұғымға, яғни, Қазақия деген сөзге аударады.

Түпнұсқа:

Қазақтың жері кең-байтақ, бірнеше ұсақ мемлекет сыйып кетеді деп көп естиді. Бірақ Аршалыдан басқа ауыл көрмеген жігіт үшін бәрі тұманды, бәрі жұмбақ [әңгімелер].

Аударма:

Everything beyond these places seemed to be shrouded in mist for the Man-Deer, both mysterious and improbably.

Бұл үзіндіде жазушы кең байтақ жер эпитеті арқылы әлем бейнесінің бір көрінісін көрсеткен. Осы арқылы жазушының да табиғатқа, қазақ ауылының тұрмысына, байтақ жеріне деген ішкі сезімінің өзгеше екендігін аңғарамыз.

Қорыта айтқанда, әлем бейнесін қалыптастыруда тілдің орны ерекше. Себебі, «тіл ұлттың, халықтың өзіне тән ерекшеліктерін білдіреді және оны қалыптастырады, дүниені танудың ұлттық сипатын бейнелейді. Сондықтан

да түрлі ұлттардың дүниетанымының негізін олардың тілінен іздеу керек [37, 56 б.]. Э. Сепир мен Б. Уорф пікірі бойынша, түрлі тіл өкілдері әлемді өздерінің көзқарасы негізінде танып, өзінің дүниетанымы аясында пайымдайды. Демек, тіл біздің ата-бабаларымыздың «әлем бейнесін» қалыпқа келтіруге өз септігін тигізеді. Ашығырақ айтатын болсақ, тіл адамзат баласының әлем туралы түсінігін қалыптастырып, дамып, одан әрі жалғасуына тікелей септігін тигізетін құрал. Себебі, «адам тілде өмір сүреді, тіл арқылы қалыптасады. Тілден тыс жатқан әлем барын сезген, білген адам сол беймәлім әлемді тілдің көмегімен игеруге ұмтылады» [38, 148 б.], «дүние – әлем тілде құлыпталып, көрініс табатын тәжірибеден тыс қабылданбайды, тілге деген көзқарас – әлемге деген көзқарас» [39, 16 б.]. Ал әдебиеттанудағы әлем бейнесі әлемнің тура өз қалпындағы көрінісі емес, адам санасының қатысуымен жасалған бейнесі, оның санада өңделген негізгі көрінісі.

Әдебиеттің негізгі предметі адам, яғни әрбір адам өз алдына бір әлем, зерттелмеген, ашылмаған қазына іспетті. Адамның болмысын табиғи, психологиялық, биологиялық, физикалық тұрғыдан оның ерекшеліктерін әр ғылым саласы өз алдына жеке зерттеп, зерделейді. «Адам психикасы, оның құпиясы мол табиғаты, есті және ессіздік т.б. секілді психологиялық үдерістер философия, психология және әдебиеттану ғылымдарына жан талдау тәсілін тудырып, адам мәселесін тереңдей зерттеуге ден қоя бастады» деген Г. Пірәлиева пікіріне назар аударар болсақ, көркем әдебиеттің басты ерекшелігінің өзі сонда, ол адамның ішкі әлемінің ішкі қалтарыстарын, сүйініші мен күйінішін, нақтылап айтқанда, адамның психологиялық болмысын толық ашып беруімен тікелей байланысты [40, 26 б.].

Бүгінгі заман өзгерісі адамның рухани болмысына, ел тұрмысына, дәстүр мен салтына қалай әсер еткендігі көркем әдебиетте автордың көркем әлемі арқылы әлеуметтік сарын, астар түрінде көрініс тауып отыр. Оның барлығы авторлық баяндау, бірде кейіпкердің іс-әрекеті, ашық идеясы арқылы беріліп отырса, ал бірде ирония мен сарказм арқылы тұспалдап беріліп отырады. Осы арқылы да автордың көркемдік әлемі айшықталып, идеясы нақтылана түседі.

Мәселен, жазушы Т. Шапайдың «Домбыра» атты әңгімесінде автордың дүниені қабылдау сезімі тұнық күйде, мұңға толы нәзік иірімдер арқылы оқырман назарын аудартады. Мистикалық сипат арқылы кейіпкердің домбыраға деген шексіз сағынышын суреттеген. Автор дилемма ретінде ескі мен жаңаның тартысын екі домбыра арқылы көрсете білген. Автордың көркемдік әлеміндегі символ ерекше орын алып, кейіпкер мен шебердің бір-біріне арақатынасы, жаңадан жасалға домбыра мен ескі домбыраның құлазуы арқылы қазақ ұлтының модернизация мен ғаламдануға түсу үдерісін символдап көрсетеді. Бұл әңгіме сөз болған домбыра – тұлға. Домбыра – қазақ ұлтының символы. Кейіпкер домбыраны үнемі өзін жалғыз сезініп жүретін досына арнайы жасатады. Домбыраны қолына ұстағанда оны шабыт кернейді: «Күнде жұмыстан соң саусақтарым шымырлап, бойымды зарық буып, үйге асығамын. Саусақтарым перне қуалай, көсіп сауғанда, жалғанның

жарығына ең бір елеусіз, татымсыз дыбыстың өзін қалт жібермей алып шығатын сезімталдығы қандай!» [41, 79 б.]. Автор жаңа домбыраны «тылсым, аққу мойын домбыра» деп оған теңеу береді. Жаңа домбыраға кейіпкердің ескі домбырасы қарсы тұрғандай: «Дүмі жарық, қаңсып қалған шанақ үмітсіз, жарықшақ дауыспен мағынасыз қаңқ етті. Домбырада күй жоқ еді». Автор ескі домбыраға тектіліктің символы ретінде қарап, оны текті деп атайды. Бұл контексте тектілік қазақтықтың синонимі. Автор қазақтықтан алыстаған сайын тектілігімізді де жоғалтып барамыз деген идеяны оқырманға тастайды. Яғни, автор өз көркемдік әлемінде символ, гротеск, теңеу арқылы оқырманға терең ой салып, шығарманың негізгі идеясын жеткізе білді.

Әдебиеттегі соны шығармалардың бірі – М. Мағауиннің «Құмырсқа қырғыны». Автордың бұл шығармасы жай ғана көркем шығарма емес, философиялық әңгіме. Автор өзінің шебер талғамы, философиялық толғамы арқылы жеткізе білген бұл шығарманың идеясы да өзгеше. Жазушының бұл шығармасы қазақ әңгімесіне жетпей тұрған айшықты бояуларды жинақтап, ойды символика арқылы жеткізудің ерекше тәсілімен бейнеленген. Бұл философиялық ойға негізделген әңгіменің идеясы табиғат құдіретіне бас ию ғана емес, қазіргі заманның жалғасы, ертеңіміздің тұтқасы болатын жас ұрпақ пен жер-анамызды қастерлеу, өмір үшін күрес жайлы сыр деп айтсақ болады. Автор әңгімесін «Мына бір илеу – тұтас бір әулет. Немесе мемлекет. Ерекше тіршілік жүйесі, бағзыдан бекіген, бұлжымас заң-жырғалары, басқару рәсімдері бар. Әрине, өзіндік үлгі, бөтен бір өлшемдегі қоғамдық құрылым», деп, бақтың ішіндегі құмырсқаның илеуіне автор өзінің таным тұрғысынан баға беріп, сипаттап өтеді [42, 4 б.]. Бірі-бірінен айырылмайтын бұл «мемлекет» иелерінің таңнан кешке дейінгі тынымсыз еңбегі, алты ай бойы бірі кіріп, бірі шығып жатқан, еңбек үстіндегі жұмыскер құмырсқалар тіршілігі кімді болсын таңқалдырмай қоймайды. «Илеу – құмырсқалар мемлекетінің бас ордасы, берік ұйытқысы ғана емес, негізгі мекен-тұрағы. Алайда бүкіл қауымның тіршілік өрісі бұдан әлдеқайда ұзақ, кең көлемді бау. Алғашқы күндердің өзінде мен біздің аумақты, мәуелі баудың ең негізгі қожайыны – осы құмырсқалар әулеті екенін аңдадым», - деп, автор-кейіпкер көркемдік деталь ретінде құмырсқа илеуін ала отырып, оны бір қауым елдің, тіпті одан үлкен мемлекеттің символы ретінде қарастырады. Баудың қай аймағына барсаң да, ағаш діні мен бұталардың ұшындағы жапырақтардың өзінде де, аяқтың асты мен шөп арасындағы өрмелеген құмырсқалардың әлдене іздеп жүргенінің өзін көркемдік кеңістіктің шексіздігін осы жәндік өлшемі арқылы суреттеп отырады. Жәндік өлшеміндегі жер – автор-кейіпкердің танымында: «Менің саяжай деп отырғаным – ширек гектар бағы бар, орнықты, әлденеше бөлмелі тұрғын үйі бар, кең қоныс». Осындағы көркем кеңістік туралы орыстың әдебиеттанушы ғалымы И.Я. Чернухина «автор шығармашылығының туындысы, прозалық және поэтикалық мәтін шеңберіндегі кеңістіктің физикалық және философиялық аспектілерінің эстетикалық және сөздік бейнесі» деп түйіндесе, Н.А. Николина «Нақты

кеңістікке тән қасиеттер: ауқымы, үздіксіздігі, үш өлшемділігі; пішіні, орналасуы, қашықтығы, әртүрлі жүйелер арасындағы шекаралар – мәтінде көрініс табады» деп пайымдайды [43, 62 б.].

Автордың бұл әңгімесіндегі философиялық тұжырымның негізгі мәні – жердегі ең кішкентай жәндіктердің тіршілігінде болып жатқан әділетсіздік, теңсіздік арқылы адамға, оқырманға ой салып, мәңгүрттік сананың зардабын ұғындыру арқылы авторлық қолтаңба қалдыру. Сол арқылы автор өзінің көркемдік әлемін оқырманға ұғындырып берді.

1.2 Билингвизм табиғаты

Қазақстан Республикасы мемлекеттік тәуелсіздікке жеткеннен бері билингвизмнің дамуы және оның әл-ахуалы күн тәртібінен түспей отыр. Қазақстан қауымында жүзден астам халықтар тұрып жатыр. Мемлекетте тұратын диаспоралардың өкілдері өз тілін жете білумен қоса, қазақ және орыс тілдерін де жақсы игеруге тырысып жатыр, себебі осы тілдердің мәртебесі жоғары және осы тілдер арқылы басқа ұлттар Қазақстан қауымдастығына кіріп отыр. Осы қауымдастыққа кірудің негізгі жолы ұлттық қазақ, ұлттық орыс тілдік қостілділікті игеру. Сонымен қоса, мемлекетте шетелден келген инвесторлардың, туристердің саны жылдан жылға саны артуда. Шетелден келген адамдардың негізгі тілі ағылшын және француз тілі. Әлемдік қауымдастыққа кіру үшін Қазақстан халықтары мәдениеттерінің өркендеуі, жаһандану үдерісінің салдары онжақындасуы әртүрлі қостілділіктің дамуына себеп болады, өйткені қостілді меңгеру арқылы халықтар бір-бірімен еркін қауышады. Сондықтан да «қостілділік екі-үш ұжымдардың арасындағы коммуникативтік көпір» деп саналады [44, 56 б.].

Билингвизмді дамыту – қазіргі заманның өзекті мәселесінің бірі, сондықтан да оны жан-жақты және ғылыми тұрғыдан зерттеу қоғамның қажеттілігінен туындайды. Осы жағдайлармен байланысты қостілділік проблемасын психолингвистикалық тұрғыдан қарастырсақ.

Билингвизм феноменнің психолингвистикалық тұрғыдан зерттеу барысында келесі мәселелер көтерілді: 1) екінші тілді үйрету тәсілі; 2) екінші тілді меңгеріп алып жатқан адамның жас-мөлшері; 3) қостілдік тұлғаның бір тілден басқа тілге ауысу қабілеттерінің бар-жоқтығы; 4) бірінші және екінші тілді меңгеру деңгейі; 5) туған тілдің негізінде екінші тілге үйрету кезінде жиі кездесетін қиыншылықтардың түр-сипаты; 6) екі тілдің нормалардан ауытқуы; 7) екінші тілді толық игеріп, мүлтіксіз тура білуі.

Психолингвистикада билингвизм мәселелерін зерттеу барысында оларды коммуникант тұлғаның сөздік әрекетінде пайда болатын проблемаларымен байланыстырады.

Билингвизмнің психолингвистикалық жағы қостілділік Е.М. Верещагин және А.Е. Карлинскийдің еңбектерінде тереңірек қаралған. Е.М. Верещагин қостілділік мәселесін психологиялық жақтан сипаттай отырып, қостілділік теориясының төрт факторын көрсетеді: 1) билингвтің

орындайтын іс-әрекетінің саны бойынша; 2) екі сөздік механизмдердің сәйкестенуіне қарай; 3) әрбір тілдегі ойлау жүйесімен байланысу тәсіліне қарай; 4) сөздік механизмнің басымдылығына қарай [45, 82 б.].


Билингвтің белсенді түрде орындайтын іс-әрекеттерінің санына қарай қостілдіктің үш түрі жіктеледі: 1) рецептивтік қостілдік. Ол артикуляцияны, дұрыс сөзді тудыруға баланың қабілетінің жоқтығын көрсетеді; 2) репродукциялық қостілдік. Бұл жағдайда бала артикуляциясы дұрыс деңгейде айтуға болатын сөзді тудыра алады; 3) продуктивті қостілдік. Бұл жағдайда билингв екінші тілде дұрыс сөйлеп, сөзді дұрыс деңгейде тудырады.

Екі сөздік механизмнің сәйкестенуіне қарай қостілдіктің екі түрі белгіленеді:

✓ таза билингвизм. Бұл жағдайда әртүрлі ситуацияда тек қана бір тілді пайдаланылады;

✓ аралас қостілдік. Аралас қостілдік жүзеге асырылған кезеңде белгілі бір ситуацияда билингв екі тілді пайдаланады.

Әр тілдегі сөздік ойлау жүйесімен байланысу тәсілі бойынша қостілділіктің үш түрі (3-сурет):



Сурет 3 – Қостілділіктің түрлері

А.Е. Карлинский өзінің «Тілдердің іс-әрекеттестерінің теориялық негізі» атты еңбегінде тілдер қатынастарының теориясын дамыту барысында билингвизм ұғымына түсінік беріп, билингвизм түрлерін сипаттайды. Автордың пікірінше, билингвизм процесі тілдік қатынастар билингвтердің өзара іске асырылатын сөздік іс-әрекеттердің нәтижесі [46, 61 б.].


А.Е. Карлинский де тілдік қатынастардың психологиялық компоненттеріне назар аудара отырып, сөздік іс-әрекетті зерттейді. Автордың айтуынша, тілдер бір-бірімен тікелей қарым-қатынаста болмайды. Олар тек қана материалды түрде өтетін іс-әрекет арқылы қатынасқа кіреді. Тек қана сөздік іс-әрекет екі тілдердің қарым-қатынастарын материалды

түрде көрсетіп, жүзеге асырады. Сөздік іс-әрекет материалдық іс-әрекет, билингвтердің тілдік компетенциясы негізінде іске асырады.

Н.Б. Мечковская да тілдік қатынастық процестің психолингвистикалық механизмін зерттей отырып, екі тілдің қатынастары тек қана осы тілдерде сөйлейтін адамдардың өзаралық сөздік іс-әрекеті ретінде өтеді деп көрсетті. Егер де партнерлеп бір-біріне қарай қозғалыс жасап, бір-екі адым жасаса, сонда ғана екеуі бірін-бірі түсінетін жағдайда болады. Ал егер партнер тілін түсінбесе, онда қатынас жасай алмайды. Қорытындылай келе, Н.Б. Мечковская, тілдік қатынастар жеке тұлғаның немесе сөйлейтін ұжымның қостілділігі арқылы іске асады [47, 95 б.].

Ю.Д. Дешериев қостілділдікке әлеуметтік-лингвистикалық және психолингвистикалық аспектілік сараптамасын жасайды [48, 126 б.].

Ю.Д. Дешериевтің сараптамасында мектептің және ЖОО бағдарламасында қойылған талаптар ескеріліп төрт сатыда дамитын қостілділіктің қалыптасу үдерісі зерттелінеді:



Бастауыш мектепте екінші сегіз жылдық орта мектепте ЖОО мектепте

Осы сатыларды өту барысында қостілділіктің әртүрлі тұлғасы дамиды.

Бірінші саты. Осы сатыда индивид орыс тілін білу үшін қажетті дағдыларға және мектеп ішінде үйрене бастайды. Бастапқы кезде индивид орыс тілінің дыбыстарын айтуды үйреніп, күнделікті тұрмыста қажетті сөздерін біледі. Осы мерзімде жеке тұлға орыс және өзінің туған тілінде ұқсас элементтерді іздестіре бастап, бір-бірін салыстырады. Егерде сөздік қоры жеткілікті болса, онда ұлтаралық қауышу кезінде жеке тұлға не туралы айтып жатқанын түсіне бастайды. Бірақ түсінгенмен, өз ойын айтып білдіруде көп қиыншылықтарды кездестіреді. Вербалдық құралдарды пайдалану процесінде индивид паралингвистикалық әдістерді қолдана бастайды, себебі нышан, мимика, тұрыс-қалыптар арқылы өзінің ойын жете білдіргісі келуге тырысады. Осы кезде паралингвистикалық тәсілдер өзімдік түрде коммуникативтік функцияны орындай алмайды, сөздік элементтерді ғана сүйемелдейді.

Екінші саты. Бұл сатыда қостілдік тұлғаның орыс тілде сөйлеу үшін сөз қоры жеткілікті болып билингв орыс тілін халықаралық коммуникативтік ситуацияларда, орыс тілінің сабағында қолданады. Сонымен қатар орыс тілінде кітаптар оқи бастайды. Бірақ осы сатыда билингвтің туған тілінің функционалдық қарқындылығы басымды болу себебінен орыс тілінің қызметі екі-үш салаларда ғана асырылады. Бұл сатыда билингвтің орыс тілінде сөйлеу үшін қажетті икем-ептілікте күрделі емес, сондықтан да қостілді тұлға өзінің туған тілімен бірге игерген үйреншікті дағдыларды

жиірек қолданып, орыс және жат тіліндегі сөздерді, сөз тіркестерді үнемі салыстыра отырып, олардың ұқсастығы не айырмашылығы туралы қорытындылар жасап отырады. Орыс сөзін қарастырған сатыда билингвтің тілдік сана-сезімінде үнемі орыс тілінің сөздері, сөйлемдері ұлттық тілге аударылып отырылады, сондықтан интерференцияның түрлері тілдің әр деңгейінде іске асырыла бастайды. Орыс емес билингвтердің сөзінде үнемі паузалар, қайталаулар жиі кездеседі: осындай қостілдіктің ерекше көзге түсетін белгілері:



Үшінші саты. Бұл сатыда фонетикалық интерференция. Сөздің дыбысталуы дұрыс түрде өтеді, фонемалардың дыбысталуы оқитын тілдің фонетикалық нормаларына сәйкес келді. Сонымен қатар, лексика-семантикалық деңгейде интерференция сақталынады. Осы сатыда билингв көп мағыналы сөздердің семантикалық құрылымына кіретін барлық мағыналарды толық көлемде пайдалана алмайды. Билингв көбінесе тура мағынасын біліп, қосымша, ауыспалы мағыналарды әлі де болса дұрыс қолдана алмайды, себебі олар туралы түсінігі шамалы ғана болады. Осындай қостілділікті игерген билингвтің сөздік қорытындысы көбінесе тура деректі мағыналары бар сөздер жиі кездесіп, абстрактикалық семантикасы бар сөздер және көп мағыналы сөздер бұл қорға кездеспей мүлдем кірмейді.

Төртінші саты. Бұл сатыда билингвтің сөзінде кездесетін интерференциялық өзгерістер азаяды. Сонымен қатар кейбір интерференциялық көріністер әлі де болса жүзеге асырылуы мүмкін. Олар: 1) екінші фонетикалық позицияда дыбыстардың айту ережелері дұрыс орындалмайды; 2) сөз тіркестері дұрыс құрылмай, оларды құру кезінде сөз тіркестерінің нормалары бұзылып отырады.

Бесінші саты. Осы сатыдаға қостілділіктің ерекшеліктері келесі түрде көрініс береді:

- интерференциялық элементтер жоғалып, орыс тілінің ережелерімен ауытқу сирек кездеседі;
- туған тілдің әсері шамалы түрде ғана кездесіп, әлсірей бастайды;
- билингвтің сөзінде екінші тілдің нормалары бұзылмайды, ал сөз нормативті қасиетке ие болып, нормаларға сәйкес келеді. Билингв орыс тілінде өз ойларын, түрлі сезімдерін еркін түрде әспеттей алады;
- билингвтің сөздік қорының көлемі өсіп, ол орыс тілін қоғамның әртүрлі салаларында еркін қолданады. Осындай билингв жай ғана ауызекі стилді ғана меңгермей, публицистік және өндірісті-техникалық стилді де меңгереді. Публицистік және көркем-әдеби сөздерді билингв көркем әдебиет немесе газет-журналдарды оқығанда, кино, телеқойылымдарды көріп олардың мазмұнын жеткізгенде пайдаланады. Сонымен қатар, билингв орыс

тілін эпистолярлық жанрларда қолданбай, дербес қағаздарды туған тілде жазады;

➢ билингв сөз тіркестерді қолданғанда кейбір интерференттік қателерді жібереді. Олар:

1) анықтама беретін сөздер мен анықтаманың қиысуында жіберетін қателер;

2) орыс тілінде сөз тіркестерді септеуінде.

Алтыншы саты. Осы сатыда көбінесе стилистикалық интерференция көзге түседі. Билингвтің сөзінде варианттық және синонимдік қолданыстарды пайдаланғанда екінші тілдің нормасынан ауытқулар орын алады.

Жетінші саты. Билингв екінші тілдің фонетикалық және грамматикалық жүйелерін толық меңгеріп алады. Бірақ осындай түрде екінші тілді меңгеру бұқара түрде кездеспейді, тек кейбір жеке тұлғалардың сөзін сипаттайды. Осындай нормалардан ауытқу лексика-семантикалық жағынан өзгешелігі бар синонимдерді таңдағанда, көп мағыналы сөздердің мағыналық көлемін пайдаланбағанда орын алады.

Сегізінші саты. Екінші тіл толық түрде меңгерілінгеннің нәтижесінде билингв екінші тілдің фонетикалық, грамматикалық, лексика-семантикалық, синтаксистік жүйелерін білуімен қоса, екінші тілдің стильдік жүйесінде толық игеріп, сол тілді қоғамның барлық саласында қолдана біледі. Билингв өзінің ойын білдіру үшін тек қана ойын нақты түрде білдіретін сөздерді дұрыс таңдауымен қоса, сол коммуникативтік тәсілдерді белгілі ситуацияға сәйкес қолданады.

Тоғызыншы саты – қостілділікті ең жоғары деңгейіне ие болу. Билингв екінші тілінің ауызша-жазбаша тұлғаларын толық игеріп, әдеби тілдің барлық функционалдық стильдердің білуімен қоса оларды қоғамның әр саласында белгілі ситуацияларға сәйкес қолданады.

Ю.Д. Дешериевтің пікірінше, билингв тек осы сатыда екінші тілді аккумулятивтік функцияда пайдаланады, себебі осы аккумулятивтік қызметі екінші тіл арқылы оралғанда, билингв осы тілде жиналған қоғамдық, әлеуметтік тәжірибе мен білімдерін тек ғана бір аяларда ғана қолданумен шектемей, барлық салаларда еркін пайдаланады. Бұл сатыдағы билингвті Ю.Д. Дешериев координативтік билингвизмге жатқызады [48, 163 б.].

Қостілділік түсінігіне зерттеушілер өз тарапынан әртүрлі анықтама береді. Кей ғалымдар екі немесе бірнеше тілдерді әртүрлі деңгейде білу десе, ғалымдардың бір тобы екі немесе бірнеше тілді ана тілін білу деңгейінде меңгеруі деп қарастырып жүр.


Белгілі ғалым Б. Хасанұлы «Қостілділік белгілі бір теорритория көлемінде ұлтаралық қарым-қатынасқа түсетін белгілі бір этникалық қауымдастық өкілдерінің, бүкіл қоғамның әртүрлі жағдайда екі тілді (ана тілі мен екінші бір тілді қатар қолдануы)», - деген анықтама береді.

Билингвизм түсінігі және екі тілді меңгеру деңгейі туралы толық анықтаманы Е.Ю. Протасова былай деп тұжырымдайды: «Қостілділік жеке

жағдайда, көптілділік жай мағынада – екі тілде қатар сөйлеу мүмкіндігі, яғни, екі тілді меңгеру деңгейінің ана тілді меңгеру деңгейіне жақын болуы, ал ғылыми тұрғыда – күнделікті өмірде екі тілді жүйелі пайдалану. Тілдердің қоғамда толық жетіліп дамуы немесе тең дәрежеде қалыптасуы, сондай-ақ бір-бірімен араласып кетуі, не болмаса бір-бірінен тәуелсіз жағдайда болуы мүмкін. Тұрақты тілдік жағдайда, қоғамда мәртебесі жоғары беделді тіл және мәртебесі төмен белгісіз тіл қатар өмір сүреді. Оның біріншісі – грамматикасының күрделі болуымен ерекшеленіп, көбінесе ресми жағдайларда және жазбаша жазуларда қолданылады. Ал екіншісі – күнделікті өмірде, көбінесе ауызекі сөйлеу тілінде қолданылады» [49, 16 б.].

Отан. Әр адамның өз Отаны болады, мейлі ол үлкен не кіші болсын. Адам өмірінде «Отан» деген ұғым ол туыс өскен жерін, оның туған және жақындары тұратын, оның халқы тұратын жерге байланысты; қайталанбас және туған-туысқандары, табиғат пен заттар, тіпті жел, шөп иісі, құстар, су жыры, ыстық, шаң және т. б. сияқты жансыз болып көрінеді. Осының бәрі қостілді жазушының шығармаларында кездеседі, ең алдымен далалық, ауылдық, ашық кеңістік, аспан, күн, бұлт және өмірдің өзі. Отан – ұлағатты ұғым, қасиетті сөз. Халық нақылында: «Отан қадіріне жетпеген өз қадіріне жетпейді», – деген даналық ой қалған.

«Туған жер» - Отан; кіндік кесіп, кір жуған мекен; атақоныс; атамекен; бабаларымыздың аманаты; тарих; сағыныштың символы, балалық пен жастық шақтың мекені; алтын бесік; торғын бесік; алтын ұя; алтын қазық; тұғыр; ана; ұстаз; ұлы сезім, толғаныс, шабыт берер, намысыңды қайрайтын қуатты сезім; қасиетті мекен, т.б.

Туған жер туралы ұғымды тануда концептілік құрылымдардың санада бейнеленуі, әр түрлі формада көрініс табуы үлкен қызмет атқарады.

Отан концептісінің құрамындағы концептілік өріс мазмұнын былай түзуге болады. Қазақ ұлты үшін Отан – «елдің анасы», «өлке, аймақ, бұл маңға құлшылық жасау», «ол оттан да ыстық», «оған деген сүйіспеншілікті отбасынан бастау», «опасыздық жасамау», «отанды сүю», «отансыз отың жанбайтындығын сезіну», «түтінің дұрыс түтемей адам санатына қосыла алмайтындығыңды сезіну», «Отанды сыртқы факторлардан сақтау», «Отанның беріктігін сақтау» сияқты ұғымдар логикалық модель арқылы фреймдік сипат алған. Туған жер – белгілі бір тұлғаның дүниеге келген ортасы, географиялық атау мен қазақ баласының туып-өскен мекенінің жиынтық формасы. Яғни Туған жер – кіндік қан тамған жер. Қазақ тілінің

фразеологиялық сөздігінде туған жер жайлы фразеологизмдердің саны өте көп емес. «Кіндік кесіп, кір жуған жер» немесе керісінше «Кір жуып, кіндік кескен жер» деп алынады. Адам дене мүшесіндегі ең қасиеттісі кіндік. Кіндік қастерлі. Кіндік кесу тіркесінің туған жер ұғымымен астасып жатуының өзі сол қасиеттілігінде. Адам баласы жерге шыр етіп дүние есігін ашқаннан кейін оның анасымен байланыстырып тұрған мүшесі кесіледі. Кіндік – о дүние мен бұл дүниені жалғастыратын көпір ретінде орасан қызмет атқарады. Кіндік кесу осындай қасиеттерінің негізінде үлкен символдық мәнге ие болған. Қазақ халқының салт-дәстүрінде кіндікті тек қадірлі, сыйлы әйел ғана қиған. Ал сәби шетіней берсе, оның кіндігін ер адам киіз үйдің табалдырығында балтамен кескен. Кесілген кіндікті қастерлеп табалдырықтың астына көмген. Мұндағы ер адам – бастамаларды ұйымдастырушы, ал табалдырық – төменгі өмір символы. Қазақ ұғымында табалдырықты баспау, қадір тұту салты бар. Сондықтанда кіндік те адам аяғы тимеймін аса қадірлі жерге сақталынған

Әсіресе, қостілді жазушылар шығармаларында Отанға қатысты көптеген суреттеулер кездеседі. Р. Сейсенбевтың кез келген шығармасын оқығанда оның отанға деген ерекше ықыласын байқаймыз. Ауылдың өмірі, тіршілігі, ағынды сулары, таулары бәрі де әдемі суреттелген. Мысалы мына үзінділерден байқауға болады:

- *Земля родная, как я истосковался по тебе! – Камбар воздел к небу сильные руки, и наглазах его появились слезы радости* [107, 460 б.].

- *Добрался я до тебя, моя земля! Добрался! Счастлив был хоть во сне на моей земле. О аллах всемогущий, благослови меня, и ты, моя земля, благослови меня, дац мне силу!* [107, 460 б.].

О, родная земля, какой пакой и какая воля нужны человеческому сердцу, чтоб оно не лопнуло от внезапной радости при мысли о тебе, родная земля, родная земля! [107, 485 б.].

А Камбар все строчил и строчил из автомата, не снимая пальца со спускового крючка – пули фонтанчиками взрывали песок вокруг трупов его врагов, людей, которые обманули, унизили и обеспечели его, сделав предателем родной земли и лишив его самого главного в жизни – Родины [107, 502 б.].

Отансыз адам ормансыз бұлбұл деген қазақта сөз бар. Адамның Отанына деген сүйіспеншілігі, оның көмегі және қолдауы әрдайым қажет, бірақ ол Отан үшін қиындық туындағанда қажет. Одан кейін лингвокогнитивтік деңгейде отан және дала концептуалдық субъектілер ретінде біріктіріледі. Бұл жағдайда шығармада бұл лексемалар, әрине, Отан сөзінің негізін ауызша бейнелейді. Қазақстандық қос тілде жазылған шығармалардың көптеген үзінділері мұны айқын көрсетеді.

Жоғарыда келтірілген үзінділерден қостілді жазушылардың әлем бейнесі ұғымы күрделі құбылыс болып табылады, оның құрылымы тілдің әр түрлі синонимдік бірліктерін қамтиды. Мысалы, отан, дала, туған дала, ата-баба жері, туған жері, көшпенділер және т.б. Біздің ойымызша, авторлық

әңгіменің мазмұнын эмоционалды-семантикалық бояу кеңейтілді. Көріп отырғаныңыздай, «отан» - кешенді, синтезделген құбылыс ретінде жер, ұлы дала, туған жердің шаңы, дала шөптерінің хош иісі; балалар, анасы, отаны.

Зерттеу барысында орыс тілінде жазушының көркемдік дискурста қолданылуының жоғары жиілігі бар дала сөзінің негізгі сөзін бөліп шығарамыз. Мысалы, Ә. Әлімжановтың көркемдік дискурсінде ғана дала 300-ден астам рет қолданылады.

Билингв жазушының шығармашыларында кездесетін барлық отбасыларды біріктіретін басты мағына «отан, ел, туған жер» болып табылады. «Дала» сөзінің жиі және тұрақты эпитеттердің шеңбері анықталды. Ұзындығы шексіз, ашық, үлкен, зор, кең және т.б.

Желтая, тающая в знойном мареве степь, казахская степь без конца и без края, родная степь, вольно раскинувшаяся под чистым небом, - он думал о том, что на всем пространстве великой степи вершится спокойная и размеренная жизнь: там и тут мелькают сытые, проворные суслики, сылшен стрекот кузнечиков, взлетают и с шумом садятся стайки беспокойных воробьев, и это жизнь степи, с ее неизменным многовековым укладом, со множественном звуков, красок, линий, назойливо напоминала ему, что нет ничего в мире дороже и значительней, чем пространство, время, свобода [106, 246 б.].

Людской гомон затих. Молчали и джунгары. И тишина зловещая, густая тишина повисла над степью [106, 134 б.].

И зазвучали, зазвучали средь сонной тишины чарующие звуки сырная. Уставшие от походов, измученные многочасовой верховой ездой, воины расслабились, задумались, притихли. Эта печальная, эта нежная, эта сладкая мелодия не улетала вверх, как дым от костра в безветренную ночь, а стелилась по земле, проникала во все уголки сонной, безмолвной степи [106, 135 б.].

Бұл үзінділерден жазушының дала сөзінің керемет суреттеулермен жеткізгенін байқаймыз. Яғни отан дегеніміз ол – өмір. Сол өмірдегі барлық болып жатқан құбылыстар біздің ұлттық бейнеміздің бөлшегі.

Сол кезде қазақ халқының тағдырында маңызды рөл атқаратын шешуші тарихи оқиғаларды сипаттау кезінде Отан, халық, мемлекет, жер деген сөздерді автор пайдаланады.

Біздің байқауымыз бойынша, эталондық кеңістікті қамтитын басым «дала» мағынасы әлемнің ұлттық бейнесінің барлық тұжырымдамалық маңызды бөліктеріне енеді. «Адам», «Нағыз әлем», «Табиғат» үш негізгі семантикалық салалары бар траектория бар: Бұл тұжырымдама бізді сол түрдегі объектілердің белгісіз жиынтығы ойлау процесінде ауыстыратын ақыл-ой қалыптасуы деп есептеген С.А. Аскольдов [105, 104 б.]. Демек, біз семантикалық қоңыраулардың көп өлшемділігі туралы, барлық салалардың кескінді қалыптастырудағы қиылысы туралы айтуға болады.

Он тоже был зачарован мелодией, которая далеко разносилась по сонной степи и которую он никогда раньше не слышал. Кюй говорил о

народе, уставшем от войн, и то тяжело вздыхал, как усталый мужчина то плакал, как девушка, то рыдал, как мать, распустившая седые волосы и говорящая л своем убитом сыне... Топот, копыт, скрежет металла, свист летящих стрел – все было в этом кюе (137).

О история моей древней земли – ты пообна вспышкам молний в этой темной и дождливой осенней ночи, и я жажду увидеть хотя бы облеск этих вспышек, я хочу понять тебя, земля моя, степь моя!

О история моей древней земли – твоя судьба подобна мучительным родовым схваткам, и я хочу понять твоей вечной жизни, земля моя, степь моя!..

Скажи мне, о чем шепчет твой ковыль и шуршат камыши твоих озер, поведай мне о судьбе моиз предков, которые рождались и умирали здесь, в безмолвной степи...

Помоги мне, земля моя!.. Степь моя!

Я стою в степи у заброшенного кургана [106, 272 б.].

Отан және дала тұжырымдамаларының семантикалық құрылымы, әдетте, «кеңістіктің» (әлем бейнесі) категориялық мағынасын ұлттық сәйкестікте бейнелейді және осылайша, авторлық дүниетанымның, дүниетанымның ерекшелігін, орыс тіліндегі жазушының әлемдік көзқарасын анықтайтын ұлттық тілдің бейнені көрсетеді.

... Народ оплакивал Кушикбая. В эту темную ночь во всей необьятной степи Аркалыка лишь один осиретивший аул Уак не зажег костров, не жил, а плакал, готовясь в дальнюю дорогу, навьючив тюки со скарбом на черных ездовых верблюдов. И плач одинокого аула наполнил степь горечью и безысходностью, и не было конца этой невыносимой печали (Ә. Әлімжанов, Стрела Махамбета, 71).

А весенний воздух был по прежному слышался вековой шелест камыша у озера, и гуси испуганно хлопали крыльями, вырываясь из сладкого сна, чтобы тревожно покружить над озером и затем спрятаться на другом его берегу, и луна наконец-то встала в черном небе, прячась за кучевыми облаками, как будто бы и ей невыносимо было видеть кровавые слезы аула Уак [106, 71].

Дала сөзі және басқа да ұқсас нысандар екі тілді жазушының, оның көркем әлемінің көркем мәтінінің арнайы ұлттық-мәдени тұжырымдамалық саласын қалыптастырады. Сонымен бірге, ұлттық-мәдени доминанттар мәтіннің авторының субъективті, кейде бейсаналық қозғалысы мен авторлық себептермен мәтіннің оқиғасына байланысты мазмұнының шындыққа деген қарым-қатынасын анықтайтын мәтін авторының (ең алдымен, көркемді) іс-әрекеттеріне бағытталған. Бұл қатынастар субъективті мағыналар әлемі көрініс беретін, кез-келген әңгімелер мен сөйлеу генерациясын қалыптастыратын және басқаратын ерекше дискурстың аймағын құрайды.

2.5 Билингв жазушылар шығармаларындағы кейіпкерлердің берілуі

Көркем шығармада автор кейіпкерін тікелей өзі суреттейді не кейіпкердің мінез сипатын басқа бір кейіпкерлердің көзқарасы тұрғысынан береді. Қалай болғанда да мұның негізінде автордың өзі тұр. Авторлық мінездеме көркем шығарманың тұрақты компоненттерінің бірі.

Көркем шығарманы талдауда кейіпкерге қатысты айтылып, қатар жүретін тағы бір термин бар. Ол – көркем шығарманың құрамдас бөлігі ретінде қарастырылатын портрет. Портреттің мазмұндық және формалық түрлері, яғни көлемі шағын және көлемдісі болады. Талдау барысында портреттің сөздік құрамын қарастырудың да маңызы бар. Өйткені кейіпкер туралы жан–жақты мәлімет тілдік құралдардың сұрыпталуы мен қолданылуына қарай анықталады. Автордың портрет жасаудағы ерекшелігі кейіпкерді суреттеуде адамға қатысты қандай ерекшеліктерді қамтығанынан байқалады. Мәтіндегі портретте, автор әдетте адамның денесі мен оның мүшелерін, киген киімін, бет өзгерісі мен деене қимылын, тұрған тұрысын сөз етеді. Бұлар портрет компоненттері деп аталады. Әрбір компонентті суреттейтін, сипаттайтын сөздер іріктеледі. Ол сөздер адамның бүкіл сырт тұрпатынан бастап, ішкі сезім, жай–күйлеріне дейін сипаттап шығады. Г. Смағұлова «адамның сыртқы тұрпатын, яғни дене мүшелерін суреттеуде дене мүшелерінің атаулары, яғни соматикалық (грек сөзі – дене) атаулар (соматема) сипаттаса, ал киген киімін вестиалды (латынша – киім–кешек) сөздер (вестема) суреттейді. Қимыл-қозғалысын кинетикалық (грек сөзі – қозғалыс) сөздер (кинетема) тобы суреттейді» дейді [110, 72 б.]. Сонымен, портрет – көркем шығарманың тұрақты құрамдас бөліктерінің бірі ретінде кейіпкердің кескін-келбетін, жүріс-тұрысын, киім киісін суреттеу арқылы толыққанды бейне, кейіпкер мінездемесін жасаушы амалдардың бірі.

Портрет – кең ауқымды ұғым. Өнердің көп саласында портрет атауы жүреді. Портрет француз сөзі «portrait» «бейнелеу» деген ұғымды береді. Портрет кем дегенде көркем өнердің он саласында қолданылады екен: сурет, мүсін, әдебиет, театр, музыка, көркем фотография, телевидение т.б. Әр аталған жанрларда портреттің өзіне тән ерекшеліктері бар. Әдебиттегі портретті өнердің бейнелеу, сурет жанрындағы портретпен салыстыру басым. Сол арқылы «әдеби» портреттің сыр-сипаты, ерекшелігі танылa түседі. З. Қабдолов бейнелеу өнерінде портреттің ерекшелігі бір қалыпта, қозғалмай, өзгермей тұратындығы болса, сөз өнеріндегі портрет өзгеретін, қозғалатын жанды келбет, тірі кескін екендігін айтады [105, 119 б.]. Сонымен қатар, портрет сурет, бейнелеу өнерінде тұтас жанр болып табылады. Көркем әдебиеттегі портретті кейіпкердің сыртқы кескін-келбетін, қимыл-қозғалысын суреттеу деп қана түсінбеу керек.

Портрет – барлық шығармалардың тұрақты элементтерінің бірі. Басқа тілдік бөлшектермен бірге портрет те кейіпкер мінездемесін жасауға қатысады. Зерттеулерде портрет тар және кең көлемде қарастырған түрлері бар. Портретте кейіпкердің сыртқы кескін-келбетін суреттеу деп тар көлемде

түсіну бар. Портретте кейіпкерлердің сыртқы тұлғасын суреттеу ғана бар. Көркемсөз иесі кейіпкер тұрысын, қимылын, қозғалысын, киімін, дауыс мәнерін беру арқылы оның ішкі әлеміне бойлайды.Сыртық кескін мен «ішкі кескін» тұтастықта көрінгенде ғана портрет өз биігіне көтеріледі. Біздің жұмысымызда портрет кең көлемде қарастырылады. Оның негізгі қызметі – кейіпкер тұлғасын кескіндеу мен мінез-болмысын суреттеу тұтастықта алынады. Р. Сейсенбаев өз шығармаларында кейіпкерлерді төмендегідей суреттеп береді.

– Послушать его, так он всех чертей и ведьм победил, а сам вечером по темной улице пройти трусит, – засмеялся Сеиль, но его что-то кольнуло; вспомнился Кадыр, тощий, наглый, развязный, постоянно устраивающий всякие мелки пакости [107, 458 б.].

Бұл жерде жазушы Қадырдың мінезінің нашарлау екенін көрсеткен.

И не было в Великих песках девушки красивее Керимбалы, умнее Керимбалы, смелее Керимбалы, нежнее Керимбалы, дочери самого богатого, самого важного, самого знатного во всей округе бая [107, 461 б.].

А молодой табунщик Байсал был смел и силен, молодой табунщик Байсал был первым домбристым, лучшим певцом в Великих песках [107, 461 б.].

– Вот мы как раз этих русов и разыскиваем, – мрачно сказал молодой, широкоплечий, с коричневыми выпуклымиглазами мужчина. В молодости страик тоже был крепким парнем, и он симпатией слушал своего собеседника, назвавшегося Еркинбаем [107, 468 б.].

– Может быть, следы остались, - Вмешался в разговор второй мучжина, Жанай. Был он помоложе Еркинбая, но уже изрядно полысел. И голос у него был неприятный – пронзительный, тонкий [107, 468 б.].

*Черноусый, с широким лбом, он молча и стпенно слушал своих товарищей, теербя крупными жесткими пальцами бахрому с*катерти [107, 468 б.].

Молода карсивая женщина.... волнистые длинные волосы подчеркивали белизну ее всежего лица, пухлые губы были слегка тронуты неяркой помадой... Изящная походка, хорошая одежда... [107, 17 б.].

Высокий, красивый, модно подстриженный парень в форме летчика гражданской авиации с улыбкой глядел на Баян [107, 35 б.].

Неподалеку от студентов, за столом у окна, ужинал маленький старичок с совершенно белой узкой бородой и черным густыми, нависающими бровями ([107, 40 б.].

Густые черные брови, длинные ресницы укрывающие глаза, мягкий золотистый цвет лица – все это делало ее похожей на красавиц из казахских сказок [107, 248 б.].

Первый из вошедших, грузный, со шрамом на лице, расположился во главе стола и, крякнув, навалился на стол всем телом. По левую руку от него уселся лохматый высокий парень с золотыми зубами. Уселся и тут же зевнул, отчего зубы его засияли ослепительно. Третий из компании, худой,

подвижный, средних лет, засучивая рукава рубашки , глянул на студентов и кому-то их них махнул рукой [107, 41 б.].

Бұл жерде Р. Сейсенбаев үш бірдей кейіпкерді суреттеп береді.

Впереди отряда ехал он, Кушикбай, девятнадцатилетний красавец, молодой батыр уаков. Широкий лоб его крепко повязан белым платком, над большими карими глазами нависли густые черные брови. Лицо его посерело от дорожной пыли, и губы потрескались от жары и долгой скачки, но он крепко держался в седле [107, 75 б.].

«Тем более что откуда этому парню знать про Сауле, он и имени-то ее не слышал», - мельком подумал он, разглядывая Мергена, который еще в детстве был крупным, крепко сбитым, а теперь и вовсе стал батыром: плечи его раздались, обветренное, прокаленное степным солнцем лицо говорило о сильном духе и порывистом, рисковом характере, в глазах, которые прямо смотрели на собеседника, читались и доброта, и правдивость, выпуклая грудь, мощная спина выдавали его неожиденную силу [107, 129 б.].

Лишь Тобет, злой, узкоглазый, сохраняющий суровое напряженное выражение на своем смуглом лице, не сводил с пленников взгляда. И на девушку смотрел так, точно собирался живьем проглотить ее [107, 135 б.].

Мужчина был крепко сложен и высок ростом. Лицо у него было открытое, волевое. Про таких говрят: «И черт ему не брат». А к женщине очень шло определение «само изящество». Хрупкая она была, нежная, и в глазах ее мерцал свет – не то грусти, не то раздумья [107, 197 б.].

Ә. Әлімжановта өз шығармаларында кейіпкерлерді суреттеп көрсеткен.

Краешком глаза Нурбал вгляделась в поэта. Короткие черные усы, широкое смуглое лицо, чуть выдается подбородок. На голове островерхий шлем, на боку короткий кинжал в красивой оправе, на левом – сабля [107, 15 б.].

Выхаленный, курчавый паренек с тонкими губами и чуть развязной, самодовольной походкой уже был знаком Аскаром [106, 309 б.].

К Аскару подошел рослый мужчина ... и таких же галифе, в сапогах [106, 223 б.].

На дряблом потном лице резко выделялись узкие острые [106, 386 б.].

Кругом сидели незнакомые люди в кожаных шараварах ... доброй улыбкой [106, 398].

Я увидел ... японские кинжалы [106, 302 б.].

Коротенькое платьенце ... Волосы подобраны [106, 246 б.].

Навстречу вышел человек, острителнный наголо, худощавый в просторной трубахе стеганных штанах и в старых выцветших сапогах [106, 28 б.].

Переступая ... восьмигранная плетка ... [106, 121 б.].

Әрбір әдеби тұлғаны өз ортасынан адам ретінде бөлек оқшау танытып тұратын оның тек өзіне тән, өзгелерде жоқ және қайталанбайтын психикалық

ерекшеліктері болуы шарт. Суреткердің өмір шындығын жинақтау әрекеті әрқашанда оның адам мінезін даралау әрекетімен ұласып, ұштасып жатады.

«Шайтанның тағы» романын Р. Сейсенбаев өзін жазушы ретінде ғана емес, қазақ халқының ұлы гуманисті ретінде де жүзеге асырды. Романда барлық ұрпақтардың жинақы бейнелері көрсетілген. Бұл роман қазақ жастарына үміт сияқты, оларға деген жоғары сенім және дәрежесімен, әсіресе оның шығармашылық, білімді бөлігіне, рухани идеялардың өміршеңдігіне сенім ретінде жазылған.

Біздің уақытымыз тұрғысынан роман тым көп болып көрінеді және егер автор өзінің аспектілерінің біреуін немесе бір бөлігін «алып тастаса», ол өте тиімді болар еді. Дегенмен, роман 1981 жылдан бастап 1983 жылға дейін, тоқырау социализм кезеңінде жазылған, онда тіпті ақылды адамдар болашақтағы өзгерістердің нұрын байқамаған. Сондықтан роман жазу уақытының тұрғысынан бұл өте ауқымды жұмыс.

Мүмкін, ол автордың «жыртқыш ұстамасын» бір романда өзінің уақытының барлық ауыртпалықтарын жинау үшін түсіндіреді (алауыздық пен қорқыныштың алкоголизмі, соғыс себептері, ауру, әділетсіздік, өлім, жалғыздық, шығармашылық ізденістер, қасірет шеккендер, уақыттың тәуелділігі) бүгінгі күннің болашағы, қазіргі және тарихи тамыры туралы түсінік, қанның есімі және т.б.), бүгінгі күннің өзектілігін жоғалтқан жоқ. Автор түрмеге сотталғандардың жандары арқылы шынайы шындықтан аулақ бола алады. Дегенмен, шындық – дәл сол жерде. Шынында да, статистика бойынша, жас жасөспірімдер басым, кейбіреулері олардан ешқашан қайтарылмайды. Жартастың «қылыш», қатыгездікпен өмірдің әділетсіздігі жастардың тағдырын өзгертеді. Бұл кітапты кеңес оқырмандары арасында кеңінен таралған басылымдарға қарсы шыққан кітапты тыңдағаны туралы түсіндіреді. Бірақ бұл құнды роман ғана емес. Егер кітап дереу жарияланса, онда, менің ойымша, қазақ жастарының арасында ұлттық сәйкестілік күшейе бастаған 1986 жыл. Өйткені, мұндай кітаптар өзін-өзі тануды, тарихтың тарихын, өткен кезеңнің өркениетінің аясында тарихи кезеңнің арнасына айналдыруға деген ұмтылысты қолдайды. Қазақ қоғамы, атап айтқанда, осы кітаппен менің пікірімше, оның тарихы мен еркіндігінің «тынысын» алды.

Сюжет толқындарда қызмет етеді. Бір мезгілде кейіпкерлердің әдеби шығармалары мен мифологиялық суреттері ұсынылған: Керім \ Мұқағали Мақатаев, Ескендір, Хемингуй, Шукшин, Юрченко \ Қобланди, Досбол \ Абай, Алеша Семенов \ Есенин, Абылай \ Күшікбай аңызы. Олар кейіпкерлердің тағдырында шешуші рөл атқарады. Романның кейбір бөліктері ашық тұрған жерлерде қалды (Рәсімнің осы бөлігінде пайғамбарлық деп санауға болады) – осы «геннің шамға мөрленбегені» әлі күнге дейін Насыр Жұмановтың, Колхозжан Қаражановтың, Алескеровтың ресми сыбайлас жемқорлықты бейнелейтін тағдыры қандай болмасын белгісіз.

Шайтанның тағы – бұл Шайтан мен адам арасындағы қақтығыс сызығы, еркіндік пен еркіндіктің жоқтығына «түрткі» болған, түрме сюжетін

көрсететін философиялық және моральдық компонент. Бірақ, роман бойынша, «Шайтанның тағы» адам, жүйеде, мемлекетте, отбасында, сенімде, еркіндікте және түрмеде «бірге жүріп, бірге өмір сүре» алатыны анық. Және де «онымен» күресу керек, тіпті өмірдің құны. Абылайдың әжесі Мақпалдың айтқаны аға ұрпақ жастарға ескертеді: «... Мұның бәрі сенің таққа көтерілесің, ал сенің таққаның құлдырауы, құлап қалу керек ... ! Сіз бәрін жаулап алуды қаласаңыз, адамның бет-әлпетін жоғалтпай, адамдарға айналмау үшін адамдарды қорлауға, үрейлендіруге және қорлауға, адамдарды үрейлендіруге және қорлауға мәжбүр болу керек ... Адамның жүрегі бар болса, басқаларында бос немесе тас бар. Ал егер сендер саңырауларыңа, көршіңнің азабына немқұрайлы қарамасаңдар, жүрегің шайтанның тағына негіз болады, ал тақ жарылқау мен қапысымен уландырылған ауадан тұрады.

Р. Сейсенбаев көшпелі тактиканы қолданғандай, романды жазды: ол өзінің «емдеуі» үшін қарсылас ретінде соқты: ол екі кейіпкерді таныстырды, ол сюжетке қызығушылық танытты, қызықтырды және біраз уақытқа қалды; ал содан кейін тағы бір сюжеттік актора, басқа жұп актерлермен (бірақ олардың біреуі қазірдің өзінде таныс – бұл тоқу жіптерімен байланысты); толқындардан кейінгі толқындар – әңгіме бойы. Нәтижесінде, романның киіз үй-ғарышқа толы көлемді тіршілікке толы.

Бірақ бұл шеңберлер мен толқындар тек құмдар сияқты көлденең емес, сонымен қатар уақыт пен кеңістікте тік болады. Біріншіден, жазушының көз-қарасы өтпелі кезеңге түседі: соғыстан кейінгі жойқын және кедейлік, соғыс; көбірек шөл - алдыңғы оқиғалар туралы: біздің драмалық тарихымыздағы он сегіз баланың әжесі тек бір ұлы Ескендірді аман қалдырды; ақыр аяғында аңыздарда: ақын-жыраудың өлеңінде Күшікбай батыр туралы, кешірімнің құрметі мен батылдығы туралы әңгіме болды.

Сондықтан романның эмоционалдық гаммасында алдымен көңілді, содан кейін қайғылы және қатты. Екіншіден, ғарышта: өмірдің пирамидасы салынған, немесе оның «жертөлелері» бар қоғамның құрылысы, төменгі жағы: сүйіктісінің құрметіне арналған рыцарьмен күрескен негізгі кейіпкер құлағаннан кейін мәжбүрлі еңбек лагері. Егер романның алғашқы екі бөлігінде әдеби және көркем богемияның ортасы бар болса, онда көктемде бәрі ашық, ал адамдар «жан күйзеліс» деп аталады, ал үшінші және соңғы «түбінде» тозақ «Майлы емес болу үшін – тірі болу үшін»: ұрылар әлемі бар (бұл ештеңе жоқ, өйткені диалог пен ауыр заң бар, ол Калина қызыл».

Романның барлық кейіпкерлері – жас адамдар, бірақ қандай да бір беймәлім және толқынсыз: өмірде не үшін өмір сүре алмайды және істей алмайды. Әр адамның мінез-құлқы мен өмір ырғағын алдын ала анықтайтын жыл мен дәстүрдің ескі ұстанымдары-бұлыңғыр, қайтымсыз өткенге, ертегіге, аңызға алып келді... олардың соңғысы Мақпал-Абылайдың әжесі. Бірақ XX ғасырда туған-өмірлік тамырларын ажырату үшін тарих жақсы дамыды: оның он жеті баласы әртүрлі аралықтарда өлтірілді. Ұлы Отан

соғысы жылдарында: Айша, Абылайдың анасы, іше бастаған, өз еркінен айырылған...

Ал келесі ұрпақ – жұмыс істеп тұрған адамдардың негізгі сүйектері – бұл мүлдем қуғысыз тіршілік; егер отбасы бала кезінен кездейсоқ болса, онда ол бастапқыда жалған, өтірік. Сауле, джинсы киген тәккапар жігітпен танысады, Абылайға айта алмай жүреді. Оны жақсы көрсе де, комсомолдық-аспирант мансабын Сәлімге үйленбейді (міне, оң адам, жаңа тұрақтылық қандай екенін меңгердім: иерархиялық мемлекетте дұшпандық), міне, ол арба сырғанайды, бірақ ол Сәуленің құрметіне түскен Абылай әпкесі алдында ұят болды, ренжісіп, лагерьге түсті... суретші Қайраттың отбасы да ыдырады: ол өзінің жары Қатира мен Айгүл қызымен бір жыл тұрмай тастап кетті, ол жалғыз махаббатты күткен еді. Міне, ол келді-өмір бойы Баян-журналистке деген махаббаты еді. Олар бірнеше жыл бойы үзілген және бір-біріне қатты байланған-неге үйленбесің? Бірақ Баян қираған ұшқыш-оның бірінші күйеуі, Омар, романтикалық көрінісіне кедергі келтіреді...

Жас кейіпкерлер өздерінің өтпелі күйін ұстап тұрғандай көрінеді: жанның ішкі дүниесіндегі дауыстарды және олардың табиғи өмірінің ерік-жігерін мұқият және жан-жақты сезінетін, бірақ өмірдің ауыр түрлерінде ұсталмайтын және жалпы азаматтық-өркениетті өмірдің барлық құрылымдары.

Абылайдың естеліктерінде бала кезінен естіген ата-аналардың диалогы бар: әкесі адвокат болғысы келеді, анасы – өнер адамы. Бірақ қорытынды: «Егер Абылай шынайы жігіт ретінде өссе, ол кім болса да, біз өмірімізді еш нәрсе үшін өмір сүрмейміз».

Роман жарқын эмоционалды, тіпті экстатикалық жандарды бейнелейді және жақсы нәрсе іздейді. Бірақ олар көшпелі лагерьдің қарапайымдылығынан азаматтық қоғамның күрделілігіне ауысу кезінде туындаған көптеген құндылықтар мен қарама-қайшы түсініктерге төтеп бере алмайды. Шығарманың соңында жеке және қоғамдағы азаматтық және рухани мәдениетті алға басып көрсетуді көздеген авторды байқаймыз.

Олардың әрқайсысында өзінің жеке сюжеті, өз кейіпкерлері және кеңістік пен уақыттың орны бар. Сонымен қатар, бұл автордың «Тақтың тағдырын» құрастырмай тұрып өткен жолдың негізгі кезеңдеріне ұқсайды – оның ең терең әрі ауқымдылығы.

Сыртқы қызығушылық, кинематография – бұл тәж және тамыры адамдар өмірінде, ғасырлар бойы өмір сүру жолында, ізденіссіз жоғалмауы керек емес. «Так ждал я этого лета» әңгімесінің ең тартымды сахналарының бірі – бұл жолдан тайғандар мен даланың кішкентай сәбиі бір шеңберде кездескен кездегі би. Олар қанды драмадан шығудан бірнеше секунд бұрын халық болуға келісті.

«Қашқын» шығармасында: өзіңнің туған жеріне жүктеген ауыртпалық туралы, өзіңді және басқа қанмен көлеңкеде жүру туралы, бірақ өмірсіз, қатал және түссіз өмірге айналады. «Және оның туған жерінен кешірім болмайды», - деп жазды автор өздерінің Отанына оралған соң, Құдайберген

мен Бексұлтанның екі бұрынғы басмашы туралы әңгімесін аяқтады. Кешірім жоқ, бірақ олар бұған келіседі. Өйткені, олар өздері оралды, бірақ қайтара алмады, себебі адамның үстінен шаңға айналғысы келмейтін болса, одан бас тартуға болмайтын нәрсе бар.

Р. Сейсенбаевтың басқа да еңбектерінің көпшілігі, әртүрлі халықтардың балалары тығыз қоныстанған, олардың ұлттық тамырларын еске алып, бірге өмір сүріп, осы жерді бірге құрып, ұтылып, бірге жоғалып, қуанып, қайғырып жүргені тән. Халықтар достығының тақырыбы үнемі және дәйекті түрде жүзеге асырылып, алғашқы, априориттік араздық пен үйлесімсіздік мифтерінің жойылуына ықпал ететіні қуантады.

Әңгімелердің қайғылы аяқталуы, бірақ бұл қолайсыздықтар болған кезде, қайғымен емес, қара көздің қара жапқышымен жабылған. Ұл адамдардың қайғы-қасіреті немесе өлтірілген, немесе уақытша қорқынышты, бірақ бұл ащы тәжірибе бекер болмайды деген үміт. Керісінше кейіпкерлер үшін емес, оқырмандар үшін.

Тозақтың күйі, тіпті бір сәтке де, жолды жарықтандырады және дүниедегі заттардың саны артады.

«Махамбеттің жебесі» романында Ә. Әлімжанов ақын мен халықтың қайғылы тағдырына кездейсоқ тоқталмайды. Ақынды сол бір құлшыныс күреске шығарған нендей объективті және субъективті себептер? Бұдан бір жарым ғасырға жуық уақыт бұрын өмір сүрген ақын мен халық ерлігінің ақиқат мәні неде? Қаламгерді толғандырған негізгі жәйіттер осы екі мәселенің төңірегінен табылуға тиіс. Біздің міндетіміз осынау қоғамдық-саяси маңызы зор проблеманың идеялық-эстетикалық шешімін табу жолында жазушы пайдаланған көркемдік құрал мен тәсілдердің дәуір тынысын толымды суреттеуге жұмсалған күш-қуатын, қыры-сырын ашу болмақшы. Сонымен біздің көз алдымызға – XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Бөкей (ішкі) ордасының әлеуметтік шындығы келеді. Сол кезеңдегі қазақ даласы үшін феодализм деген не еді? Ол, біріншіден, патшалық Ресей тарапынан отаршылық саясаттың күшеюі, екіншіден, жергілікті феодалдардың еңбекші бұқараны аяусыз қанау нәтижесінде баю үстіне байи түсуі еді. Романда осы мезгілге тән тенденциялық сипаттарды жақсы аңғартатын сәтті эпизодтар мен детальдар баршылық. «Әскери азулы атамандар біздің жерімізді бейне қансоқталы қой өлімтігіне айналдырған: генералдар, офицерлер, хан мен қожаға сол жемтіктің майлы сүбесі мен кемік басты жілігі тиеді де; қара халыққа мүжілген қу сүйек қана қалған. Егіндік жер мен жайылым жұлмаланған терідей. Жәңгір хан қазақты ақсүйек пен қара деп екі жік, екі тапқа бөліп бітті», - деп ашына айтқан ащы сөздерді біз Исатай батырдың аузынан естиміз. Жәбір көріп, жапа шеккен жарлылардың қайғысына күйінген Исатай хан сарайын тастап шығарда Бекмұхамет сұлтанмен егес сала сөйлейді. «Қан майданда бетпе-бет кездесетін, белдесетін күн бар алда!» – деп ашық ызасын білдіреді. Әлеуметтік тұрғыдан теңсіз қоғамдағы өз орны туралы тұңғыш рет ой толғаған жас ақын жанындағы телегей тоқыныс сәттерін Ә. Әлімжанов нанымды көрсете білген. Халқының қасіретін сергек

жүрегімен егіле сезінетін ақынның ояну, түлеу шақтары нағыз өмір шындығымен бетпе-бет келіп көз жеткізгенде басталды. Автор осы бір психологиялық нюансқа ерекше көңіл бөледі. Исатай сөздерінің туралығын Махамбет өз көзімен көреді. Шекті ауылымен кездесу эпизодында кейіпкер тізе батып, қорланған жандардың адам аярлық аш өзек жүдеу жоқшылығын байқайды. «Көрініс сұмдық еді... Қалтыраумен күн кешкен жылаулар өңшең. Аттылы көрсе қаза шығарғаннан бетер шошынатын. Ешкіммен ұшыраспас үшін табан асты жолдан шыға босатын». Қай жерде болмасын, ақынның көретіні – еңіреу мен езілу, жылау мен жұтаң тіршілік. Жәңгір мен оның одақтастарының қуғынан жасырынып, Махамбет досы Жантаспен бірге Кіші жүзді екіге бөлген шекарадан асып шықса да жанға сая тыныш өмірге жете алмайды.

Романда суреттелетін бар оқиға, құбылыс ақын қабылдауы арқылы немесе Махамбет өмірімен тығыз байланыста көрініс береді. Айналасындағы өзгерістер үшін өзін жауапты сезінетін қаһарман характеріне олар әрқашан тиімді әсер етіп отырады. Сондықтан да жазушы трактовкасы бойынша Махамбет мінезі күшті де шыңдалған боп, әрі ойлы-қырлы боп шығады. Қысқа өмірінде Махамбет көпті басынан кешірген: кезінде Бөкей Ордасының күміс көмей, жез таңдай ақыны атанды, хан жақын тартып, бауырына басты, бірақ, кейіннен «қарадан» туған өнерпаз өз орны мұңы бір, күйі бір, ұрандап соғар жалынды жырларын жүректерімен ұғатын қандас бауырлары – жұпыны, жүдеу еңбекші халық ортасында екенін білді. Махамбет поэзиясы хан, сұлтан мен байларға емес, қалың бұқараға керек еді. Өмірінің соңына дейін ақын таңдаған жолына, халқына адалдығын сақтап кетті. Шығармаға ірі тарихи тұлғаны арқау қылған автор бірінші кезекте кейіпкердің біз оны, дәл мағынасымен айтқанда, тарихи тұлға деп санауымызға мүмкіндік беретін кесек әрекеттерін әсіресе бөліп көрсетеді. Жазушы үшін батыр азамат атқарған тарихи іс, ол жасаған ерекше екшеулі ерліктің терең мәнді сипаты бар. Махамбет ең алдымен өмірде кешкен ірі-ірі оқиға, іс-қылығымен тартымды. Сондықтан да Ә. Әлімжанов кейіпкерінің тарихи қайраткерлікпен көп қырлы, өрісі кең байланысын «кең көлемде» алуға тырысады. Қаламгердің ақыл-ой, адамгершілік күш-жігерін тарихи мәні мейлінше толық әрі анық көрінетін жағдайларға бағыттап жұмылдыра білген азамат ақынды бейнелеуге ұмтылуы да осыдан. Бөкей ордасының әлеуметтік шындығы еңбекші бұқараның Жәңгір хан бастаған бай, сұлтандарға жалынышты күйін күшейте түсті. Мұндай жер табандаған кіріптар тәуелділік көшпенділердің рухына сай емес еді. «Қазақ тым еркін ерке халық. Қойшысына дейін аш жүрсе де арын жоймаған. Маңдайымыздың бес батпан соры мен жылтырақ бақыты осыған орай болмасын», - дейді Махамбет, 1825 жылы Даль-Луганскиймен бір әңгімесінде. Бұл – жәбір шеккен қанаудағы халық жорық шеруіне шығу керек деген сөз. Махамбеттің орыс ғалымымен кездесуі өмірде болғанын анық білмесек те, ақынның осылай ойлауы, осы түсінікпен араға он жыл салып, 1836-1838 жылдары халықтық қозғалысқа басшылық етуі әбден табиғи құбылыс екеніне иланамыз. Роман – бас кейіпкерледің қайғылы

өлімін суреттеумен аяқталады. Бірақ, жазушы үшін қаһарманның өмірі асқақ мұраттары маңызды. Өйткені сол бір ермінез азаматтарды басын оққа байлап, қатерлі күрес жолына түсуге шақырған өміршең өршіл мұраттардың алау жалыны текке кеткен жоқ. Гуманизм, патриотизм, интернационализм – адамға етене тән қасиеттер.

Махамбет – ханға қарсы шыққан сүңгі тілді ақын ғана емес, қасірет шеккен халқын соңынан ерте білген батыр, қолбасшы.

«Махамбеттің жебесі» – көтеріліс жайлы, халық батырлары Исатай мен Махамбет жайлы роман. Елін зұлымдық пен зорлыққа қарсы бітіспес белдесуге бастай білген де солар. Бұқара қозғалысы сәтті аяқталмағанмен, қалың жұртты қасірет бұлты торлағанмен, бұл сияқты әрбір қимыл – азат өмірге қарай жасаған батыл қадам есебінде әрқашан қымбат. «Махамбеттің жебесі» романында Әнуар Әлімжанов қазақ халқының тарихындағы айрықша әлеуметтік мәні бар оқиғаларды бейнелеген: сол себепті де өміріндегі осына ірі құбылыс жер шалғайлығына қарамастан басқа ұлт өкілдерінің тағдырына да ықпал етеді (Хиуа, Петербург, Орынбор, Нарынқұм). Көтеріліс әдепкіде шағын сипатта еді: қазақ кедейлерінің Бөкей ордасындағы қанқұйлы езгімен бетпе-бет тартысты. Бірақ жазушы бұл тартыстың тамыры терең, әрі зор көлемге ұлғайып кеткенін сенімді көрсетеді. Жергілікті қақтығыс сахарадағы антагонистік таптар арасындағы қоғамдық мәні зор тартыс дәрежесіне дейін өседі. Әнуар Әлімжанов – әдебиеттегі тарихи тақырып саласында белсене еңбек етіп жүрген қаламгер. Тарихи дәуір оқиғаларының динамизмі мен трагизмін шебер жеткізетін «Махамбеттің жебесі» романы – жазушы үшін бір саты сәтті ізденіс жемісі.

3 БИЛИНГВ ЖАЗУШЫЛАР ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ КАТЕГОРИЯСЫ

3.1 Автордың әлемге көзқарасы

Шығарма – қандай да болмасын автордың еркінен тыс «ғайыптан» дүниеге келе салатын құбылыс емес. Мұнда суреткердің азаматтық позициясының алатын орны орасан зор. Жазған шығармасына қарап жазушының қандай адам екендігін, ой-өрісі мен моральдық кескін-келбетін, жалпы адамзаттық ұстанымын, қасиеттерін анықтау аса қиындық туғызбайды. Қолыңызға түскен кез келген көркем шығармаға назар салып, оның мазмұнына тереңірек үңіле түссеңіз, суреткердің ой-пікірі, автопортреті шыға келетіндігі белгілі. «Шындықтың ауылын іздеп түстім жолға» деген ақын С. Торайғыровтың сөзін ұстанған қарымды қаламгерлер әдебиетімізге жетерлік. Демек, суреткердің шығармашылық қызметінің шығатын негізгі бұлағы оның өз басынан көрінетін рухы, өзіндік ұстанымы, көзқарасы. Біз сөз еткелі отырған автордың әлемге көзқарасы концепциясы да шығарма арқылы жазушының айтар ойы, оның әлем құбылыстарына, өзгерістеріне, заман ағымына туындыдағы кейіпкері арқылы жауап қатуы. Әр туындыдағы кейіпкер сөзі, монолог, диалогтары арқылы, әр кейіпкердің іс-әрекеті мен ой-түйіндерімен байланысты өз қағидасын астыртын жеткізіп отырады.

«Көркемдік тұрғысынан дүние сырын игеру – жаратылысы шындығына, әр нәрсе, әр құбылыстың мән-мағынасына талдау, саралау жолымен жай ойлана үңілу ғана емес, ол – ең алдымен күллі әдемілік әлемін, сұлулық сипатын бар табиғатыңмен беріліп, жан-жақты тану, рухани жан-жылуыңмен егжей-тегжейлі сезіну. Платон мен Аристотельден бастап ғасырлар бойы адам баласы, ақыл-ой, парасат осы дүние көркі мәселесі төңірегінде үзбей толғанып келген. Бұл тақырыпқа байланысты қазіргі заман эстетикасында да пікірталасы толастап көрген емес. Мұны байыпты шешу – көркемөнер қазынасының бір жұмбақ тылсым құпиясын ашу деген сөз» деген академик Р. Нұрғалидың пікірі жазушы үшін де аса маңызды [111, 192 б.]. Ал көркем шығарманы бейнелер кездегі жазушы суреткерлігі мен ойшылдығы аса маңызды. Алайда олардың өз атқарар қызметі де бар. Мәселен, суреткерлік өмірдегі жай көзге танылмағанды таныту, жұрт байқамағанды аңғарту, елемегенді електен өткізіп көрсетіп беру, шын мен жалғанның, ез бен ердің, адал мен арамның, кесепат пен парасаттың ішкі-сыртқы белгілерін таңбалап беру, бақыттың бағына қуанту, жақсылыққа тебіренту, зұлымдыққа лағнет айтқызу. Ал ойшылдық болса, жазушының осы қасиетіне имандай иландырып, айтқанына ажар беретін, көрсеткеніне көрік беретін, көрік бітіретін, шығармасына жан беріп тұрған күрделі күретамыр іспетті. Суреткерлік – жазушы зеректігі дейтін болсақ, ойшылдық оның зерделілігі, кемелділігі, бейнелеп айтар болсақ, кеменгерлігі. Демек, ойшылдық пен парасаттылық суреткер сырының сымбаттылығы ғана емес, айтар идеясының да құндылығы, жасаған образдарының жан дүниесінің мөлдірлігі, ой-сезімнің тереңдігі, көргені мен түйгенінің молдығы [112, 174].

Суреткер өз шығармасында тек сұлулық қана емес, әлемдегі жаратылыстың алуан түрлі сипатын бейнелейді. Өмірдің шынайы құбылыстары мен оқиғаларының түрлі тасқыны арасынан керекті, қажетті, мағыналы әрі маңызды деректерді көре білу үшін де асқан зергерлік зерденің қажеттігі анық. Қостілді жазушы, күйші Т. Әсемқұлов өзінің «Талтүс» шығармасында өмірдегі бақытты күн ұғымын былай баяндап бастайды: «Бақытты балалық шақ деген сөздің мағынасын ешқашан байыптаған емес. Тіпті, балалық шақ болып па еді, есіне түсіре алмайды. Әйтеуір бастан өткен бір тағдыр бар. Тәттісінен ащысы көп, қуанышынан өкініші, қамырығы көп.

Бір ғана шын бақытты күн болыпты. Бүкіл дүние алаңсыз тіршілік жырына ұйыған жаз екен дейді. Екеуі қол ұстасып алыс көкжиекті бетке алып келе жатады. Жолда қаншама иісі аңқыған өзен-көл, ойран-көгалдар, гүлі бұлықсыған қаншама жазира жатыр. Ешқайда бұрылмайды, тек алға қарай жүре береді, жүре береді... Білегінен нық ұстап жетелеп келе жатқан бұл адамның кім екенін де білмейді. Әйтеуір жақсы, мейірімді адам. Ұзаққа созылған бір күн сияқты. Сол адам бір күні жоқ болды. Оның қайда кеткенін, тіпті осы – өңінде көргені ме, әлде түсіне кіргені ме, оны да білмейді. Тіпті түсінде көрсе несі айып? Ең бастысы көрді емес пе? Жүректе ешқашан арылмайтын тәтті мұң қалды. Көңілде ешқашан өшпейтін аяулы бейне қалды...» [113, 10 б.]. Балалық балғын шағынан анасынан айырылған Әжігерейдің ойын, дүниеге көзқарасын суреткер осылай бейнелейді. Сәби үшін ең бақытты шақ – ата-анасының аяулы алақандары мен мейірімі. Ал сол мейірімге қанша жүректің құштар екендігін автор сәби көзімен бейнелеп, оның шын бақытты күнін анасымен бірге өткізген кезіне әкеліп қояды. Шын бақытты күнмен қарсы ең қасіретті күннің барын да автор кейіпкер баяндауымен ерекше бейнелейді. Дүниеде қуанышпен қатар қайғыны қатар жүреді деп есептер болса, сол қайғының әр адам баласының басында болатындығы мәлім. Жастайынан атасының қолында өскен Әжігерей енді сол атасынан айырылып қалды. Автор осы тұстағы кейіпкердің ішкі психологиясын, жанайқайын былай жеткізеді: «Күн өткен сайын ұзап бара жатқан адамның шын қадірін, шын сырын енді біле бастағандай. Адам, бар болғаны жел өтінде өскен бір тал құрақ, жаратылыстың ішіндегі ең әлсізі. Бірақ та ол – ойлай алатын, сезе алатын құрақ. Оның ғұмырын қию үшін бүкіл болмыстың күшінің керегі жоқ. Бір тамшы судан қысса болды, семеді де қалады. Артынан қара боран соқса, тамырынан жұлынып кете барады. Бірақ болмыс адамды жоя алғанымен, адам бәрібір болмыстан биік, себебі ол... болмыстан әлсіз екенін, өмірінің таусылғанын сезе алады, жанын қиып кете алмай қиналады, ал болмыс ештеңені сезбейді, ештеңені түсінбейді.

Адам өзі жақсы көретін етжақын адамының өлгенін көрмейінше өлімнің не екенін пайымдамайды, түсінбейді. Жақсы көрген адамың өлгенде ғана өліммен шын жолығасың. Өлімде ешқандай мағына жоқ. Баяғыда атасы айтқан әңгіме есіне орала береді. Бақса, ол әңгіме ешқашан есінен кетпепті де... Дүние есігін ашқан періште баланың өлімі. Енді, міне, атасы кетті бұл дүниеден. Жасың сегізде ме, сексенде ме, дүниеге жаңа келдің бе, я қартайып

талқаның таусылды ма, оған бәрібір. Өзің жақсы білген, жақсы көрген, жаныңның бір бөлігіне айналған адамың өлгенде, сенің ішіңде де бір нәрсе өледі. Өлім – адам өзгерте алмаған жалғыз ғана байлам екен. Басқаның бәрін өз ақылына бағындырды, айтқанымен жүргізді. Өлім ғана адамның билігінен тыс, пәк күйінде қалыпты. Пенденің арманы таусылған ба? Қолынан келсе өлімге де билігін жүргізер еді. Бірақ өлім – адам ешқашан аттай алмайтын шектің ар жағында, тылсым дүниесінде тұр. Адамның қолы оған ешқашан жетпейді. Адам тек қана өле алады. Сондықтан өлім – дүниедегі жалғыз ғана шындық, кір шалмаған жалғыз ғана ақиқат. Өлім барлық ақиқатты ашады. Әр заттың дүниедегі шын орнын көрсетеді. Адам болу үшін көп көру керек. Өнер алды – адам болу. Атасы өз бағасын өзі айтқан адам болатын. Өз бағасын білген адам басқаны да түсінеді. Барлық адамды түсінеді. Атасын жақсы көретін. Жақсы көретін жөні көп, бірақ ең бастысы, бұның ырқы мен ықтиярына деген құрметі үшін жақсы көретін. Түптеп келгенде өмір деген рахат та емес, қасірет те емес. Өмір деген – іс. Атасы өз ісін аяғына дейін адал жеткізді. Бір адамға осынша хикметтен өту оңай ма? Таң атқанша ықылымға сіңген аяулы бейнені ойша әлденеше рет елестетеді. Көзінің алды буалдыр тартып, көңілі босап, өзін қанша жұбатып, алдарқатқанмен, санасымен құлазып қалды» [113, 221 б.]. Жалғандағы жалғыз ақиқаттың өлім екендігін, ал сол ақиқаттан ешкімнің қашып құтылмайтындығы анық. Осы тұста «Қайда барсаң да Қорқыттың көрі» деген аңызға айналған сөз ойға еріксіз оралады. Суреткер күллі адам баласына тиісті осы ұғымды кейіпкердің ішкі толғанысы арқылы ескертіп отыр. Автор өзінің өлім туралы концепциясын тереңірек ұғындырады: «Пенденің жалғыз жұбатушысы – өлім. Ал, ешқандай қызық көрмеген, өзінің құс қанатындай қысқа өмірін жоқшылықта, қорлықта, аш-жалаңаш жүріп өткізген адам үшін жалғыз ғана үміт – ол да өлім. Атасы айтады, дүниеден небір пайғамбарлар өткен, сол пайғамбарлар өмірінің соңында барлығы да өлімге бас иген деп. Біреулер ойлайды, жоқшылықта өткен адам басқаның бақытын қызғанып қорланады, сол қорланғаннан, өзіне бұйырмаған бақтан барып өлімге жүгінеді деп. Бұдан өткен қате болмас. Адам пенде қырық құлаш зынданның түбінде жатса да, өмірден үмітін үзбейді. Ал өлім деген басқа, ерекше бақ. Әрбір адамға кесімді күні келетін тәни өлім емес. Пақырлықтан кемелденген, бес жасар баланы пайғамбар дәрежесіне көтеретін ерекше түйсік ретіндегі өлім» [113, 116 б.]. Суреткердің өмір мен өлімнің аражігіне толы баяндаулары оқырман санасына жетпей қоймайды. Өмірдің өлім екендігі шын болса, өлімнің де өмір екендігі соншалықты ақиқат екенін дәлелдеуге тырысады. Осы арқылы оқырманға әлем түгелімен шындықтан, ал ол шындықтың соңы өлім екендігін жеткізеді. Заманалар, тұтас өмір мән-мағынасын айтқан кезде атақты ақын Біләл Назымның мына бір өлең жолдары ойға оралады:

«Ойламаңыз, талапкерім, жортуылдап ер өтер,
Өміріңді күйге бөлеп, күлкі сыйлап жар өтер.
Сан сайраған бұлбұлдың да гүлін құшып ол өтер,
Нар жолында жүк қалар ма, халқымен бір ер өтер.

Кешірімді бол, адамдар, бастан талай сөз өтер,
Мынау ғұмыр бәріңнен де жүйрік аттай тез өтер» [114, 75 б.].

Жазушы Р. Сейсенбаевтың «Құм кезген өліктер» романы да тұнып тұрған трагедия. Себебі, жазушы әлем тағдырының өлшеулі межеде болатындығын көрсетіп береді. Адам баласының тағдыр-тауқыметі де көк аспанның алдында айна қатесіз жазылып қойғандығын бейнелейді. Бұл роман-эпос цивилизацияның күйреуі турасындағы суреткердің жан айқайы іспетті. Сонымен қатар оның жан-дүниесін күйзеле айтқан трагедиясы Ана-Жерде өліп жатқандарға сақтану жолын ұсынды. Осы роман төңірегінде орыс жазушысы Даниил Гранин мынадай пікір білдіреді: «Жазушының оптимистік трагедиясы бізге Ана-Жерде өмір өлмейді деген үміт отын ұсынады.

Айналайын күркіреген көк аспан барда, ғарышта тоқтаусыз айналып тұрған қайырымды Жер-Ана барда, Дешті Қыпшақ даласы да тірі болмақ. Ал Дала тірі болса, адам да тірі».

Адам – қоғамдық құбылыс. Себебі, қоғамдық үдерістің негізгі қозғаушы күші де, оны өзгертуші де адам. Ендеше, адам жансыз робот емес. Ол асқақ ой-сезімнің иесі, ол қуанады, қайғырады, ойланады, қысқасы, күллі қасиеттің барлығы оған жат емес. Демек, адам қоғамдық қана емес, рухани-психологиялық құбылыс. Ал көркем шығарманың ең бірінші объектісі адам болғандықтан, оны әрі психологиялық, әрі қоғамдық құбылыс ретінде бір-бірімен байланыстыра зерттеп қарастырамыз. Көркем әдебиетте де автор өз әлемге деген өз көзқарасын ең көп жағдайда саналы кейіпкер, яғни, адам арқылы білдіріп отырады. Анықталған дерек бойынша, шығармашылық адамының шынайы бейнесі, өмірі және ол өмір сүріп жатқан дәуір табиғаты суреткердің де шығармашылығында барынша толық бейнеледі. Бұл – тек қана теориялық болжам емес, шын мәнісіндегі ақиқат. Демек, автор шығармасында кездесетін әлем жаратылуы, ондағы сан алуан құбылыстар, түрлі оқиғалар – негізінен автордың түйген ойы, басынан кешкен оқиғаларының бөлігі деп қарастыруымызға болады. Жазушы Т. Әсемқұловтың «Тәттімбет сері» романында әлем жаратылыс, оның мәні туралы мынадай ой тұжырымдайды: «Алла тағала күн мен айды неге жаратты? Неге дүниені, болмысты күн қылып, апта мен ай қылып жаратты? Себебі, әрбір демің – өмір, әрбір күнің – өмір. Әр сағат, әр күннің өз қиямет-махшары бар. Сондықтан әрбір атқан таңды өміріңнің басы деп, әрбір батқан күнді өміріңнің соңы деп қабылда. Әрбір таңың атқанда, дүниеге жаңа келдім де, әрбір күнің батқанда, өмірім аяқталды де. Әрбір күніңді, ол Алла тағала жаратқан кесімді күн екен, ізгі іспен таңбала. Жолыңда кездескен әрбір құбылыс, әрбір тірі жанды ғажайып деп, мұғжиза деп қабылда. Ойлап отырса, бұрынғы кешкен аз ғана ғұмыры мен қазіргі күйі, қазіргі санасы – екеуі екі түрлі дүние екен. Ескен желдей өтіп кеткен ғажайып көрініс бүкіл ой-өлкесіне таусылмас бақытпен қатар айықпас жара алып келіпті. Адамның терең түптегі санасы ешқашан ажал туралы ұмытпайды, таң атқанда, батар күнді ойлап отырады. Содан болар, Ханымшамен алғаш таныс болғанда, көңілінде келешек айырылысар күннің елесіндей болып, әлдебір мұңлы әуен

пайда болған. Ұлғая келе, домбыраға көшіп, ақыры алғашқы бозбала күй болып төгілген. Жұртқа көрсетуден жасқанып, ауылдан аулақтау қалың тоғайға барып, сол жерде пысықтап жүрді». Жазушы өмірдің бір ғана сәтте өтерін, өтпелі екендігін, бір күні өзі өмірден шаршайтындығын шығармадағы Қуандық қарияның айтқан мынадай оқиғасымен суреттейді: «Баяғыда бір жолаушы айдалада бұзау бағып, тезек теріп жүрген қарияға жолығыпты. Қария жолаушының сәлемін алмаған екен. Жолаушы: ей, шал, мен саған сәлем беріп тұрмын ғой, естімейсің бе, құлағың саңырау ма? – дейді. Сонда қария:

Келгенше тоқсан беске нағып жүрмін,
Келінге бұзау бағып, жағып жүрмін.
Өз елім бұ дүниеден көшіп кетіп,
Ішінде бөтен елдің лағып жүрмін, - деп зарлап қоя берген дейді. Мен де сондай ұзақ өмір сүрген адаммын. Бірақ құрбы-қатарым кетіп, қадірсіз қонақ, лағып жүрген адаммын» [113, 294 б.]. Өмірдің алма-кезек екендігі, өмір тек замандастардың, құрбы-құрдас, қатардың барымен қызық екендігін автор осылай жеткізеді.

Қандай да бір классик жазушының кез келген шығармасын немесе ел аузында жүрген келісті көркем туындыларын алып қарайтын болсақ, олардың құндылығы заман ағымына қатысты әлеуметтік шындықтарды айқын көрсете білуінде және аз ғана образ, деталь арқылы күллі дүние ұғымын, адамзат мінезім ашып беретіндігінде екен. Демек, әлеуметтік өмір шындығы немесе типтік сипат кез келген көркем туындының мәңгілік ғұмыр кешуінің бірден бір кепілі. Сонымен қатар әлеуметтік шындық екінші жағынан – дәуір шындығы, заман ақиқаты, суреткердің заманға, әлемге, болып жатқан оқиғаларға көзқарасы, уақыт рухы деген терең ұғымдарды қамтиды. Ал осы шындықты барынша көркем әдебиетте жеткізе білетін, әрине, ол – суреткер. Осыған байланысты белгілі сыншы С. Әшімбаев мынадай пікір білдіреді: «.. Біздіңше, күрескер замандас ол ең алдымен тарихи әлеуметтік жағдайға сәйкес озық моралімен, жаңаша адамгершілік қасиетімен көзге түсетін гуманист адам. Ал гуманист адам дегеніміз – жақсылықты дәріптеуші, ізгілікті қолдаушы, жақсы істің жаршысы, әділдік пен адалдықтың қорғаушысы ғана емес, ол – өмірдегі, адам мінезіндегі, қоғамдық қатынасындағы жамандық, жауыздық, сұриялық атаулының түп-төркінін әшкерелеуші, зұлымдықтың кез келген көрінісімен бетпе-бет айқасушы биік парасат иесі. Ол – ешуақытта да адамдық қасиет пен арамдық пиғылдың, адалдық пен аярлықтың, махаббат пен ғадауаттың арасындағы аяусыз айқасқа немқұрайлы ниетпен, ымырашыл көзбен қарай алмайды. Себебі, адамның гуманистік қасиеті, арының тазалығы, сезімнің мөлдірлігі, қысқасы, жан дүниесінің сұлулығы зауалды зұлымдыққа, залалды аморальдық әрекеттерге қарсы қауқарлы күресінен көрінсе керек.

Сондай-ақ адам бар жерде өмір бар. Ал, өмір дегеніңіз, іштей, сырттай өтетін күрес пен тартыс екені мәлім. Ендеше, тартыс ескі мен жаңа көзқарастың, жеке адамның ойы мен сезімінің арасында қашанда болып

жатады. Өмірдегі әртүрлі идеялардың қарама-қарсы күресі, характерлердің қақтығысы заңды құбылыс. Сондықтан да көркем шығармада өмірдің осындай барша шындығы күрескер замандастың образы арқылы көрінуі тиіс. Бүгінгі замандасты жазу – ол осы заманның рухани тынысын жеткізу, моральдық және әлеуметтік мәселелерді көркемдік тұрғыдан зерттеу, қоғам өмірінің басты буындарына анализ-синтез жасау, үлкенді-кішілі әрекет қарекеттерімізге баға беру, кесім айту – жетістіктері көрсете отырып, кесірлі кемшіліктің себептерін ашу, болашаққа бағыт-бағдар сілтеу. Өз кезінің өзекті шындығын қандай қаламгер болмасын, кесек-кесек толыққанды образдармен елестетіп көреді» [115, 73 б.]. Өз заманының, әлемнің, қоғамының өзекті шындықтарын қай қаламгер болмасын толыққанды образдармен суреттеп, бейнелеуге тырысады.

Өз заманының кереғар құбылыстарын айқын жеткізе білген жазушы Ә. Әлімжанов та бұл тақырып төңірегінде өз шығармасында сөз етеді. Суреткердің «Ақынның алтын тағы» туындысында «Ақындар бабасы» деп атаған Рудакидің ғұмыр жолынан үзік сыр келтіреді. Ғалым да, тарихшы да, археолог та, антрополог та емес екендігін, жай ғана Рудакидің поэзиясын жанымен сүйетін журналист ретінде оның шығармашылығын оқырман назарына ұсынады. Ақын өмірден озған соң да оның өмірінің жалғасын тапқандығын, өлімнің де адамзатқа мәңгілік өмір сыйлайтындығын суреткер былай бейнелейді: «Шығыстың жас ақындары оны Фарабаның үлбіреген көгілдір торғынына орап әкеп, кіндік кескен алтын бесігі осынау өр таудың құшағына табыс еткеніне мың жылдан астам уақыт өткен. Сонан бері ол осы жердің иесі. Ақ мәрмәр – оның жамылғысы. Қара жер – оның шыққан тағы. Өлгеннен кейін ол Шығыс ақындарының сыйынар пірі болды. Өлім оған өшпес өмір берді.

«Өлім өмір берді» деген сөз құлаққа жат шығар. Бірақ басқаша айта алмайсың. Ерте кезден өлім деген майдан даласында шейіт болған жауынгерді ғана даңққа бөлейтін. Ал бұл болса ақын еді. Бал шарапты жырлады. Жаны жоқ сұлулармен шайқасты. Шахтың тәжін дәріптеді. Алайда шах оны төбет құсатып қуып тастады. Бұл күнде сол шахтың есімі ешкімнің есінде жоқ. Ал ақынның есімі, оның даңқы ең аты шулы деген қолбасшылардың даңқынан да ұзақ жасап отыр.

Кереғар емес пе? Иә, оның бүкіл өмірі кереғарлықпен өтті. Өлімі де кереғар еді.

Тірісінде ол саялы бақтың көлеңкесінде дем алғанды ұнататын, сұлуларды уататын, бұлбұл әнін рахаттана тыңдап, гүл жұпарын жұтқанды ұнататын.

Ол өзінің сол дағдысын өлгеннен кейін де өзгертпеді. Қазір де ол кипаристің көлеңкесінде, гүл бәйшешектің ең ортасында жатыр. Бұлбұл да сол кездегідей ән салады. Тіпті біздің ақындарымыз да махаббат жайлы Рудакидің кезіндегідей-ақ жырлайды. Махаббат туралы өлең жазған осы күнге дейін Рудакиден асқан ақын жоқ» [116, 365 б.]. Иә, адам тәні жерге көмілгенімен, оның тірлігінде жасаған амалы, ісі, жақсы қасиеттері,

еңбекқорлығы, бастысы, талантымен жұртты мойындата білген ерлігі ел жадында мәңгілік қалып, оның өмірі жалғаса беретіндігін суреткер оқырманға осылайша ұғындырып берді.

Дүниенің адамзатқа опа бермейтіндігін, қу бастың көзіне топырақ қана кіретіндігін ұлы Абайдың атақты «Ескендір» поэмасынан жақсы білеміз. Суреткер Ә. Әлімжанов та осы туындысында Рудаки өлеңдері арқылы өмір мен өлім, дүние сырын жеткізуге тырысады:

«Өмір маған қайырлы бір берді өсиет,
Қарап тұрсаң өмірді: тұнып жатқан өсиеті,
Басқалардың мейманалы, қызғана біл тағдырын,
Ал басқалар тілер дейді сен кешкеннің барлығын.
Өмір маған тағы да айтты, «Ашуыңды ірке біл,
Кімде-кімнің сайрап тілі, ал аяғы көрде тұр».

Ұзақ өмір артқа салып, ақыл түймей келгенге,
Бұл дүниеде ешбір ұстаз үйрете алмас ештеңе.

Ұлылар кетті бұ дүниеден мәңгіге,
Қасірет-қайғы, қызығы жоқ әр күнгі...

Дананың тілері – тыныштық пен ізгілік,
Топастың тілегі – соғыс пен бүлік» [116, 383 б.]. Жазушы атақты ақын Рудакидің өлмес осындай өлеңдерін халық тасқа қашап жазғандығын айтады. Жартас беттерінен, үйлердің қабырғаларынан, дуалдардан оның мәңгілік жыры төгіліп тұрды. Туып-өскен қыстағы оған деген сүйіспеншілігін мың жыл тосқауылынан мәпелеп өткеріпті. Ол өмір ғашық болып, сүйіп өткен таулар поэзияның тағы боп орнап, мәңгіге тақ болып қалған екен. Суреткер мәңгілік өмірдің өшпес жырын ақынның осындай өлең жырлары мен жолдарынан іздейді. Өмір шексіз емес. Соңы өлім. Өлімсіз өмірді аңсаған кемеңгер Қорқыт баба желден жүйрік желмаясына мініп, ажалға дауа іздеп ғұмырының соңына дейін жер шарын шарлайды. Қайда барса да, ем-дом емес, өлімнің куәсіндей алдынан қазулы көр тап болған. Көргенінің мағынасын ұғып, түңілген, үмітін үзген кемеңгер ақын: «Дүниеде тұрақты нәрсе жоқ, бәрінің де ақыры болады екен»:

Олар да дүниеге келді, кетті,
Бейне керуен қонды, көшті.
Оларды да ажал алды,
Жер жұтты.
Фәни дүние кімге қалды?
Келімді-кетімді дүние,
Ең соңғы өлімі – дүние»

деп зарлаумен өзінің туған жері Сыр еліне оралып, ажал құшады. Осы тұста ұлы ақын Абайдың: «Өмірдің алды ыстық, арты суық, Алды ойын,

артқы жағы мұңға жуық» деген өмір мен өлім туралы қысқа да нұсқа, әрі терең мағыналы философиялық түйіні ойға оралады.

Туындыдағы жазушының шеберлігі мүсінделген образдан, характерлердің жаңашы қырынан, шыншыл, шынайы іс-әрекеттері мен сөздерінен аңғарылады. Жазушы Ә. Әлімжанов «Көгілдір таулар» повесінде кейіпкердің жаратылыстың бір бөлшегіне айналған жануарлар туралы тосын ойы жазушының да шеберлігін аңғартады: « - Шыныңызды айтыңызшы, осы жануардың адамзат қауымына ғасырлар бойы қаншама еңбек сіңіргенін ойланған кезіңіз болды ма? – деп, ол маған барлай қарады. – Талай жанның өмірін сақтап, нелер қиын қатерден құтқарды емес пе, ұлылы-кішілі талай жаңалықтар ашылуына себепкер болды ғой. Егер күндердің бір күнінде зоологтар қазіргі кездегі мамонттың қалдығын іздегендей, түйенің қалдырған ізі мен сүйегін іздей бастаса, о, онда жер шарының қай түкпірінен болса да табар еді. Оның өзі жан баспас деген ең қорқынышты құмның арасынан да, ең тереңдегі жер қабатынан да табылатыны сөзсіз. Кейде мен осы бір көнбіс жануарды өзіміздің жермен бірге жаралған болар деп ойлаймын. Әбу Әли ибн Сина мен әл Бирунидің де жендеттерден қашып шығып, шөлден аман қалғаны, осы жануардың арқасы емес пе? «Шығыстың Аристотелі» атанған ұлы қыпшақ Мұхаммед әл-Фарабиді Тараздан Бағдадқа жеткізген де осының қомы емес пе? Мұның бәрін айтып отырғаным, кейбіреулердің дала суретінен тек сырттай қызықтар таңғажайыпты ғана аңғаратынын жек көрем.

Дала. Құлаққа ұрған танадай тыныштық. Қалың ойға итеретін табиғат тылсымы... Міне, мұндай көрініс әрбір қыр баласының есінде мәңгі сақталады. Солай емес пе? Сол даланы сүймеуің мүмкін емес қой. Иен үшін ол тек құр сырттай ғана қызығып, тамсанып көріп кете салатын жай ғана көрініс емес екендігі айқын.

- Қалай десем екен?... – Ол шараптан бір жұтып қойды да, жейдесінің түймесін ағытты. Терезе алдынан кейін қалып қойып жатқан біркелкі сап-сары құм теңізіне ұзақ қарап қалды... – Сүю деген сөз жеткіліксіз... Әттең, басқа сөз де таба алмайсың. Менің бүкіл өмірім даламен, малмен, түйемен біте қайнасып жатыр. Мен оларды өте қатты жақсы көремін...» [116, 125 б.].

Жазушы одан әрі кейіпкер сөзі арқылы дүние жаратылысының, адамдар арасындағы мәңгілік бітіспес дау – жақсылық пен жамандық айырымын, бүгін мен болашақтың жай-күйін сараптап, талқыға салады. Жақсылық пен жамандық жайында шығарманың басты кейіпкерінің бірі Жомарттың мына пікірі арқылы білдіреді: «Өмір – мұхит, уақыт – толқын», - деп бір кезде Абай да айтқан. Міне, сол жағаны жуып-шайып, тазартып, шөпті айрықша көгертетін толқын сияқты, біздер де – адамзаттың әр ұрпағы – шамамыздың келгенінше жер үстіндегі өркенді мәдениеттің тарихын түрлі қыңыр пайымдаулардан тазартып, ақиқаттап отыруымыз керек. Коммунизм – адамзат қоғамы мәдениетінің ең жоғарғы сатысы екендігін сен менен кем білмейсің. Ал сол коммунизм тарих сабақтарының негізінде орнатылады. Өткен өмірдің тереңін білу – болашақ биіктерге көтерілу деген сөз. Тек өткен жолды, бастан кешірген оқиғаларды саралап талдау ғана кейбір жайларды

алдын ала теріске шығаруға, болмаса қолдауға мүмкіндік туғызады. Жақсылық пен жамандықты анықтауға нақтылы себеп болады.

- Бір адамның үлесіне қаншама жамандық тиеді екен? – деді қақпадан шыққан кезімізде Гүлсара.

- Біздің әрқайсымызға тиер үлес қандай болса, сондай шығар, - деді қалың ойдан әлі де арыла алмай келе жатқан Анаш. – Жамандықтың қай белгісімен болса да күрес жүргізіледі. Мәселен, Зәуреш аурулармен күреседі. Асқар – өз шәкірттері үшін, Жомарт – Отырар туралы шындық үшін. Қысқасы, біздің бәріміз біріміз үшін де, біріміз бәріміз үшін де күресеміз. Жақсылық пен күн нұры үшін күресеміз, - деді соңғы минуттардың үрейлі әсерлерін сейілтпек болған Анаш, ойлы үнмен. – Біздің бәріміз де өзіміздің аяқ тірер нүктемізді, осы таластағы өз орнымызды іздейміз...

Мен төменде қалып жатқан өрлерді, төбешіктерді, ескі қорғандарды және қалаларды көріп келемін.

Осы жолдарды, балалық шақтағы достарыммен кездескен сәтті, көгілдір таулар мен тас бұлақтар, гүлдер жайлы әңгімелерді еске ала отырып, сан құбылған күй сазының ырғағымен жазып отырмын.

Мен өзімнің құрбы-достарым жайлы жазып отырмын. Олардың ішінен қаһарман кейіпкер іздемей-ақ қойыңыз. Олар алғашқы ерліктерін ғана істеп жүр. Олар жақсылық үшін ғана еңбек етеді... Олар күреседі... ізденеді... өмір сүреді...» [116, 215 б.]. Жамандықтан тартынған, жақсылыққа жаны құштар суреткер жаны биік эстетикалық ұстанымдарды әртүрлі амал-тәсілге сүйене отырып, ұштай түседі. Оның қаламынан туған түрлі диалогтар, образды тіркестер суреткердің тек өзіндік өмірлік жеке қағидасын ғана білдіріп қоймайды, сонымен қатар адамзат алдындағы жазушының негізгі міндетін қатар сұрыптайды. Шығармадағы әрбір кейіпкер бойына да жазушы осындай өмірлік принциптерді ұстандырып, оқырманға өзіндік ой тастайды. Басты кейіпкердің бірі Жомарт арқылы да осы қағиданың, жақсылық пен жамандық жайындағы таусылмас даудың мәңгілік екендігін айтып өтеді. Және ғасырлар бойы да жалғаса беретіндігін айтады. Адамның ісі мен әрекеті уақытпен шектеледі. Ал ол уақыттың негізгі көрінісі жақсылық пен жамандық арқылы көрініс алатындығын автор оқырманға жеткізе білді.

«Әйгілі жапон жазушысы Ясунари Кавабатаның: «Жазушы – жер сілкінуін күн ілгері болжап білетін ерекше сейсмикалық аппарат сияқты, өз заманының әлеуметтіік-психологиялық өзгерістерін қалт жібермеуге тиіс»... деген пікір де сайып келгенде бүгінгі жазушының қоғамдық рөлін, әдебиеттің маңызын дәл де нақты бағалағандық болса керек» деген сыншы С. Әшімбаев пікірі суреткердің қоғамдық оқиғаларға бей-жай қарамайтынының айқын айғағы.

Осындай пікірлерге жазушы Р. Сейсенбаев та «Өтініш» атты әңгімесінде мынадай үзінді келтіреді: «-Бекер ренжи бермеңіз, әке. Жүрегіңізді асқындырып аласыз... Бар адам өзімдей адал деп жаңсақ ойлағанды қою керек. Көріп жүрміз ғой, дәміңнен ауыз тиіп, үйіңнен шыға бере табалдырығыңа түкіретіндерді. Қоғам болған соң, ол қоғамда жақсы да,

жаман да кездеседі. Өмірде таланты тасып, жүргендерден салқын қанды іскерлер әлдеқайда оңды тұрады, оңды жүреді. Ақылды ойланғанша, тентек іс бітіредінің кері.

- Қоғамды құдай құрмайды. Адам құрады. Ендеше қоғамның жеткені мен жетімсіз соғып жатқан осалдығы елдің бірінің адалдығы, екіншісінің арсыздығы адамдарға байланысты. Жаланы заманыңа емес, жабар болсаң өзіңе ғана жабасың. Сен мақалшыл болып кетіпсің. Қазақ ертеде «бір қарын майды бір құмалақ шірітеді» деген. Мына біздің кінәміз сол, құмалақты аластатудың орнына, сол құмалаққа өзіміз айналуға тырысудамыз.

Нұрболат өшіп қалған темекісін қайтып тұтатқан жоқ.

Кенжеш әкесінің сөзіне қарсы дау айтқан жоқ. Ертеңін бар философын көмекке шақырса да, туған әкесін жеңе алмайтынын түсінді. Дүниедегі адалдық, кереғар аумалы-төкпелі түсінік деп жүргені қате-ақ болғаны ма?! Өзінің туған әкесінің адалдығын, азаматтығын, шынайылығын ойлап жатып ұйықтап кетіпті» [117, 104 б.]. Тегінде адам табиғатынан күрделі боларлық ешнәрсе жоқ шығар. Содан болар, осы бір жұмбақ әлемнің ашылмаған сырлары әлі де аз емес. Осы ретте адам табиғатын жан-жақты ашудағы адамтану ілімінің «атасы» – әдебиет атқарып келген, атқара беретін міндет айрықша. Адам қоғамды құрады дейді суреткер. Демек, қоғамның, әлемнің қай бағытта қалыптасуы – адаммен тікелей байланысты. Суреткер сөз еткен жақсылық та, жамандық та қоғамда кездесетіндігін, тек адалдық жаныңды жадырататынын түрікмен халқының кемел шайыры Мақтымқұлы былай жырлайды:

«Жаманға айтсаң, жақсы сөзің бос кетер,
Жақсыға айтсаң, жанын сөздің хош етер.
Ит тамағын жерге төксең, жетісер,
Табағы сол, басқа ыдысты не қылсын.

Мақтымқұлы, айтар сөзің ақиқат,
Тек берген жоқ сөзді жұртқа жалғыз хақ.
Көз демесең, бірі қара, бірі ақ,
Соқыр сорлы мыс, күмістен не білсін.

... Еңбегіңе бол адал:
Ғылым табар шақ керек,
Әділ жүріп, қызмет қыл» [114, 51].

Суреткер шығармаларындағы әр кейіпкердің көңіл-күйіне, олардың мәңгілік тақырыптар төңірегінде ойлары оқырманды елең еткізбей қоймайды. Соның бірі жазушының «Отелло» шығармасы:

«Қуатқа балаң қатты ұқсайды». «Тура Қуат» «Аузынан түсе қалғандай», - деп артистер даурыққаннан бері ұлын Әсия театрға ертіп әкелуді қойған. Ерке бала театрға барам деп талай қиғылық салса да, Әсия «жетті» деп жекіріп салады.

- Отеллоны ойнайтын Қуат па? – деп Аяусыз мырс етті. – Қуат па? Хаха-ху... дейін мен. Ол образ...

- Отеллоны ойнайтын сен болдың, бірақ бәлсінбе, деп Тұрақұл ұзынтұра Аяусызды тежеп тастады.

(Молодец, Тұрақұл. Театрдағы ең адалы осы).

- Әй, балалар, өлген адамды қараламаңдар, ол – күнә, - деді ауладан бірге шыққан қарасақал шал. – Күнәкәр болып кетесіңдер.

- Күнәға белсешесінен батып жүріп, күнә-күнә деп тақылдауын қарашы, - деді Аяусыз» [117, 418 б.].

Жазушының «Көк автобус ішінде» оқиғасында кейіпкер арқылы ұзақ өмір сүрудің құпиясын айтып өтеді:

«Тарпаң: - Дұрыс. Өткенді ұмытуға болмайды. Өткенге тас лақтырсаң, кейін серпілгенде маңдайыңа бомба болып тиеді. Өткенді ұмытуға болмайды. Ұзақ ғұмыр сүруге тырысу керек.

Енді әңгіме кімнің қанша жасағанына ауысты. Сүтті мол ішкен адамдар ұзақ өмір сүреді десті. Ғалымдар ең көп өмір сүретін адамдар Болгарияда десетін көрінеді деп соқты. Мүмкін, бұл сөздің жаны да бар шығар».

Жазушы Р. Сейсенбаев та өзінің көптомдық шығармалар жинағында жақсы мен жаманның, өлім мен өмірдің, жалпы әлем туралы көптеген пікірлерін жазып, сонымен қатар шығармаларына арқау етеді. Классик жазушы әлем жайлы болуы үшін адамзат баласы сол әлемді, қоғамды өз қолымен тұрғызуы, сана-сезім арқылы өрбітуі, рухани діңгектерін мықтап бекітулері қажет екендігін айтады. Сондай жағдайда ғана біз, яғни адамзат жұмыр жердің төсінде ең күйлі, ең әділ және ең қайырымды әлем орната алатындығымызды дәйектейді. Жазушының «Жан жадыратар әлемді қайдан табамыз?» атты үзік сырынды мынадай жолдарды кездестіреміз: «..Соңғы жылдары әлемді сандалтқан дағдарыс тұсында бүкіл адамзат баласын алаңдатқан сұрақтардың шешуін таппай адам баласы тағат таппас. Осыған орай адамзаттың басына түскен ауыр проблемалардың басты-басты дегендерін ғана оқушыға ұсынуды жөн көрдім:

Олар:

кедейлікті жою;

табиғаттың күрт жылынуын тоқтату;

адам баласының өміріне зиянды химиялық құрамдарды алмастыру;

ауа мен ауыз судың тазалығы үшін күресу;

халық санының өсуін реттеу;

жер жаһанды жойып жіберуге бағытталған қауіпті қаруларды өндіруге тосқауыл қою;

заңсыз (нелегальный) экономиканы түбірімен жою;

ұйымдасқан қылмысты құрту;

терроризмге қарсы тұру;

«цивилизациялардың соқтығысына» жол бермеу» [118, 282 б.]. Әлемнің жақсаруы үшін бұл жазылғандар проблемалардың тек ең айтулылары ғана екендігін ескертеді жазушы Р. Сейсенбаев. Алайда ең басты

туындап жатқан проблемалардың ең басындағысы осы себептен шыққандығы оқырманға да аян. Ал осы жолда жазушы адам баласы қоғамды өзі өзгерте алатындығын, ең күйлі әлемнің иесі сонда ғана болатындығымызды айтып, адамзат баласымен ойын осылайша бөліседі. Соңғы түйінінде жазушы атақты Гетенің мына өлең жолдарын оқырман назарына іліктіреді:

«Айта алман, Күн мен Көктің қасиетін,
Білемін, жер бетінің қасіретін.
Адамзат сол баяғы қалпында әлі,
Тартуда күйкі өмірідің тақсыретін».

«Шығыстың Аристотелі» атанған әл-Фарабидің ғұмыр жолын бейнелеген жазушы Ә. Әлімжанов «Ұстаздың оралуы» романында әлемнің берекелі болу жолын былай бағамдайды: «Уақыттың, тарихтың, оқиғалардың дәлелдегені: «адамдар бірімен-бірі тату-тәтті, бейбіт өмір сүруі керек, өйткені олардың бәрі адамзат ұрпағына жатады» - деп жазды Әбу Нәсір өзінің ұстаздарымен айтысқа түсе отырып және Аристотель сөзін өзінше өзгертіп: «Аристотель Ұстазым, алайда Ақиқат одан да қымбат қой», - деді қайталап.

«... Егер халықтар бақытқа жету үшін бір-біріне көмектесетін болса, бүкіл жер берекелі болар еді, - деп жазды Әбу Нәсір өз ұстаздарымен ғасырлар өткеннен кейін айтыса отырып, - Адам үшін ең қажетті игілік ақыл-ой, өйткені адам ақыл-ойдың арқасында ғана адам болды».

Соғыс эстетикасы, өмір мен өлім эстетикасы – бәрі де ақыл-ойға бағынуы тиіс, - деп ойлады ол. Адам баласы онсыз да өледі, ендеше оларды күштеп өлтірудің, азаптап, өлім жазасына бұйырудың керегі не, қалаларды қиратып, халықты тұтқындап бұғаулаудың, бүкіл бір халықты басқа бір дінге сенеді деп қырғынға ұшыратудың қажеті қанша?!» [119, 151 б.]. Тек білімді, әрі ықпалы күшті ақыл-ой ғана сол халықты қырғынға ұшыратын жендеттердің қолын қия алатындығын айтады. Қоғам, әлем, табиғаттың да өз заңдылығы болатындығы және соны бар күйінде пайдалану керектігін де ұмыт қалдырмайды. Табиғат та адам секілді, зорлық-зомбылықты ұнатпайды. Оның заңдылықтары мәңгілік, оларды бұзу апатқа соқтырады, ал оның күш-қуатын пайдалана білу – игіліктің көзі болады деген тоқтамға келеді.

Әр заманның өз заңдылығы болады дейтін болсақ, ал сол заңдылықтардың өзі өмірмен таласқа түседі. Заманға деген көзқарасын жазушы Р. Сейсенбаев «Өзімді іздеп жүрмін» пьесасында Сырымның ұстазы Ниязов арқылы былай түсіндіреді: «Иә, сендердің бақыттарың жанған ұрпақсыңдар. Мен институтты отыз үшімде бітірдім. Бауырым, біздің жастық соғыста өтті. Мен жиырма жетімде фронттан қайттым. Сен мына беталысыңмен жиырма жетіңде ғылым кандидаты болатын түрің бар.

(Күледі). Өмір солай, бауырым. Аялдамаға тоқтаған автобусқа көппен бірге жағаласып міне алмадың ба, құрығаның. Келесі автобус келгенше, тосасың. Тағы мәдениет сақтап, елдің артынан кіруге бой тартсаң, ол автобустан да қалып қоюың мүмкін. Бәрін қорытқанда, уақыттан ұтыласың. Өмір де сол сияқты. Ыңғайын таппадың екен, көш соңында шаң қауып қала бересің. Бұл тірлікте басың ғана істемесін, аяқ пен қолды да қоса жұмсау керек. Онсыз болмайды, бауырым. Бұл ағаның ақылы деп біл. Жерлес болған соң айтып жатырмын. Оны ішің ғана сезсін. Солай, бауырым!» [120, 319 б.]. Жазушы уақыттың күтіп тұрмайтындығын, өмір алмасып, орнына өзгелермен толығатындығын, әлемдегі бүкіл дүниенің барлығы да уақытқа бағынатындығын осылай жеткізеді. Өмір өтеді, уақыт та зырғып өте шығады. Өмір де өз жөнімен алмасады. Бірінің орнына бірі келіп, барлығы ауысады. Ал заман болса сол қалпында қала береді, тек оны адам өзгертеді. Жазушы кейіпкер ауызына осындай сөз салу арқылы, оқырман назарына ой тастауды жөн көреді. Сендер бақытты ұрпақсыңдар дейді Сырымның ұстазы. Олай болса, жалпылай алғанда, бақыт дегеніміз не, бақытты адам кім? Орыстың атақты философ-педагогы Каменский: «Қолындағы барын қанағат ете білетін адам шын бақытты адам және біз өзіміздің адал еңбегімізбен тіршілік етіп отырмыз дей алатын адам шын бақытты адам» деген. Бақыт баянсыз патшалық та, бір жұттық байлық та емес, өмірдің нұрлылығы, ләззаттылығы, қанағаттылығы. Тұрағы адам табиғатында. Нағыз бақытты адам шенсіз-шекпенсіз, атақ-дәрежесіз ел ортасында, халық қатарында азамат деген қорытындыны айтады суреткер.

Қорытындылай келе, жазушылар өз туындыларының қай-қайсынан болмасын, салиқалы ойға құрылған, басқаға ұқсай бермейтін өзіндік ойы бар, бас-аяғы жұмыр дүниелерді дүниеге әкелді. Бәрі де адам баласының ойлағанындай болмайтындығын, аяқ астынан болар кездейсоқ жағдайлар бұл дүниеге тән екендігін оқырманға жеткізе білді. Өзіндік азаматтық ұстанымын алға тартып, қоғамдық-әлеуметтік, мәңгілік тақырыптарға еркін бойлады. Демек, өмір мен өнердегі азаматтық та өзіндік бір дүние екендігін осыдан аңғарамыз. «Теңіздің дәмін тамшысынан білуге болады» демекші, сол сияқты суреткердің де өмірдегі азаматтық ұстанымы оның бүкіл шығармашылығынан аңғарылып тұратындығын анық айта аламыз. Жазушы Ә. Әлімжанов, Р. Сейсенбаев шығармаларындағы мәңгілік тақырыптар, өлім мен өмір, жақсылық пен жамандық, бақыт, әлемдегі ұстанымдар мен мәселелер оқырманның да өзіндік ойын қалыптастыруға көптеген ықпалын тигізетіндігі сөзсіз. Дәуір шындығын бейнелеген, заманның талабына өзіндік үнін қосқан, адамзат баласының бір-бірін сүюіне, олардың қайғысын бөлісіп, қуаныштарына ортақтастырып, достық көзбен қарауына септігін тигізген, өмірдің мәнін түсініп білуіне, әлемді, қоғамды тани түсуіне, жақсылық пен жаманшылықты етене тануына толымды әсер еткен, түрлі зұлымдық әрекеттердің әшкереленуіне көмектесер келелі шығарма бүгінге ғана емес, болашақта да кезіндегі эстетикалық-идеялық белсенді көркемдік қызметі үшін жоғары бағаланбақ (4-сурет).

Билингв-жазушылардың әлемге көзқарасындағы ұқсастық

Ә. Әлімжанов	Р. Сейсенбаев	Т. Әсемқұлов
«Ақынның алтын тағы», «Көгілдір таулар», «Ұстаздың оралуы»	«Құм кезген өліктер», «Өтініш», «Өзімді іздеп жүрмін»	«Талтүс», «Тәттімбет сері»
Дала. Құлаққа ұрған танадай тыныштық. Қалың ойға итеретін табиғат тылсымы. Міне, мұндай көрініс әрбір қыр баласының есінде мәңгі сақталады. Солай емес пе? Сол даланы сүймеуің мүмкін емес қой. Иен үшін ол тек құр сырттай ғана қызығып, тамсанып көріп кете салатын жай ғана көрініс емес екені айқын. -Сүю деген сөз жеткіліксіз. Әттең, басқа сөз де таба алмайсың. Менің бүкіл өмірім даламен, малмен, түйемен біте қайнасып жатыр. Мен оларды өте қатты жақсы көремін...»	-Өмір солай, бауырым. Аялдамаға тоқтаған автобусқа көппен бірге жағаласып міне алмадың ба, құрығаның. Келесі автобус келгенше тосасың. Тағы мәдениет сақтап, елдің артынан кіруге бой тартсаң, ол автобустан да қалып қоюың мүмкін. Бәрін қорытқанда, уақыттан ұтыласың. Өмір де сол сияқты. Ыңғайын таппадың екен, көш соңында шау қауып қала бересің. Бұл дүниеде басың ғана істемесін, аяқ пен қолды да жұмсау керек. Онсыз болмайды, бауырым.	-Алла тағала күн мен айды неге жаратты? Неге дүниені, болмысты күн қылып, апта мен ай қылып жаратты? Себебі, әрбір демің – өмір, әрбір күнің – өмір. Әр сағат, әр күннің өз қиямет-махшары бар. Сондықтан әрбір атқан таңды өміріңнің басы деп, әрбір батқан күнді өміріңнің соңы деп қабылда. Әрбір таңың атқанда, дүниеге жаңа келдім де, әрбір күнің батқанда, өмірім аяқталды де. -Түптеп келгенде өмір деген рахат та емес, қасірет те емес. Өмір деген – іс. Атасы өз ісін аяғына дейін адал жеткізді.
Жазушы кейіпкер арқылы дүние, табиғат тылсымымен қатар әр адам үшін өмірдің мәні, әлемі түрлі екендігін білдіреді. Біреу үшін атақ, даңқ болса, ал біреуге табиғат, әлем, әлем жаратқан жануарлар бүкіл	Жазушы уақыттың күтіп тұрмайтынын, өмір алмасып, орнына өзгелермен толығатынын, әлемдегі барлық дүниенің уақытқа бағынатындығын осылай жеткізеді.	Суреткер өмірдің өлім екендігі шын болса, өлімнің де өмір екендігі ақиқат екенін дәлелдеуге тырысады. Осы арқылы оқырманға әлем түгелімен шындықтан, ал ол шындық соңы өлім

3.2 Табиғат бейнесі және авторлық концепция

Көркемдік тұрғыдан әлем табиғатына үңілу, оны бар болмысымен сезінуге тырысу – тек жаратылыстың, әр құбылыстың мағынасын талдап қана қою емес, ол – ең алдымен барша әдемілік әлемін, сұлулық болмысын бар табиғатыңмен жан-жақты тани білу, рухани түйсігіңмен егжей-тегжейлі сезіне білу. Ежелгі Платон мен Аристотельден бастау алған дүние көркі қанша ғасыр өтсе де өзіндік өзектілігін әлі де жойған емес. «Табиғатты сүйем, сұлулыққа бас ием» деген ғалым Байронның сөзін негізге алар болсақ, көркем шығармада да автордың табиғатты бейнелеуі, оның әлемге, тылсым құбылысқа деген көзқарасы болмауы мүмкін еместігі айқын. Әлем жаратылысының заңдылықтарын, көркемдік таным шексіздектері туралы ұғымды қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбайұлы жиырма жетінші қара сөзінде былай түсіндіреді: «Әуелі көзді көрсін деп беріпті, егер көз жоқ болса, дүниедегі көрікті нәрселердің көркінен қайтып ләззат алар едік?».

Даусыз, дүние көркі, әлем бейнесі тікелей түйсіну, оны жан болмысыңмен қабылдап, сезіне білу арқылы танылады. Көз алдындағы кеңістік көрінісін сезіне білу арқылы автор іштей тебіренеді, төңіректегі бүкіл рең-өзгеріске ойлана қарап, пейзажды әсемдей түседі. Осы сезіну арқылы көркем әдебиетте автор баяндаушы, әңгімеші болып та бұл сұлулықты оқырманға жеткізіп отыратындығы белгілі. Мұндай ерекше көріністер билингв жазушы Р. Сейсенбаев шығармаларынан көрінеді. Жазушының өзгелерден ерекшелігі хақында ғалым М. Әуезов: «Ол қазақ һәм орыс тілдерінде көсіліп еркін жаза береді, сонымен біре қазақ халқының ұлттық мүдделерін әлемнің рухани құндылықтарымен тығыз байланыстырып жататын ерекше қасиеті және бар. Әдебиетке алғаш келген күнінен бастап, оның ешкімге ұқсамайтын, қазақтың әдебиет айдынына тосын, жаңа творчестволық леп әкелгенін біз жақсы білеміз» деген пікір білдіреді [117, 38 б.].

Тілсіз жанды табиғат құбылыстарына деген автор қарым-қатынасы оның жазушылық өлшемін, шеберлігімен қатар, эстетикалық талғамын да танытады. Жазушы Р. Сейсенбаев шығармаларындағы пейзаж кейіпкер жан дүниесімен астасып жатады. Табиғаттың дүлей құбылыстарымен қатар адамның ішкі толғанысын қатар алып отыратын жазушы сол арқылы өз болмысын да аңғартатын тұстары бар. Автордың табиғатпен тікелей байланысы тек шығарма арасындағы көріністерден ғана байқалмайды. Жазушының «Соңғы қар», «Бір құшақ көк шөп», «Арман сапары», т.б. шығармаларының тақырыптарының өзі оның табиғат жаратылыстарымен тікелей байланысын көрсетеді. Р. Сейсенбаевтың «Соңғы қар» шығармасының басталуында-ақ ауылдан шыққан он шақты ат-шананың көкжиекке көтеріліп бара жатқандығы, ауа райының осы асығыс тірлікке қарсылық білдіріп жатқанын сездіргісі келгендей, одан әрі күшейе түсіп, күннің ерекше суықтығын бейнелей түседі. Жолаушылардың ішкі көңіл-күйін жазушы табиғатпен астастыра бейнелейді: «Он шақты ат-шана бірінің ізін бірі басып, ауылдан шыққанда, қыстың мешел таңы көкжиекке жаңа

көтеріле беріп еді. Екі-үш күннен бері күрт өзгерген ауа райы бүгін тіпті ерекше суық. Шана үстіндегілер біріне-бірі тығыла түсіп, жиі-жиі көкжиекке қарасады. Күннің көзін күтіседі, білем. Шаналылар тау ішінен жазыққа түскенде ғана күн аспан төріне ілігіп үлгеріп еді. Бірақ, бұлтсыз аспандағы меңіреу сары ноқат-күн үзілген үміттей жолаушылар ойынан шықпады. «Апырмау, күн екеш күн де ренжулі ме, қалай өзі?.. Бүгін де ажары сынық-ау», - деп ойлады шананың шетін ала отырған Тоқтамыс салқын іреңді күнге аракідік қарап қойып. Ала-көлеңкеден терісінен соққан даланың тіміскі желі күн ұзын бір басылмады. Із қуған тазы құсап, даланың өсінде ойнақ салған жаяу борасын жолаушылардың қойны-қонышына кіріп, жәйсіз күйге түсіріп келе жатыр еді. Шаналылар күн еңкейгенше тоқтамастан суыт келеді». «Көкжиекті қанға бояп ұясына күн батып барады. Дүние тылсым тыныштық күйінде. Қыстың бір тұтам күні бірте-бірте қараңғылыққа бой беріп барады. Күні бойы әлденені әңгімелеп күліскен жігіттер енді тілден қалған. Бәрі үнсіз. Манаураған даланың ұйқысыраған жұтаң келбеті адамдарға да өз әсерін тигізгендей» [117, 19 б.]. Ұлы ақын Абай Құнанбайұлы:

«Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр мылқау танымас тірі жанды.

Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап келіп қалды.
Демалысы – үскірік, аяз бен қар,
Кәрі құдаң қыс келіп, әлек салды...

деп кейіптеп, кәрі құда әрі беймаза шалға тап осы қыз мезгілін теңеген еді. Жазушының да тап осы келтірген қыс жайындағы баяндауы ақын кейіптеуін еске салып, қаһарлы қыс бейнесін көз алдымызға алып келеді. Алайда жазушы тек қыстың қаһарын бейнелеумен тоқтап қалмайды. «Қыс артынан жаз келер» деп, әңгіме кейіпкерлерін енді көктем мезгіліндегі оқиғаға икемдей бастайды. Басты кейіпкер Тоқтамыс пен оның иті Таймас арасындағы шағын оқиғаны автор бейнелеуі оқырман жүрегіне ерекше әсер қалдырады. Иесінен адасып қалған иттің қожайынын сонша ұзақ уақыт күткендігін автордың мына үзіндісінен аңғарамыз: «Көктемнің иісі аңқып, қар ери бастады. Әбден ашыққан ит бүгін базар торыды. Сол баяғысынша ел тас лақтырып, ұрсып-зекіп, ешкім маңайлатпады. Шеттеп шыға берді. Базардың шетінде бір адам шақырды. Қолынан нан көрді. Жақындап барып ед, сонша сарыла күткен нан иісі тұмсығын жарды. Есіне итаяғы, ауыл түсті. Мына нан иісінен басы айналды. Алға ұмтылды. Тіліне нан тигенше болған жоқ, мойнына сым орала түсті...» [117, 29 б.]. Ұзақ уақыт бойы күтсе де, Таймастың өз иесі іздеп келер деген үміті сөнбейді. Оқиға соңында вагон ішінде кетіп бара жатқан иесін көріп қалған ит аласұра паравозбен бірге жүгіреді. Жарыса жүгіріп келе жатқан күйі вагонға қарай секірген Таймастың аяғы тайып барып, вагон доңғалағының астына түсіп кетеді. Осы сәттегі

көріністі автор Таймастың соңғы қарды көруі мен осы жылдың соңғы қарын пареллельді суреттеп, оқырман жанына одан әрі әсерлі сезім қалдырады: «Таймас жарыса жүгіріп келе жатқан күйі вагонға секірді. Аяқтары тайып барып, вагон доңғалағының астына түсті. Иттің аянышты қыңсылын паравоздың қаламен қоштасып бара жатқан соңғы айқайы естіртпей тастады.

Поезд ұзап кетті. Енді паравоз айғайы да естілмейді. Рельстер шоршып билемейді.

Жып-жылы қар жауды. Бұл осы қыстың соңғы қары еді. Қала ұйқыда. Перрон бос. Рельс ортасында денесі қақ бөлініп, тайыншадай қара төбет жатыр. Ақ қар беті қызыл жоса қан. Бұл – Таймас еді». Шығарма басынан-ақ автор оқырманды соңында болар бір суық оқиғаға дайындай бастайды. Қыстың ерекше суық күні, әлі де дамыл таппаған үскірік жел, жайсыз күйге түскен жолаушылар. Оқырман оқиға басталғаннан-ақ сәтсіз оқиғаны күте түседі. Ызғарлы, суық жел, табиғат құбылысының сұрапыл сәтін осынша қатал суреттеуі арқылы алдағы болатын жәйсіз оқиғадан хабардар етеді. Алғашқы сөйлемдерден бастап оқырманды еріксіз жетелеп, көз алдына қара түнек оқиғаны елестетеді. Көптеген туындыларда эмоциялық-лирикалық әсер беретін боран, жел бейнесі бұл шығармада керісінше, жағымсыз тұсынынан байқалады. Әрқашан жарық, адамға жылу сыйлап, нұрын шашар символды көрсетер күннің де кейіпі бұл туындыда сұрықсыз бейнеленеді. Олардың барлығы да алда болғалы тұрған қайғылы жағдайдың жаршысы секілді сезіледі. Ол – Таймастың өлімі еді. Иттің жарық дүниеде көрген соңғы жылы жауған қары. Тілсіз екі жаратылыс бірін-бірі ұғынғандай. Ал ақылы бар, өзге жаратылыстан өзгеше адам баласының қаталдығын, жауыздығын автор иттің өлімімен тікелей байланыстырып отыр. Осы тұста жазушы М. Мағауиннің «Тазының өлімі» повесі ойға еріксіз оралады. Иесі қайтыс болған соң оны ұзақ уақыт күткен Лашын тазы адамдардың арзан дүниеге көп алданатындығын, тым жауызданып бара жатқандығына куә болады. Барлық баяндауды тазының санасына жасырып қойған жазушы шығармасы да тап осылай аянышты күйде аяқталады. «Соңғы қар» әңгімесінде де Р. Сейсенбаев Таймас иттің өлімінде жылы қар жауғанының өзін итке деген табиғаттың соңғы мейірімі іспеттес суреттеген. Табиғат пен тірі жан иесі арасындағы үндестік, сырлы сезімді автор осы жолдар арқылы оқырманға сезіндіріп, оның маңыздылығын ұғындырды. Келтірілген үзіндінің көркемдік-эстетикалық қуаты да сонда, сұрықсыз суық, қысқы дала көрінісін, қайтпас ызғарды сезіндіре отырып, суреткер айтпақ болған трагедияға оқырманды іштей даярлайды. Табиғаттың, жаратылыстың әр көрінісі жайдан жай ғана суреттелмейді, олардың барлығы да персонаждың ішкі дүниесімен астасып жататындығында. Әр детальдің бір астарлы мағынаны білдіретіндігінде.

Жазушының персонаж табиғатымен үндестіре жазған тағы ір шығармасы – «Арман сапары». Шағын әңгіме желісі қазақтан шыққан шоқтығы биік ғалым Шохан Уәлихановтың шығысты зерттеу жолындағы Ыстықкөл мен Тянь-Шаньға алғашқы сапарындағы көңіл керуені туралы жазылған. Автордың Шохан Уәлихановтың ішкі түйсігімен үндестіре білген

табиғат көрінісін қалай бейнелегендігін оқып көрейік: «Көктемнің қыз қылықты, шуағы мол күні еді. Қыстан қалған сай-сайдағы теңбіл қар еріп болып, көк аспан астындағы күреңсал дала бусанып, рахатты күйде талмаусырап, күнге барын аямай тосып, кең кеудесін емдіріп жатқандай. Ертіс бойындағыдай емес, мұнда жер көгеріп, тобылғы, қарағай басы бүршіктеніп, көктем тынысының анық ажарын байқатып тұр. Арқаттан ұзап шығып, Аягөзге жеткенше сортаң даламен үш күн титықтаған жолаушылар, оңтүстік желінің майда лебі есіп, төбедегі күннің жұмсақ сәулесі шеке қыздыра бастаған соң, көңілденейін деді. ... Аягөз өзенінің өткел тұсынан оң қабаққа шыққан соң, Шоқан тарантасты тоқтатып, күн қағар зонтын кері ысыртты. Тағы не әмірі бар екен дегендей, жәмшік қағылез сыматты денелі, моңғол түстес офицердің қиық көзін сығырайтып аспанға қараған ойлы сәтін бұзғысы келмесе де, жөткірініп қойды. Шоқан үндеген жоқ. Ақырын бұрылып, өзеннің мол теректі жағасына жетіп, суға қолын малып сәл отырды. Салқын суға бетін, мойнын шайды. Бойын жазып, ұзақ керіліп тұрып, тұнық ауадан ағаштың, өзен балдырының, көк шөптің иісін сезінді» [117, 134 б.]. Қандай рақат! Осы көріністі оқып отырған оқырман жүрегіне тап сол мезетте өзі болғандай сезілетіні анық. Табиғаттағы тылсым сұлулықтың сырын түсініп, оны жан тәнімен ұғынып, орынды қызықтай білу де адамның ішкі дүниесінің тазалығын, пәктігін аңғартса керек. Табиғатқа, ондағы сиқырлы да сан қырлы сұлулыққа деген аяушылық сезім – сол адамның өмірге деген сүйіспеншілігі іспеттес. Атақты «Орыс орманының» авторы Леонид Леонов «Орыс орманын сақтай білу – халықтың ұлылық рухын қастерлеу, табиғат – адам жанындағы моральдық сұлулықтың бастау алар қайнар көзі» деп, табиғаттың адам баласы үшін қастерлі екендігін, онда өмір сүріп жатқан халықтың өз міндеті барын түсіндіреді. Адам баласы тек қана табиғат құдіретіне бас иіп қана қоймай, қазіргінің жалғасы, болашақтың тұтқасы ретінде де қарай білуіміздің бір айғағы. Су – тіршіліктің көзі, жазушы сол поэтиканы беру үшін соңғы үзіндіні сәтті қолдана білген. Әңгімедегі тағы бір назар аударар кішкентай деталь – осы су. Су – жаратылыстың ең негізгі стихиясы, әуелгі табиғат құбылысы әрі күллі жаны тіршіліктің негізгі күйі. Әлемің негізгі мифологиялық нұсқасында адамзат жермен, сумен тікелей байланысты екендігі айқын. Осы арқылы автор оқырманға өзіндік ой тастап отыр. Зар заман ақыны Дулат Бабатайұлының:

«Аягөз кімнің жері еді?
... Жер кімдікі дегенде,
Аға сұлтан қазылар,
Не деп жауап береді?»

деп кездесетін «Аягөз, қайда барасың?» өлеңін тап осы тұста еске алмай болмайды. Кезінде таласқа түскен жеріміздің қаншалықты құнды екендігін автор осы бейнелеу арқылы ұқтырып отырғандай. Аз ғана баяндаудың астарында бір ұлттың тағдыры байланған. Жазушы Шоқан

Уәлихановтың осы бір іс-әрекеті арқылы туған жердің әр тасының, әр затының киелі екендігін, оның адам жанын рахатқа бөлейтіндігін оқырманға сездірді. Табиғат пен адам жанының үндестігін автор өзінің «Бастау» атты ой-толғауында былай жеткізеді: «11 қараша, 2008 жыл. Бұл менің алпыс екі жасқа толған күнім. Дәл сол күні таң мені қылаң берген сәтте, жалдамалы көлікке отырып, қазақ даласына сапарға аттандым.

«Жолымды оңғара гөр, Алла Тағала!» деп күбірледім.

Мені Астанадағы «Абай» қонақ үйінің қолтығындағы Абай бабамның тас мүсіні бағып тұр еді». «... Күз аспаны қою бұлтты, салқын, ауада тоңазық, суық жел бар.

Ал жарықтық Дешті Қыпшақ даласы шетсіз де, шексіз, мол пішілген алып бітімі маңғаз, өз-өзіне сенімі де берік.

Дала бетінде шырылдаған қара торғайлар таңғы әнге басыпты.

Ойхой, қайран Дешті Қыпшақ даласы!..

Ойхой, қайран қазақтың ел-жұрты!..» [120, 42]. Суреткердің перзенттік болмысының шынаылығынан болса керек, оның әр шығармасында дала поэтикасы кездесіп отырады. Оқы отырғанда жан сүйсінер құпияның бңр белгісі сол – суреткердің туған жер табиғатына ерекше ынтызарлығы. Оның аң-құсы, өсімдігі өлмесе, адамзат нәсілі өлмейтіндігін айтады. Табиғатқа қазылған ор, жан-жануардың тұқымын тұздай құртар көр – бұл адамзаттың өзі өкіріп келіп құлайтын қара көрі. Сондықтан да автор «Қара жерді қадірлемесек, қарғысы атады» деген тоқтамға келеді. Даланың осынау кең пейілді болғанымен, адам жауыздығының кең дала төсінде үстемдік құрғаны туралы ақын Ф. Оңғарсынова «Сиыну» өлеңінде былай жырлайды:

«Далада кеңдік болғанмен,
қорқау көңілдер бар мұнда.
Бағы бар иттер шалқайып жатыр ақ отау тігіп
шалғынға.
Сол байғұстардың «бақ» дейтіндері сорлы мал,
бір түнде ғана кете баратын олжа боп менің алдымда» [121, 19 б.].

Табиғат – ең жаны таза құбылыс. Жаратылыспен жарасудың ең жоғарғы көрсеткіші – суреткерлік қарекет. Астарлы ойды, түпкілікті санадағы пікірді жеткізе білу үшін де табиғат тылсымын бейнелеу білу автордың жазушылық шеберлігін аңғартады. Автор жаны сезінген өмір көрінісін түрлі сөз иірімдерімен, сырлы сазымен көз алдыңа алып келеді. Бейнелі сөздер жазушының дарын-даралығын, жаратылысқа деген әдемілік ұғымын ғана емес, нақтылы құбылыстар кескіні арқылы сол заманның жалпы тіршілік-тынысын да аңғартады. Суреткер «су тамшысының да қайталанбайтын дербес» қасиетін жеткізе алады деген нық сенімнің бір айғағы осы десек болады. «Адам қоян-қолтық табыспай, бауырласпай, табиғатсыз, тыныссыз бір күн, бір сағатын босқа өткізуі мүмкін емес. Өзінің бүкіл ұмырымен ол ең алдымен жарық дүние шапағатына қарыздар. Әйгілі Гете табиғатты дәтің шыдап тастап кетуге қимайтын шахмат тақтасына

теліген», - дейді көрнекті қазақ әдебиетінің сыншысы З. Серікқалиұлы [122, 409 б.]. Шындығында да нағыз эстетикалық қасиет – табиғатпен бауырлас адам қатынасының жемісі. Оның жаратылысқа деген эстетикалық көзқарасы әлем тынысы жеткізіп жатқан қыруар ұғым-түсініктер, мол білім, парасат байлығы негізінде айқындалған. Шығармаларында табиғат бейнесіндегі көріністерді ерекше жеткізе білген қостілді жазушылардың бірі – Әнуар Әлімжанов. Жазушының «Көгілдір таулар», «Күнге бет алған керуен», «Ұстаздың оралуы» шығармаларында табиғаттың ерекшелігін, сұлулығын авторлық баяндау арқылы бейнелейді. Аристотельден кейінгі екінші ұстаз атанған Әбу Нәсір Мұхаммед әл-Фарабидің өмір сүрген уақыты турасында жазылған «Ұстаздың оралуы» шығармасында тек ғалым өмірін ғана суреттеп қоймай, табиғат ерекшелігін де автор шеберлікпен жеткізеді. Шығарманың төртінші тарауында шәкірттерімен Бағдадқа жолға шыққан Ұстаздың құмды аймақты кешіп, сапарға шыққанынан хабардар боламыз. Тылсым табиғаттың адам жанымен үндес екендігін автор былай бейнелейді: «Зухейр керуеннің шаһардың қай қақпасынан қалай кіргенін де аңғара алмады, ол тек табан астындағы ойпаң жазықта күн нұрына шағылыса жарқырап, өзінің әдемі сарайларымен, амфитетеатрларымен, салтанатты әсем мұнаралармен, жасыл бау-бақшалы алаңдармен көзді арбаған шаһарға таңырқаған да қалған. Шаһардың шығысы мен оңтүстік қапталында сыңсыған жасыл тоғай жатыр, одан әріде жайқалған жасыл шалғын көкпеңбек боп тыншып жатқан дарияға жалғасыпты.

Жолаушылардың қарсы алдынан қоңыр салқын самал есіп қоя берген. Бірақ олар самалды да, әлгіндегі шаршағандарын да естерінен шығарған еді. Мынау сұлу көріністе еліте қарап қозғалар емес. Зухейр кәрі бураның шөгіп жатып қалғанын да аңғармапты. Мынау сұлулыққа тәнті болған үш жолаушы да үн-түнсіз еді. Алға қарай аттауға, мынау ғажап көріністің шырқын бұзатындай боп іркіле түскен.

- Хасан, торсықты алшы, сусын ішейік, - деп тыныштықты алғаш Әбу Нәсір бұзды. Бірақ Хасан оның сөзін естіген жоқ. Ол сол әуелдегі аңыраған күйінде алдымдағы көрініс өңімде ме, әлде түсімде ме дегендей таңырқап тұрған. Мынау ақ мәрмәр колонналардың арасынан көшелер өтеді дегенге де сену қиын еді. Мұндай келісті әсемдік пен сұлулық жұмақта да бола қоймас. Бұл неткен таңғажайып шаһар туралы неғып ештеңе айтпаған?!» [116, 107]. Шексіз-шетсіз, бояу-бедері қанық, түрлі-түсті ғаламат кең дүниеге ие табиғат әлемі адам баласын ешқашан жалықтырған емес. Тіпті жолаушылардың шаршағанын ұмыттырған әсем көріністі жазушы бейнелеу арқылы кейіпкер бірге сапарлап, өзін құм кешіп келе жатқандай сезініп отырған оқырман жанына да бір сәтте бар сұлулықты төгіп салады. Осы арқылы автор өз жанымен қатар оқырман дүниесін де тыныштандырып, әсемдіктің тағы бір рет құдіреттілігін көрсетеді. Осы табиғаттың ерекше жаратылысын бейнелеген суреткер шығармасындағы осы жолдар ұлы ақын Абайдың табиғаттың ерекше үйлесімділігі жайындағы мына өлең жолдарын еске салады:

«... Күн – күйеу, жер – қалыңдық сағыныстысы,
Құмары екеуінің сондай күшті.
Күн күйеуін жер көксеп ала қыстай,
Біреуіне біреуі қосылыспай.
Көңілі күн лебіне тойғаннан соң,
Жер толықсып, түрленер тоты құстай» [123, 161 б.].

Шындығында, суреткер табиғат әлемін жандандырып, анығырақ айтар болсақ, табиғаттың бет-бейнесін тірілтіп, өзіндік өзгешелігін сақтай отырып, төл табиғатпен жарыса сән түзейтін көркем шығарма тудырады. Осы арқылы автор жаратылысты бейнелей отырып, оған деген өз қатынасын білдіреді. «Көркем шығарманың міндеті – дүниені жаңғырту емес, адам баласының тек өз қалауын білдіруі» деген Гародидің пікірі ойға оралады.

Құм мен адам. Құм сарыны әлемдік әдебиетте көнеден, қасиетті кітаптардан бастау алады. Жансыз табиғат пен адам арасындағы байланысты осы ұғым көптеп кездесетін шығармалардан аңғарамыз. Құм неге адамзат үшін жұмбақ? Жазушының жоғарыда мысал келтірген шығармасында да осы ұғымның үзіндісін келтірейік: «..Қаусаған әскерінің біразын құм далада жоғалта отырып, Зейнаб кейін шегінген. Ол со бойда Пальмираның қорғанына кеп бой тасалап, бекініс құрады. Қаланы римдіктер қоршауға алып, барлық жолдарды қиып тастайды. Келіссөзге келісе алмайды. Аздаған нөкерлерімен Зейнаб қоршауды бұзып өтіп, түйемен Евфратқа қашады, сол жақтан астананы құтқаруға көмекке парсы әскерін әкелмек болады. Ол құмнан аман-сау өтіп, Евфрат жағасына келіп, қайыққа енді отырған кезінде Аврелианның қуғыншылары қуып жетеді. Сол арада Зейнабты ұстап, салтанатпен кері Пальмираға алып жүреді. Пальмира тізе бүкті» [116, 118 б.]. Жазушы адам мен табиғат тұтастығы, жаратылыстың ішкі үні, бейнет пен қасіретке толған тағдырды, ашуға булыққан адамның қылығындай табиғаттың, оның шінде құмның да мінезі барын тағы бі көрсетіп берді. Адам баласының тағдыры ғана емес, барлық болмысы табиғатпен үндес екендігін дәлелдей түседі. Бұл тақырыппен үндес қазақ әдебиетінде О. Бөкейдің «Құм мінезі» повесін, Д. Досжанның «Құм адамы – Абылүйген», Аманхан Әлімнің «Тағы да құм туралы» туындыларын атап өте аламыз. Орыс халқының ірі-этнограф ғалымы А.Н. Афанасьев өзінің «Поэтические воззрение славян на природу» деген құнды еңбегінде ежелгі еуразиялық тайпалардың мифологиялық дүниетанымдарын зерттеген. Ежелгі тайпа табиғатты жаны бар, тірі деп ұғынған. Бұрынғы пұтқа табынушылық жаратылыстың мылқау күшіне басын иіп, әр құбылысты жеке қастер тұтып, жеке дара құдай деп таныған екен. Жел, от, жер, су, тегіс жанды, тұлғаланған, бәріне құдайында табынған. Дінге сенуге дейін адамзат баласына тән алғаш дін осы болған. Бұл шындығында халықтың өзі тудырған символдық образ еді. Ал суреткер шығармасындағы табиғат құбылысының адам баласына көрсеткен мінезі арқылы табиғатты жансыз деп айтудың өзі қате секілді. Тылсым құбылыстың ерекшелігі арқылы автор өз туындысына айтар ойын қосарлап отырады.

Әсіресе жазушы Ә. Әлімжанов өз шығармасына осы тұсты жауыздықты, адамдардың тәкаппарлығын құммен жасырғысы келетін сынды сезіледі. Нақтырақ айтқанда, табиғат құбылыстары адам әлемімен барабар, жан біткен секілді жойқын, алапат қимылдар жасайды. Кей тұстарда адам баласының ақылы жетпестей көріністермен асып түседі. Міне, жаратылыстың осы бір мінезі арқылы суреткер адам қасиеттерін табиғат арқылы да ұғына білу керектігін дәлелдей түсті.

Ежелгі грек халқының пікірінше, жалпы жарық дүние әдемі де әділ жаралған. Бәрі де заңды. Өнер туындыларында жаратылыс әлемінің баянды болмысын зерделеу, жұбы жазылмас жарасымын жырға қосу жетекші орын алады. Табиғат не істеймін десе де ерікті, барлық құдіретін еш қалтқысыз мойындаттыруға тырысады. Барлық жаратылушы құбылысты түгел түсіндіретін өзі ғана. Жазушы Р. Сейсенбаев «Қайдасың сен, Назым?» әңгімесінде осы бір сырлы да сезімге толы, нәзік табиғат болмысын ғашықтар көзімен былай бейнелейді: «Аспан ашық еді. Ай нұрлы бетін жерге тосып тұр. Самсаған жұлдыздар. Дүниенің осы бір ашық-жарқын қабағы, біздің көңілімізді ескергендік сияқты болып көрінді.

Біз бақытты едік. Бірақ бақыттың ғұмыры ұзақ болмады. Бақытты әңгімеге еншілеу үшін нәзік жүрек қажет екен. Екі жүрек бірдей бір ғана ғажап әді қосыла салу керек екен. Қыс бойы сол тұрғызған аққаламызға келіп «амандасып» кетіп жүрдік. Жазда мен ауылға демалысқа қайтқан сайын Назым менімен жылап айырылысатын. Бірақ біз күліп табысатынбыз. Сол қыста мен ауруханаға жатып қалдым. Ауруханадан шыққанда біздің соққан аққала жоқ еді. Еріп кетіпті. Қалада көктемнің жұпар иісі тұнып тұр еді» [117, 116 б.].

Табиғат көрінісі арқылы персонаждың ішкі көңіл-күйін, сезімін психологиялық тұрғыда талдай отырып, оны ашуда пейзаждың атқаратын рөлі зор. Сол арқылы автор өзіндік философиялық ойын жеткізіп отырады. Адам мен табиғат арасындағы достықпен қатар, оған қарама-қайшы ұғымның қатар жүретіндігін жазушы Ә. Әлімжановтың «Көгілдір таулар» повесінен аңғарамыз. Суреткер өзінің табиғат жайындағы концепциясын кейіпкердің ойлауымен, сезім түйсігі арқылы аша түседі: ««Жұлдыз» Асқардың жанына айналып тағы келді. Тағы да шырқырап кісінеп, жер тарпып тұрып алды. Түнгі кең далада тылсым жоқ. Қансыраған Асқар енді өн бойының ауырғанын сезуден қалды. Ерні кезеріп, таңдайы жұтындырмай құрғап, әбден шөлдеді. Ажал деген сайқымазақтанып, таяп тұр. Бәрінен де қорлығы – сол ажал адамдық құны жоқ ұрының қолынан болып отыр. Асқар ыңырана тыныс ап, түн құшағындағы далаға көз жіберді. Дәл қазір оған туған даласына дейін жат болып көрінді. Қаншама аштықты, жалаңаштықты бастан кешіріп, талай соққыға бой бермей, енді адам боп шықтым ба дегенде өле салу қандай өкініште. Не қызық көрді? Тағдыр неткен қатыгез еді!». «.. Төңірек тым-тырыс. Көк аспанда сұп-суық боп жұлдыздар жымыңдайды. «Жұлдыз» құйрығын шаншып ап, әлдеқайда шауып кеткен. Не оқыранғаны, не тұяғының дүсірі естілмейді. Тек малшы қауымға ғана қанықты өлі

тыныштық басып тұр даланы. Тыныштық сырын Асқар да тыңдай білетін. Өзі тау мен дала аясында туып-өскендіктен бе, ол тыныштықтың шертер сырын – Шопан атаның Жер-Ана туралы, жұлдыз әлемі туралы таусылмас ұзақ ойлары деп білетін, дала адамының ұзақты күнге өз-өзімен өмір туралы мәслихаты деп ұғатын. Жел мен боран малшы қауымға қорқыныш әкелсе, күн күркіреп, найзағайдың онауы үрей туғызды, ал тыныштық – көңілдің жазы. Иә, Асқар да дала тынысын, дала тыныштығын тыңдай білетін. Ал қазіргі тыныштық қорқынышты еді. Өлімді күткен тымырсық тыныштық еді...» [116, 151 б.]. Осы тұста жазушы О. Бөкейдің «Табиғат адамсыз тіршілік құра алады, ал адам табиғаттан тысқары өмір сүре алмайтыны рас болса, неге ғана мына қар астындағы қара жер, анау жұлдызды аспан адам баласына табыну керек?» деген астарлы пікірі еске түседі. Шындығында адам баласын тәубеге келтіретін бірден-бір құбылыс – табиғаттың қаталдығы. Күйбең тіршіліктің әлегіне салынып, пендешілікке бой ұрған шақта адам баласына терең ой салатын да осы құбылыс. Шығармадағы кейіпкер Асқардың өлімін күтіп, иен далада жатқан сәтін де суреттеу арқылы автор адам жан дүниесінің табиғатқа тәуелділігін ұғындырады. Жазушының пікірінше, табиғаттың қаталдығы – адамзат баласы үшін қажет дүние. Сол себепті суреткер кейіпкерін түн құшағындағы далада қалдырып, табиғатпен тілдестіріп қояды. Тіпті туған даласына дейін жат болып көрінген Асқар бұл тыныштықтың, табиғаттың қаталдығын жанымен сезіне біледі. Жанына ауырлық әкелген тыныштық оған түрлі ойды жетелеп әкеліп, жанын сергелдеңге салады. Бұл тұста суреткердің психологиялық талдауды шебер қолданғандығын аңғарамыз. Белгілі сыншы С. Әшімбаев осы тақырып төңірегінде мынадай ой түйеді: «Психологиялық талдау дегеніміз – өмірде болып жатқан драмалық, трагедиялық, трагикомикалық жағдайлардың көркем шындыққа алмасуына байланысты. Пенденің көңіл-күйіндегі күйініш пен сүйініштің, жан әлеміндегі буырқанған буырқаныстың, жүрек түкпіріндегі толқу мен тебіреністің, яғни, болуы мүмкін шымыр да шынайы сезімдік құбылыстарды, әрі жинақтап, әрі даралап суреттей отырып, сол адамдардың мінез-құлқын, рухани болмысын, қысқасы, психологиялық ішкі портретін монолог арқылы жазушының көз алдымызға елестету шеберлігі. Сонда ғана көркем образ өмірлік нақты тұлға, жалпы типке айналады»[115, 35 б.]. Осылайша суреткер оқырман санасына да табиғаттың тек қана мейірімді еместігін, сонымен қатар қарама-қайшы тұстары да болатындығын жеткізеді.

Қазақ халқы ежелден аспан денелеріне қарап түрлі дүниелерді болжайтындығы белгілі. Сонымен қатар қазақ ұғымында «өлілердің рухы да сол аспанда шалқып жүреді» деген көптеген пікірлер кездеседі. Жазушы Ә. Әлімжанов «Қарасұңқар көпірі» повесінде осы ұғымға тереңірек бойлай түседі:

«- Демек, өзің жұрттың қазіргі тұрмыс, тіршілігін, тірілердің тауқыметін түгел ұғып болып, жер үстіндегіні түгендеп, енді өлі аруақтардың сүйектерін ақтарайын дегенің бе?!

Қарт дауысы мейлінше салмақты, ызбарлы еді, тіпті бұл қызбалығы өзіне де жат естілді.

Сөйтеді де, жауап күтпестен жастығына жата берді.

- Жоқ, ата. Мен тірілер жайлы да онша көп білмеймін. Мына сіз көргеннің жүзден бірін де көргенім жоқ. Алайда біз бүгінгі өзіміз жайлы да, кешегі өткен тарихымыз, жеріміз жайлы да молырақ білсек дейміз. Бұл араларда қаншама жойқын соғыстар өтіп, қаншама қырғын-сүргін болғанымен, нағыз түпкілікті жер иесі боп, мыңдаған жылдар осы өлкеде мал бағып, астық өсіріп күн кешкен, үрім-бұтағын өрбіткен ел қалды ғой..., - деді Асқар сабырлы үнмен. – Біз сол ата-бабаларымыз жайлы көбірек білсек дейміз...

- Бабаларын үрім-бұтағына қарап, әкесін – баласына қарап сынап болар, - деді қарт оның сөзін бөліп. – Ал балалары әкелерінің аруағын қастерлер болар, олардың молаларын қопармас болар...

- Өлілер сонау алыс жұлдыздар тәрізді, үндемейді. Киіз үйде жатып, түндіктен қарағанда, түнгі аспан соншалық биік, ой жетпес тұңғиық көрінеді. Ал жұлдыздар болса со күйі сыры шешілмес жұмбақ тәрізді. Алайда қазіргі заманда адамзат сол ой жетпес тұңғиықты да, сол шешілмес жұмбақты да құдіреттің сырын да білуге ұмтылуда. Өлілер тілсіз жатады. Ал тірілер шындықты бүркемелеу үшін сол өлілерге сілтеу айтады. Біз өлілердің құпия сырларын ашып, шындықты солардың өзіне айтқызсақ дейміз, ата. Өйткені тарихты жасаған сол бабаларымыз ғой, ал біз болсақ солардың ісін алға жалғастырушы ғанамыз...» [116, 303 б.]. Шығарманың басты кейіпкері Асқардың осы ойы арқылы автор өз толғанысын жеткізкісі келеді. Адам жаны табиғатпен егіз дер болсақ, ол өмірден өткеннен соң да бұл қасиетін жоғалтпайды. Алайда бүгінгі ұрпақ осы шешілмес жұмбақтың жауабын табу үшін жер астында жатқан, «аспан үстінен қарап тұрған» өлілерді сылтау етіп, түрлі жалғандықты ойлап табуда. Суреткер өз ойындағы шындықты қалай ашқысы келетіндігін персонаж Асқардың пікірі арқылы жеткізеді. Шындықты танудың жалғыз жолы – өз заманының куәгерлерінің естеліктері екендігін ұғындырады. Ал олай болмаған жағдайда табиғаттың да бір күні адам баласына дайындап қойған «тосын сыйы» бар екендігін білдіргісі келгендей. Шығарма соңында табиғат тосын сыйын автор былай суреттейді: «..Ал егер ақиқат жайға келер болсақ, Қарасұңқардың ол айтқаны да дұрыс. Тарихтың ақиқаты деген міне, мынау ғой... – Жомарт журналиске жер астынан шыққан тастағы ру таңбасын нұсқады. Профессор Мұратқа жер астынан табылған кесектердегі белгілерді қалай суретке салу керектігін көрсетіп тұр. Арыстан қазылған топырақтарды әрірек сырғытып, шұңқыр төңірегін тазартып жүр. Асқар болса шәкірттерінің бүгінгі істеген жұмыстарын есеп кітабына жазуда» [116, 361]. Суреткердің негізгі идеясы енді белгілі. Табиғаттың тылсым жаратылыстары арқылы адам баласының шындыққа деген көзқарасын, таным-түсінігін аңғартып берді. Әр заманда да еш дәлілсіз, жылтыр дүниеге құмар болар адамзаттың бары айқын. Автор келер ұрпақ үшін тарихтың қаншалықты маңызды екендігін, ал ол шындық

табиғат тылсымдарымен тікелей байланысты екенін жеткізді. Ақиқатқа жеткізер бірден-бір жол – тарих болса, ал сол тарихты анықтаудың ең шынайы соқпағы – қаншама ғасырлар бойы табиғат қойнауына жасырған құнды байлықтарымыз. Сол құндылықтарымызды адаспай, ерінбестен табар болсақ, руханиятымыздың кеңейе түсетіндігі анық екендігін суреткер осы шығармасында дәлелдей түскен.

Ежелден аспанға, айға, күнге сыйынумен қатар, оларға қарап түрлі болжамдар мен ойлар айтылып, осы заманға дейін жетіп отырған. Адам баласының табиғатты түсіну аясы оның түрлі құбылыстарының ерекшеліктерін түйсінумен тікелей байланысты. Жазушы жаратылыстың түрлі құбылысын аз ғана деталь арқылы суреттеуі мүмкін. Алайда оның астарының өзінде табиғатпен үндесу, тіршілікті сезіне білудің маңыздылығын жеткізеді. Осы тұста жазушы Ә. Әлімжановтың «Мен халықтың көптеген ғасырлар бойына жат жерлік басқыншыларға қарсы, өз азаттығы мен теңдігі үшін жүргізген күресінің бір ғана оқиғасын баян еттім» деген «Махамбеттің жебесі» романындағы батыр ойын авторлық баяндау арқылы жеткізген сюжетті мысалға алайық: «Жетінші түн. Неткен қараңғы еді! Әлде бұлай болуының себебі, бұрынғы түндер бұлтсыз ашық болып, жер бетіндегі сарбаздар жаққан көп от аспандағы жыпырлаған сансыз жұлдыздың төменнен шағылысқан жарқылы тәрізді көрінгендіктен бе екен?! Ал бүгін ай да жоқ, жағылған от та аз, оның үстіне олар болар-болмас жылтырап, әрең көрінеді.

Тас қараңғы түн-түнек. Меңірейген қапас. Тылсым тыныштық.

Махамбет ойы бөлініп, еріксізден құлақ түрді: қараңғылық құшағынан мың сан ауыздың сыбырлай сөйлеген күбірі естіледі. Жұрт әлі ұйықтамапты. Өше бастаған оттарды қоршалай түсіп, қимылсыз отыр. Әудем жердегі әне бір бұлақ басында ғана домбыра тартылып, әлде кім жұртты дүрліктіріп, өлең-жыр айтып жатыр. Бірақ жел ол дауысты Махамбетке толық жеткізбей, басқа жаққа алып кете береді» [116, 487 б.]. Суреткердің бұл романы Исатай Тайманұлымен бірге қазақ халқының 1836-1838 жылдардағы ұлт-азаттық көтерілісін басқарған ардагер ақын Махамбет Өтемісұлының тарихи тұлғасын сомдауға арналған. Махамбет – ердің ері еді, анадан ұл болып туған нағыз тарлан. Жерім мен елім деп жалындаған отты жүрегі мен алаулаған жырдың иесі. Қазақтық пен тектіліктің асыл рухын жоғалтудан өлімді артық санаған хас батыр. Автор батырдың ұлығының өзін осы кішкене ғана деталь арқылы тағы бір дәлелдеп берді. Бостандық үшін жанын қиған жауынгерлер, жер үшін құрбан болған қисапсыз батырлардың жоқтығын суреткер осы көрініс арқылы оқырманға жеткізеді. Бұл – жазушының суреткерлік шеберлігі. Табиғат сыры мен адам жанын астастыра бейнелеп, іштей жауынгерлерін жоқтаған Махамбет мұңын оқырман осылай сезіне білді.

Табиғаттың адам жанымен үндестігін жазушы Т. Әсемқұлов өз шығармаларына жиі пайдаланып, оқырманға ұсынып отырады. Соның бірі суреткердің «Талтүс» шығармасында кездеседі: «Қанша уақыт өткенін білмейді. Тек омырауына салқын леп тигенде есін жиды. Боран басылған.

Қардың аяғы жып-жылы қарға ұласыпты. ...Кенет иін тіресе отырған қарғалар жапатармағай қарқылдай жөнелген. Тамақтан қырылдай шыққан үнннен аспан шыт-шыт жарылды. Содан соң бәрі бірдей қанаттары сатырлай көтерілген. Аспан сынып, қап-қара жапырақ жерге төгілгендей болды. Қара құзғын... жамандықтың, қазының белгісі деуші еді ғой. Иә. Қаза... бірақ ненің қазасы? Бір күн өтті, бір күн өлді... Соның қазасы ма... Жоқ... Табиғат... Кемеңгер табиғат... өзі жаратқан көп пенденің біреуінің өлімін азалап тұр... Аспан мен жер, мынау тынымсыз жауған сірке жауын бір ғана адамды, сені ғана, сен арқылы баяғыда өткен сансыз ұрпақты, тіпті бүгінгі адамды, әлі дәмі таусылмаған адамды да жоқтап тұр. Бірақ өлімнің хақ екені рас болса, қайғының да бір күн өліп, таусылатын мерзімі болмаушы ма еді... Өмірдің өлім екені шын болса, онда өлімнің де өмір екені соншалықты ақиқат... Сұрғылт аспан қақ айырылып, қызғылт күн көрінді. Қыркүйектің көз жасы жерге маржан болып төгілді. Бойын шексіз шаттық кернеген» [113, 119 б.]. Ежелден табиғат құбылыстарына, табиғат жаратқан жанды дүниелердің тыныс-тіршілігіне қарап, көптеген болжам келтірген қазақ халқының сенімі бұл жолы да қате болмайды. Балалық шағынан қолында өсіп, бір елі айырылмайтын атасынан айырылған Әжігерей үшін бұл ауыр сынақ еді. Бала күнінде анасының қайтыс болғанын есіне түсірген сәтте оның көз жасын шаюға кемеігер табиғаттың өзі көмектескендігін де жазушы былай суреттейді: «Күзгі аспанды бұлт торлап, сіркіреп жауын жауа бастады. Күздің жылы жаңбыры. Аздан соң түсінді. Кемеңгер табиғат бұны өзі жұбатып тұр. Анам өлді деп жылама. Ана да жоқ, бала да жоқ. Ілгеріндікейінді дүниеге келген ұрпақ қана бар. Бәрің де менің баламсың деп тұрғандай. Осы тынымсыз аққан мейірімді, шапағатты тамшылардан ой өлкесі гүлденіп, жаңғырып, әлденеше жас есейгендей, ойша бәріне де алғыс айтқан. Мейлі, басқаға бұйырғанды сұрап ала алмадым. Бірақ бәрібір ризамын. Осы бергені аз ба? Көбін берген Құдай азын да береді. Өмір берген, тіршілік берген Құдай басқасын да береді. Тек күту керек» [113, 64 б.]. Табиғат адам баласына тек дүлей мінездерін көрсетеді деген жаңсақ ойдың қате екендігін жазушы осылай дәлелдеп береді. Осы тұста Жәрдем Кейкіннің мынадай ой-толғамы еске түседі:

Жер – жомарт,
қойнауындағының бәрін береді.
Жер – мәрт,
Жонын тілсең де,
Жемісі үшін азапқан көнеді [124, 282 б.]. Табиғат – адамның қорғаны. Алайда адам баласы да тап солай табиғатты қорғай білсе, жаратылыстың да оған дайындар сыйының орасан зор екендігі айқын.

Қорытындылай келе, суреткер бейнелеген табиғат суреттері арқылы адам баласының дүние шындығына тікелей қатынасы ашылады. Кейде адам баласы әсемдікке, сұлулыққа ұмтылып, табиғаттың көркемдгінен ләззат алады (5-сурет).

Билингв жазушылардың әлем табиғатын суреттеудегі ұқсастықтары

Ә. Әлімжанов	Р. Сейсенбаев	Т. Әсемқұлов
«Күнге бат алған керуен», «Көгілдір таулар», «Қарасұңқар көпірі»	«Соңғы қар», Бір құшақ көк шөп, «Арман сапары»	«Талтүс», «Кәрі күйші»
Тек малшы қауымға ғана қанықты өлі тыныштық басып тұр даланы. Тыныштық сырын Асқар да тыңдай білетін. Өзі тау мен дала аясында туып өскендіктен бе, ол тыныштықтың шертер сырын – Шопан атаның Жер-Ана туралы, жұлдыз әлемі туралы таусылмас ұзақ ойлары деп білетін, дала адамының ұзақты күнге өз-өзімен өмір туралы мәслихаты деп ұғатын. Жел мен боран малшыларға қорқыныш әкелсе, күн күркіреп, найзағайдың ойнауы үрей туғызды, ал тыныштық – көңілдің жазы. Иә, Асқар дала тынысын, дала тыныштығын тыңдай білетін. Ал қазіргі тыныштық қорқынышты еді. Өлімді күткен тымырсық тыныштық еді...	Екі-үш күннен бері күрт өзгерген ауа-райы бүгін тіпті ерекше суық. Шана үстіндегілер біріне-бірі тығыла түсіп, жиі-жиі көкжиекке қарасады. Күннің көзін күтіседі, білем. «Апырмау, күн екеш күн де ренжулі ме, қалай өзі?... Бүгін де ажары сынық-ау»,-деп ойлады шананың шетін ала отырған Тоқтамыс салқын іреңді күнге аракідік қарап қойып. Ала көлеңкеден терісінен соққан даланың тіміскі желі күн ұзын бір басылмады. -Жып-жылы қар жауды. Бұл осы қыстың соңғы қары еді. Қала ұйқыда. Перрон бос. Рельс ортасында денесі қақ бөлініп, тайыншадай	Кенет иін тіресе отырған қарғалар жапатармағай қарқылдай жөнелген. Тамақтан қырылдай шыққан үннен аспан шыт-шыт жарылды. Содан соң бәрі бірдей қанаттары сатырлай көтерілген. Аспан сынып, қап-қара жапырақ жерге төгілгендей болды. Қара құзғын...Жамандықтың, қазаның белгісі деуші еді ғой. Иә. Қаза..бірақ ненің қазасы?Табиғат..кемеңге р табиғат..өзі жаратқан көп пенденің біреуінің өлімін азалап тұр. Аспан мен жер, мынау тынымсыз жауған сірке жауын бір ғана дамды, сені ғана, сен арқылы баяғыда өткен сансыз ұрпақты, тіпті бүгінгі адамды, әлі дәмі таусылмаған адамды жоқтап тұр.
Шығармадағы кейіпкер Асқардың өлімін күтіп, иен далада жатқан сәтін суреттеу арқылы автор адам жан дүниесінің табиғатқа тәуелді екендігін ұғындырады. Аспан денелеріне қарап түрлі дүниені болжауға болатындығын көрсетеді.	Шығарма басынан-ақ автор оқырманды соңында болар суық оқиғаға дайындай бастайды. Табиғаттың сұрапыл сәтін қатал суреттеуі арқылы алдағы болатын жайсыз оқиғадан хабар етеді. Ол – Таймастың өлімі еді.	Ежелден табиғат құбылысына қарап болжам келтірген қазақ сенімі бұл жолы да рас болып шықты. Балалық шағынан айырылмай, қолында өскен атасының өлімі Әжігерей үшін

Ал кейде пендешілікке салынып, әлем сахнасында тек өзі пайда болған деген қағиданы ұстанып, жауыздық танытатыны тағы бар. Осылайша өзіне де, өзгеге де зиян тигізер әрекеттерге барады. Ал осы құбылыстарды әр жазушы шығармасында өзінше жүзеге асырады. Мәселен, біз мысал келтіріп өткен «Соңғы қар», «Көгілдір таулар», «Қайдасың сен, Назым?» әңгімелері арқылы суреткер кейіпкер көңіл-күйі мен ішкі дүниесіндегі сезімді табиғатты қатарластыра, параллелді түрде суреттеу психологизмді, жан тануды тереңірек жеткізу мақсатында қолданған. Бұл автордың персонаждың жан дүниесіне тереңірек бойлай түсуге тапқан бірден бір жолы. Ал «Қарасұңқар көпірі», «Махамбеттің жебесі» туындылары арқылы автор аспан денесіңндгі жаратылыстың да адам баласының жан дүниесімен, жерде болып жатқан оқиғалармен тікелей байланысты екендігін көрсетті. «Арман сапары», «Ұстаздың оралуы» шығармаларында да табиғаттың айнымас бөлшегі су, құм, туған жердің адам үшін ыстық екендігін, маңызды екенін оқырманға жеткізіп отыр. Өмір құбылыстарының барлық қарекеті мейлінше мәнді әрі мағыналы, бұлжымастай, дәл солай болуға тиісті тіршіліктің заңдылығы. Себебі, жаратылыс күші нақты, көрнекі, өзін-өзі негіздеп, өзіне-өзі ғана тәуелді бола алады. Ал шығармадағы кейіпкерлер мінезінің, іс-әрекетінің, басынан кешкен оқиғаларының табиғат құбылыстарымен теңдестіріле, шендестіре отырып бейнеленуі – суреткер шеберлігінің айқын көрінісі.

3.3 Автор шығармаларындағы философиялық ой және ұрпақ тәрбиесі

Философиялық ой, дүниетаным – адам баласының рухани ізденістеріне, өзіндік дамуына көптеген мүмкіндік беріп, шексіз кеңістік ашады. Таным ауқымы сан қырлы, сонымен қатар түрлі тараптағы мұндай мүмкіндіктер көркем әдебиетте шектеулі. Неге десеңіз, көркемдік таным – өзінің шеңбері, өзіндік аясы, өзіндік эстетикалық заңдылықтары ауқымында ғана өріс алады. Алайда көркем әдебиет осы алаңда болып-ақ барша ғаламдық, күллі адамзаттық құндылықтарға қол арту мүмкіндігіне де ие екендігін жоққа шығармаймыз.

Жазушы Роллан Сейсенбаев қостілді жазушы ретінде әлемге таныла түсуде. Жазушының философиялық ойларға, ұрпақ тәрбиесіне толы шығармаларын оқып отырып, оқырман санасы түрлі сергелдеңге түседі. Осы ойымызды орыс тіліндегі тұңғыш кітабы Мәскеудің «Молодая гвардия» баспасынан 1978 жылы басылып шыққан сәтінде, орыс майталман жазушысы Даниил Граниннің жазған мына алғысөзі растай түседі: «..Менің пайымдауымша, Роллан Сейсенбаевтың прозасы өте терең ұлттық көрікте шыңдалған, сол қасиетін айрықша атамақпын. Оның әдеби қаһармандары ұлттық мінезді айрықша ұстанады. Ұлттық таным мен ұлттық салт-дәстүрге айрықша берік. Бүкіл Совет Одағының республикалары орыстанып болған кезде, ұлттық рухты, ұлттық сананы, ұлттық намысты биік ұстанған Ролланың әдеби кейіпкерлері мені таң қалдырды. Роллан Сейсенбаев барлы-жоғы 28 жастағы жас жігіт қана, ал оның терең прозасы көрген байсалды,

рухани толысқан жазушыны танытады. Мен оның жазушылық тағдырының ұзақ та, бақытты болатынына сенемін. Мына алғашқы орысша кітабы үшін ол ешқашан ұялмайтынына сенімдімін. Тіптен, оның таланты, рухани әлемі қуат алып өсе берсе де, дәл осы кітаптағы ақиқатқа ұмтылған жан тазалығы, адалдығы, адамгершілігі, азаматтық биіктігі оның жазушылық қалпының бірегейлігін көрсетеді. Дәл осы бүгінгі жазу деңгейімен ол кейінгі творчестволық танымын еркін салыстыра алады деп ойлаймын. Роллан Сейсенбаевтың осы кітаптағы талант қуаты соны танытады» [117, 9 б.]. Тап осы жылы жазушы «Өзімді іздеп жүрмін» атты әңгімелер мен повестер жинағы үшін Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты атанған. Жазушының екі бөлімді сахналық реквиемінде студенттер арасындағы махаббат оқиғасын ғана бейнелеп қоймай, өмірде қос қарсылық, адалдық пен арамдықты да сөз етеді. Қулық, карьера үшін ештеңеден тайынбау, сол үшін тіпті махаббаттың өзін құрбан ету әрекеттері пьесаның басты тақырыбы. Басты кейіпкердің бірі Сырымның ашкөз, дүниеқоңыздық көзін байлап алғандығын, оның ұрпаққа соншалықты зиян екендігін автор былай түсіндіреді:

Сырым (жалт бұрылады). Қысқарт. Сенің Айсұлу екеумізде шатағың болмасын. Мен сені сүйгем жоқ, Айсұлуды сүйдім.

Әділет. Сүйдім... Махаббат... Сен сүйіспеншілік дегеннің не екенін білемісің? Сен өзіңді ғана сүйесің. Өзіңді ғана. Сен өмір сахнасында таза махаббат актерінің рөлін ойнадың. Махаббат, достық жөнінде монолог оқыдың. Бірақ мен оны кеш түсіндім. Сен түлкісің, туысқан. Оңбаған, сасық түлкісің!

Сырым. ...Оны кезінде көреміз. Сен не тамаққа, не киімге жарымай алдыма әлі сан келесің. Сан келесің, ақымақ. Мен тізерлеп, көрінгеннің алдында құрдай жорғалап жоғары өрмелеймін. Ол үшін мен ешнәрседен тайынбаймын.

Әділет. Оны білдік. Сенің министрлігіңнен пайда қанша? Өзіңе ме, еліңе ме?

Сырым. Өзіме. Өзім үшін, өзімнің бақытым үшін күресем. (Пауза). Менің әкем қой аузынан шөп алмайтын жуас адам. Сен жырлайтын таза адам. Личность! Тұлға! (Пауза). Ондай тақыр табан тазалық кімге керек? Астымда машина, үйімде байлық болуы керек. Мен соны армандаймын. Әділет, біз кімнен кембіз?.. Ана үлкендердің ақылынан біздің ақылымыз кем бе?.. Жоқ, әлде біз нақұрыспыз ба? Өмірде менің өз жоспарым бар. Бір қыз үшін достықтан таймақпысың?.. [117, 124 б.]. Суреткер адам жанында кездесетін теріс қасиеттер арқылы оның өмір бойына, ұмырына қаншалықты зиян тигізетіндігін аңғартады. «Бұл заманның ғалымы залым болар» дейді «Ар ілімі» атты концепциясында Шәкәрім адамгершілік қасиеттерді өз бойынан жоғалтып алып жатқан келер ұрпақтың жағдайына одан әрі шошынып. Шынында, бұл жалғандық, арсыздық, өтірік лауазымды жаны сүю, атаққұмарлық және мансап, тамыр-тыныстық арқылы оңай қол жеткізу қазақ қоғамын өрмекшінің торындай шырмап алуда. Оның жантүршігерлік

зардабы жатқа, бөтенге есеміз кеткен сайын әрқашан біліне түсуде. Әсіресе алдыңғы буыннан үлгі алып, адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіріп өссе де, өз заманында «тазы болып шалатын» Сырым секілді жандардың да бар екендігін автор кейіпкер сөзі арқылы айқын көрсетті. Адалдықты ту еткен Әділеттің ойын ақын Ф. Оңғарсынова ұғып қойғандай:

Жалғандықпен улайды санаңды әр күн,
Жүрегімде сол удан жарам бар мың.
Жасандылық, жаладық, жалтаңдыққа,
Еті үйреніп барады адамдардың.
... Жалғандықтың жартасы мықты қандай,
Жер жарылып жатса да нық тұрардай.
Ақтың аппақ екенін біреулерге,
Күйзелесің, дәлелдеп ұқтыра алмай» [121, 118 б.]. Осы тұста суреткердің адам қасиеттерінің ішіндегі ең көркемі – адамгершілік екендігін баса айтқысы келетіндігін аңғарамыз. Бұл сөз ерекше, мәні мәңгілік айқын, салмағы пара-парсыз, парасатты сөз. Сөз ғана емес, адамның ең асыл қасиетін анықтайтын бірден-бір аяулы ұғым. Тек ұғым ғана емес, жаратылыстың мәнін, тіршіліктің сәнін ұстап тұрған ең аяулы, ұлы ұстаным. Себебі, адамгершілік қасиетке негізделген жерде не нәрсеге де құдірет даритындығы айқын. Ал, Сырым секілді бойындағы адамгершілік байлығының – шын мәнісіндегі ең үлкен қоғамдық рухани байлықтың азая бастауын ешбір табиғи қазына байлықтың молдығымен алмастыруға болмайды.

Пьесада шындықты жалау еткен Әділет ақын өледі. Шынында, ол – типтік образ. Алайда оның не себепті өлім құшқандығы анықталмайды. Суреткер Әділетке ақын Мұқағали Мақатаевтың, Төлеген Айбергеновтың рухты өлеңдерін оқытуға мүмкіндік береді. Мұндағы негізгі ұқсастық, қос ақынның азабы – өз заманына, заманындағы жалғандыққа сыймай кеткендігі. Көшпелі қазақтың урбанизацияға өтер өлара тұсындағы тегін саф таза, ділін анық, рухын биік сақтаған бұл ақындар біртектілікке шындап ниеті ауған адамзат қоғамының алдында могиканның соңғы тұяғындай әлсіз, қорғансыз сезілетіндігі рас. Алайда олардың қорғаны да осы, шындық еді. Пьеса соңында жауыздық, жалғандық, атаққұмарлықтың жақтасы болған Сырымға досы Айдар арқылы автор өмірдің бар мәні бұл еместігін ұғындырады: «Біз көп өзгердік, Сырым. Бүгін мүлде бөтенбіз. Сонау ақ адал күндер қайда? Сол арман-тілегі мол күндерді қайтып қайыра алмаймыз ба? Сен Айсұлудан қашып ең, Әділет екеуімізді қуып тындың. Сен жан-жағыңа дұрыстап зер салсайшы. Бір адал досың бар ма? Сені қоршаған өзіңдей пысықтар өз күндері үшін ғана сені алақандарына салып, өтірік күледі, өтірік тост көтереді, біліп тұрып өтірік ақыл сұрайды. Бір күні жаңсақ бассаң, жаныңнан ол достарыңды іздеп әуре болма. Таппайсың. Сен өзіңе өзің сыртыңнан бір қарашы. Сен де сол азғын достарыңнан аумайсың. Әділет өлді. Артында жыры қалды. Ел кәдесіне жарайды. (Пауза). Сенің артыңда не қалады? Не?

Мына қызыл кресло ма? Жоқ. Түк қалмайды. Сен нөлсің. Өйткені сенің пысықтығың пасықтықтың қазанынан шыққан. Мен сенің атағыңды қызғанбаймын. Тек сол атаққа сай болу керек. Мына креслда отырып жұмыс істеу керек, Сырым. Ал сен креслоңды атақ-дәреженнің өсуіне, қулық, сұмдыққа жұмсайсың. Менің сөзімнің саған ұнамайтынын білем. Бұл соңғы сөзім. Енді мен сені, сен мені білмейсің. Осы дұрыс болар. Қош!..» [119, 160 б.]. Осы тұста ақын Абай Құнанбайұлының «Пайда ойлама, ар ойла» деген философиялық ойға тұнған өлең жолын еске аламыз. Адамшылық жоқ жерде аяушылық та, мейірім де жоқ. Адамдар арасындағы қарым-қатынаста адамгершілік өлшемі – ар тазалығы, адамдық парыз. Қайырымдылық пен мейірімділік. Біз атап отырған шығармадағы кейіпкерлер тағдыры осындай ойға мегзейді, осындай өмір сабағын ұғындырады. Рухани дүниесі саяз, айналасындағылардың барлығын қолда бар атақ-дәрежемен өлшейтін Сырым адамгершілік қасиеттердің тіпті қарапайым үлгілерін де сақтамайды. Ол үшін өмірде «өзгенің қайғысы» деген ұғым жоқ. Ол өзінің қуанышы үшін, өзінің бақыты үшін тырбанады, алға жүреді, сол үшін талаққа түседі, өмірмен күреседі. Осы мақсатта өзгенің бәрін, сүйген жанын да құрбан етуге әзір. Міне, пьесада суреткер осындай тоғышарлық психологияны әшкерелеп, бүгінгі ұрпақ бойындағы теріс мінездерді өткір сынға алады. Пьеса соңы:

«Бір тойым болатыны сөзсіз менің,
Дәл қай күні екенін айта алмаймын» [117, 161 б.] деген ақын Төлеген Айбергеновтың иісі қазаққа тарап кеткен тамаша өлеңімен аяқталады. Сырымды сүйген Айсұлудың бақыты үшін қызды шын сүйген Әділет ақын өмірін қиғандай әсер қалдырады. Алайда қатыгез Сырым рухани түлей қояр дегенге сену тағы да қиын. Жазушының тағы бір ерекшелігі сол – эпикалық жанрда жазылған шығармаларын тез арада драматургия тіліне көшіріп, шебер философиялық ойтанымды қолдана білетін шеберлігі.

Жазушының аталып өткен шығарма кейіпкерлерімен ортақ кейіпкер» Ешқайда баспайтын баспалдақ» шығармасында кездеседі. «Ешқайда баспайтын баспалдық» – дін зердеде құдайсыздыққа тақау ұғымға парапар. Роман кейіпкері Сырым Айбасов. Тауратта баспалдақ – Құдайға деген сенімді білдіреді. Ал бұл шығарма – әкелер мен балалар арасындағы бітпейтін рухани дау. Заман өзгерген кезде рухани құндылықтар да қоса өзгермей ме? Дәлірегі, оларға деген адамның көзқарасы, сенімі, пікірі өзгереді. Яғни, адамзаттың пейілі бұзылады. Әйтпесе, рух – шірімес, құны қайтпайтын асыл әлем екендігі айқын.

Сырым – осы заманның адамы. Махамбеттің поэзиясынан құлаққа тұнып қалған бір аза сарын, көкейге орала кетеді: «Ердің соңы Исатай». Міне, Махамбет жырындағы ah ұрушы хал, ержүрек, қас батырлықтың заманы өткені аңдалмай қалады. Мұны ақын Абай да дөп болжаған:

Саудасы – ар мен иманы,
Қайрат жоқ бойын тыйғалы,
«Заман ақыр жастары».

Туындыдағы Сырым өз әкесінің жан-дүниесі кіршіксіз, таза, ізет, әдеп, бәләм, дегдарлығына шек келтірмей тұрып-ақ, оны өмірде ештеңеге қол жеткізбедің деп кінә артады. Ал осы жерде жазушы құрмет тұтатын Абайдың «Арсыз болмай атақ жоқ, Алдамшы болмай, бақ қайда?» деген күңіренісі атойлап шыға келетіндігі бар. Абай мұнда жалғыз ғана қазақты айтпаған. Оның ұлылығы сонда, күллі адамзаттың мінез-пейілін осы өлең сипатындағы афоризмге сыйдырып тұр. Ал Сырымның әкесі өзі тәрбиелеген ұлының бойынан өзінде ырымға жоқ қулықпен шебер астасқан пысықтықты көріп, ерекше таң қалады. Сырымның әкесі Рақымның ойы: «Пысықтық пасықтыққа жақын ба» деп қалатын. Тап осыған дөп келген перифразды «Өзімді іздеп жүрмін» атты жоғарыда үзінді келтірген пьесадан да кездестіреміз: «Айсұлу, адал адамдарға өмір сүру қиынға соғады» дейді бір кейіпкер екіншісін, ол бұған: «Бұл – пысықтардың философиясы» деген жауап қайтарады. Бұл пьесада да тап солай қулық, карьера үшін ештеңеден тайынбау, ардан аттау, ұрпақ тәрбиесінің бұзылып бара жатқандығын айқын көрсетеді. «Ешқайда баспайтын баспалдақ» романында тіпті өндіріске енгізілген жаңалықтың өзі сыбайлас жемқорлықсыз жарық көре алмайды. Авторлық құқықты алу үшін жас ғалымдар өз басшысын қоса тіркеуі керек. «Менің білгім келетінін, главка бастығының, ел басқарып отырған үлкен адамның принципсіздігі, керек десең арсыздығы», - деп күйінеді сондай жас ғалымдардың бірі, шығарма кейіпкері Айдар.

Тек қазақ әдебиетіне ғана емес, әлем әдебиетіне де өлшеусіз еңбек сіңірген кемел суреткер Р. Сейсенбаев өзге жазушылардан эстетикалық аясы кеңдігімен, философиялық ойы беріктігімен, салмақты тұжырымымен ерекшеленеді. Оның прозасындағы көркемдік кесте – Батыс пен Шығыстың жаңа модерн үлгісінің ең үздік, өз жүрегінде, санасында пісіріп, қорытып ойлап тапқан, тыңнан салған Ролландық стиль еді. Жазушының ой әлемі әсіресе ұрпақтың қазақ жеріне, ұрпақ тәрбиесіне деген алаңдаушылығынан туындаған философиялық пайымдарға толы. Суреткердің небәрі он жеті жасында жазған «Намыс» повесі туралы Мұрат Әуезов: «XVIII ғасырдың басында қатар қонып, еркін отырған қазақтар мен жоңғарлардың арасында бітіспес майдан басталады.

Адам айтқысыз айуандықпен өтер соғыста жер бетінде екі ұлттық біреуі ғана тірі қалуы тиіс еді. Жоңғарлар тарихи аренадан жоғалды. Бірақ қазақ халқының санасында жоңғар ең жауыз жаудың символы болып қалды. Жоңғарларға деген жаулық түсінік қазақ бойынан кеткен емес. Тіптен бұл түйсін-түсінік қазақтың жаңа тарихи романарынан да мол орын алуда.

Ғасырлар бойы санаға сіңіп, жүректе орныққан ойды Роллан Сейсенбаевтың «Намыс» повесі ғайыптан пайда болып, тас-талқан қылды. Жоңғардың тұтқынға түскен жап-жас мөлдіреген биші қызы, айтулы сырнайшысы, кек пен қанға жүгінген қазақ жауынгерлерінен қаймықпай, ерлік пен намысқа толы қайрат көрсетеді» деген пікір білдіреді [117, 42 б.]. Атаққұмарлық, жалған даңқ үшін жақынын құрбан етер жас ұрпаққа «Атаңның баласы болма, адамның баласы бол» деген Абай Құнанбайұлының

есті сөзін суреткер осы повесте айқын көрсетеді. Ол өзінің туған жеріне, қазақ өлкесіне әлемдік рухани биіктен қарайды. Жоғарыда айтылған повесть соңында қазаққа тағдыр қиған көне және мәңгі жас домбыраның үніне оқырман назарын аудартып, оның күллі қазаққа аманат сөзін жеткізеді: «Мен аңыраған ақ жазықтың төсінде, иесіз қалған биік тас қорғанның түбінде тұрмын. Бұл мола кімдікі? Әулиенікі ме? Батырдікі ме? Ақындікі ме? Қай ғасырдың еншісі?..

Жауап жоқ.

Дел-сал дала үнсіз.

Кеудесімен көк тіреген тәкаппар таулар үнсіз. Алып Аспан да үнсіз. Қара жерді қоныстаған халықтардың тағдыры бөлек, ал өжет, асыл ұлдарының тағдыры бір.

Менің халқымның тарихы – жаңбырлы күздің жарқылындай еміс-еміс тас түнекті жарып шығар қым-қуыт сәуле. Мен сол сәуленің елесін болса да, көз алдыма елестеткім келеді. Менің даламның тарихы – өмір бойы толғақ қысқан әйелдей жанталасқан арпалыс тағдыр. Сол тағдырды ұқсам деп ем.

Керенау далам, өз күйіңді өзің шертсейші! Айтшы, селеуі теңселген сары жазығым не дейді? Дешті Қыпшақ даласында өмірге келіп, өмірден өткен бабаларымның тағдыры туралы жыр толғатсайшы! Қолтығымнан жебе, туған жер! Алтын бесік, асыл далам қолда мені! Аңыраған ақ жазықтың төсінде иесіз қалған тас қорғанның түбінде тұрмын. Көк аспанды тіліп өткен реактивті самолет, сол көк аспанда аппақ із тастап талмай зымырып, әуелей ұшып барады...» [117, 212 б.].

Жазушы Р. Сейсенбаевтың тағы бір жазушылық ерекшелігі – өз пайымдауларының алдында әлем және қазақ ойшылдарының философиялық ойларын жазып отыратындығы. Мәселен, Абай Құнанбайұлының «Біріңді қазақ бірің дос, Көрмесең істің бәрі бос», «Пайда ойлама, ар ойла», «Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек», «Болмасқа болып қара тер, Қорлықпен өткен қу өмір», «Өздеріңді түзелер дей алмаймын, Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың», «Ұқпайсың өз сөзіңнен басқа сөзді, Аузымен орақ орған өңшең қыртың», «Қайнайды қаның, ашиды жаның, мінездерін көргенде», жазушы Олжас Сүлейменовтің «Ер болған соң болу керек ел сенде. Сұлтан болып жүргенше бір жат елде. Өз еліңде ұлтан боп өл, өлсең де». Жазушы бүгінгі күннің ащы шындығын, ұрпақ азғындығын, сана мен тұрмыс өзгерісін аяусыз сынға алып, түрлі қорытындылар жасайды. Оның «Күлтөкпедегі өмір» атты трагедиялқ романында адамзат баласына қаратылып айтылған мынадай философиялық түйін бар: «Біз адамбыз! Ендеше адам болып қалуымыз керек!, - дейді Абылай. – Біз халықпыз! Ендеше халық болып бас имей, тізе бүкпей, тік тұрамыз.

Егер халық болсақ?! Егер адам болсақ!

Жақсы халыққа бейқамдық, жауапсыздық жараспайды. Ол кінә да, күнә да ғой. Біздің момындығымызды ел басылары арсыз пайдаланып жатыр. Ал біз, байғұс қазақ, үнсізбіз. Менің әкем айтушы еді, бұ қазақтың миы су болып кеткен деп. Атасына нәлет, оған да жүз жыл өтті ғой».

Гуманистік идеяны асқақтатуға ұмтылған жазушы жанталасы, туған халқынан ер болуды, өр болуды талап ету арқылы ұрпаққа жеткізеді. Ұлтқа босаңсуға, жалған тәуекелге, жалған сөзге баруға болмайтындығын ескертеді: «Ал адамзат баласының адасуы ақырзаманды жақындата түседі. Құдай пенденің әр қадамын селт етпей бағып тұр-ау...

Құдаймен жарысқысы келген пендені мүсіркемеске Құдайдың амалы бар ма?.. Амалы жоқ... «Өлер бала молаға қарай жүгіреді» деген бір ойлы пенденің сөзін Құдай есіне алды. Анда-санда жерге жіберген пайғамбарларын пенде қабыл алмады. Оларды асты, атты, отқа жақты, түрмеге жапты пақырлар.

Ал енді жер бетіндегі соңғы шайқас – аңыраған Ақырзаман Айқасына азған пенделерге қарсы Құдайдың өзі көтеріліп келе жатыр еді...». Осы арқылы автор адам мен жаратушы арасындағы байланыс, оның маңыздылығын көрсетеді. Пендешілік басып, адам қара басының қамын ойлаған заманды суреттеген жазушының осы бір түйінді сөздері ақын Ф. Оңғарсынованың «Өсиет» өлеңін еске түсіреді:

«Күн көргенім жоқ
кейбіреулердей жалтаңдап, бұғып, жасқана,
кеше гөр, Алла, астамдық етсем бақ-дәулетіме мастана!
Асқақтау көңілім аспандап дәйім, алшаңдап бастым,
бас имей,
Бір Құдайымнан басқаға.
Мен қаншама асқақ болғанмен, жанымнан жылу іздейтін,
Жалаңаш жүрген аш бала [121, 16 б.].

Жазушының «Орақтың үйі» шығармасында да күйеуін соғыстан күткен әйелінің монологында суреткер Тәңір мен адам арасындағы байланысты былай бейнелейді: «Кірсейші, - деді сонсоң, - кірсейші. Өз үйің емес пе?! Орақтың қара шаңырағы ғой. Сол, өзің көтерген қабырға, сылағын ғана жаңарттым. Сол өзің Бақанастан тасыған сырғауылың төбедегі, оны оңдап қайта жабуға шама жетпеді... Кір... кір енді... Есік ашық тұр. Сен кеткелі бұл үйдің есігінің күршегі ілінген емес. Бейуақта келе қалсаң, бөтен адамдай өз үйіңнің есігін өзің төмпештегенің ұят та. Ту-у осынша қадалғаның не?! Енді қайтпек керек?! Жатсынып тұрмысың? Түсінем... Дүние екеш дүние де тозбай ма? Оның қасында адам не тәйірі? Ненің тозғысы, кімнің қартайғысы келеді дейсің? Бәріміз де Тәңірдің жаратып, Тәңірдің қайырып алар жазымыш тірлігінің құлы емеспіз бе? Естимісің, Орақ, адам жауласқаннан қажымайды. Күтіп-тосқаннан қажиды екен. Бетім-ау, оның несін шиқан сыққандай қолын созып отырмын...» [117, 4 б.].

Жазушының «Үміт» атты микророманы оның іздену, өсу жолындағы бір белеңі тәрізді. Мұнда жазушы соғыс жылдарындағы бір-біріне сүйеніш, сеп болып бір-бірімен көрші-қолаң отырған бір топ жесір әйелдің қайғы-қасіреттері, майданға аттанған асыл жарларна деген сағыныштары, сазды әуендей болып көңілге орнайды. Суреткер туынды басында мынадай

жолдармен бастап, оқырманға үзік ой тастайды: «Достым, сен асып-тасып кетіпсің. Өзгеше кердеңдеп, өзгеше кеуде соғатынды шығарыпсың. Сонау бір күндерді неге ұмыттың? Неге елден ерекше сен ұмыттың? Есіңе түсірейін. Бір тілегім, әңгімені оқымас бұрын қолыңа домбыраңды ал. Домбыраңды ал да, әңгімеде кездесер әндердің бірін қалдырмай айтып отыр» [117, 314 б.]. Иә, өзінің қайдан шыққандығын, қандай текті ұрпақ екендігін сінен шығарып бара жатқан замандастарға суреткер қасиетті домбыра арқылы өзін танытуды жөн көреді. «Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» деген қалыптасқан ұғымның тағы бір дәлелі осы. Автор осы арқылы ұрпақ санасына ежелден келе жатқан асыл қазынамыздың қасиетін тағы бір ұғындыра түсті. Әңгіме соңында автор: «Достым, мен әңгімемді аяқтадым. Ендігі ерік өзіңде. Сондай бір күндер есіңе түсті ма? Жыртық көңіл бала кез ұмыт болуы мүмкін емес-ау. Тағы да есіңе салайын, анаң сені көзі талып тосқалы қанша?

Ең болмаса қасыңа алып кет. Бір кемпірлік орын табылар үйіңнен. Бір кемпір қосылғаннан қаланың ауасы тарылып кетпес. Мені тыңдап қолыңа домбыраңды алып, әңгімеде кездескен әндерді айтып шықсаң, өз есіңде жүрген сонау жылдардың кей әндері көңіліңе ілігер. Соларды да шертіп көр. Тіпті, мен де қосылайын.

Кел, баста!

Сен баяғы жесір Жамалдың Алданышы емеспісің...!» [117, 352 б.]. Шығармадағы Отанға, өмірге, жақыныңа, жан-жарыңа адалдық ұғымы, ата-анаға деген шексіз махаббат суреткердің алған басты идеясы. Соғысқа кеткен жан-жарын зарыға күтіп, адалдықты ту еткен Жамал өмірдің кейбір қатыгез тұстарына ренішпен қарайды. Жарларын адал күтіп, адал аңсаған әйелдердің бірде-біреуінің күйеуі соғыстан оралған жоқ. Ал кейіпкер Айжан секілді әр нәрсеге кет әрі емес әйелдердің күйеулері аман-сау келіп, аман-сау отасып жатқандығын да автр суреттей келіп, өмірдің әділетсіз тұстарын да атап көрсетеді.

Қазақтың ең ірі суреткерінің бірі С. Мұратбеков Р. Сейсенбаевтың шығармашылығы жөнінде мынадай пікір білдіреді: «... Бұрынғы жазандарынан мүлде бөлек, өзгеше жазылған дүниелер, жас автордың іздену, өсу жолында екенін танытып отырды. Содан бергі уақытта баспасөз беттерінде оның бірталай әңгімелері, «Үкім» атты микророманы жарияланды, театрларда «Өзімді іздеп жүрмін» атты пьесасы қойылды. Сөйтіп, әдебиетімізге өзіндік дүниетанымы, беті бар талантты жазушы келіп қосылды. Осы жинақтағы «Опырацейя», «Шірет», «Отелло» әңгімелерін бей-жай оу мүмкін емес. Бір-біріне ұқсамайтын, үш түрлі тақырыпта жазылған осы үш әңгіме қай тұрғыдан алып қарасаң да, бас-аяғы тап-тұйнақ, жұмыр а салмақты туындылар. Еліктеу-солықтауы жоқ шебер қолдан шыққан. Үш әңгімеде де кейбір адамдар бойынан кетпей жүрген тоғышарлық, көрсоқырлық аяусыз әшкереленеді. Автордың азаматтық позициясы бар қырымен бой көрсетіп отырады. Роллан Сейсенбаев көп ізденетін, көп еңбектенетін жазушы. Әдебиеттің ең озық үлгілерінен үнемі үйрену үстінде

екенін аңғаруға да болады. Мәселен, жоғарыда аталған әңгімелерінен Э. Хемингуэй, В. Шукшин әсерлері байқалады. Ойламаған жерден драмалық күрт шиеленіпсен басталып, күтпеген тұстан кілт үзіліп бітеді, оқиға соңына жетіп аяқталмай, оқушысын аласұрған сезімде қалдырады. Бұл тұрғыдан әсіресе «Шірет» әңгімесін бөліп айтқан жөн. Әңгімені жотаң мұздап, төбе құйқаң шымырламай оқу мүмкін емес. Күйкі тірлік иелеріне, өмірдің тұнығын лайлайтын азғындарға деген ызаңда шек болмайды. Демек, мұндай аласапыран күйге түсірген жас прозашы қаламының күш-қуаты». Расында, жазушының осы үш шығармасы, әсіресе, «Шірет» әңгімесіндегі трагедиялық оқиға, автордың соңғы сөз түйіні оқырманға қатты ой салады. Баласының туған күнін дос-жарандарымен атап өту үшін арнайы жұмысынан екі сағат бұрын сұранып шыққан жұмысшы жігіт дүкенде картоп кезегінде тұрған сәтте, жұрттың тыныштығын бұзбақ болған екі бұзақыны тәртіпке шақырғысы келеді. Әлбетте, мұндай оқиғалар әркімнің басында болатын жайт. Алайда артынша әлгі екі бұзақы тасада күтіп тұрып, жұмысшы жігітті қапылыста өлтіріп кетеді. Ал жігіттің үйінде екі жылдан бері төсек тартып, сырқаттанып жатқан әйелі, балалары, дос-құрбылары үй иесін әне келіп қалар, міне келіп қалар деп күтіп отырады... Жұмысшы жігіт Оңдасынның мерт болар сәттегі көрінісін жазушы былай суреттеп, терең философиялық ойды оқырман санасына жүктеп қояды:

«Оңдасынның қасынан жүгіріп қыз бен жігіт, алысып ойнаған мектептен қайтқан балалар, мінсіз киінген елтірі папахалы кербез жігіт, таяғынан өзі бұрын адымдаған шал өтті. Бәрі өтіп жатыр... Өтіп жатыр...

Тек бір шал, жерде қимылсыз жатқан адамға жақтырмаған кейіппен қарап алып:

- Арақ ішеді де, мас болып талтайып далада жатады сабаздар... Мұндайда милиция қайдан болсын? Болмайды...

Жапалақтап қар жауды... Бұл қыстың есік қаққаны. Аппақ қар, сағынып жеткен қара жерге сабырмен жайлап қонып жатыр. Қонып жатыр... Аппақ ұлпа қар...

Сол аппақ қардың үстінде қарауытып картоптар көрінеді.

Шал таяғына сүйеніп, жерге тізерлей отыра кетті.

- О, Құдайым, маған не болған? Мынау сол жігіт қой... Саған не болды?... Не болды?...

Осы бізге не болған?...» [117, 412 б.]. Қоғамдағы ең үлкен мәселенің бірін сөз еткен суреткер ұрпақ тәрбиесіне, оның болашағы үшін де адамгершілік қасиеттің аса маңыздығын тағы да жанамалай түседі. Өзгеге барынша зиян тигізіп, түймедейдей түйедей мәселе жасап алатын адамдарды суреткер сынға алады. Ұлы күш – адамгершілік қасиеттің жеке адамның басындағы ғана емес, жалпы қоғам үшін де байлық екендігін айтқысы келеді. Ең қауіпті адам – ар-ұяттан да, адамгершіліктен де жұрдай адам екендігін, бар жаманшылықты тек солардан күтуге болатындығын да ескертеді. Адамгершіліктен ада қалған адамдар жеке адам үшін де, қоғам үшін, болашақ ұрпақ үшін де қауіпті. Жазушы осыны саралай келіп, бізге осындай

қауіп-қатер қайдан келді, бізе не болған деген оқырман санасына терең сауал тастайды. Қоғамның, адамның өзгеріп бара жатқандығына таңданыс білдіреді. Осындайда ұлы ақын Абайдың өлеңі еске түседі:

«Біріңді қазақ, бірің дос,
Көрмесең істің бәрі бос.
Малыңды жауға,
Басыңды дауға,
Қор қылма, қорға, татулас!
Таласып босқа,
Жау болып досқа,
Қор болып құрып барасың!»

Осы жолдары бүгінгі қоғам үшін де, болашақ ұрпақ үшін де ең маңызды өсиет. Суреткер де «Шірет» туындысы арқылы бірін-бірі жау көріп, тіпті өлімге қиып жатқан қазақ бауырлары үшін күйінеді. Күйіне отырып, оқырман санасына да терең ой қалдырады.

Ұлы ақынның әр сөзін жазушы Р. Сейсенбаев өз шығармаларында арқау етіп қана қоймай, ақынның философиялық ойларымен сәйкес келетін тұстарды да өз ойымен қорытып отырған. Мәселен, жазушы С. Мұратбеков ерекше деп тапқан үш шығарманың бірі «Опырацейа» әңгімесінде «бас-басына би болған өңкей қиқымның» әшкере тірлігін жазушы былай сынға алады:

«Қаймағы бетінде қалқыған қою қызыл күрең шайдың бабы келіп-ақ тұр екен. Самат едел-жедел екі кесені ішіп алып, бұрқ етіп шыққан маңдайының терін алдында жатқан орамалдың шетіне сүртті.

- Обал болды ғой анаған. Гипсін алдырып келсейші, - деп кемпірі сыбырлай сөйледі.

Самат үн қатқан жоқ.

... «Обалы обал-ақ болып тұр. Оған қоздап жатқан қой мынау!...», - қойшы кетсе, қой да, қозы да арам қатады. Қой мен қозы арам қатса, қойшыны түрмеде шірітеді. Үкімет шіркінге қазір қойшының баласынан қойы мен қозысының амандығы қымбат. Бұл дүниеде қойшының өміріне, қойдың өмірі ардақ-ау?!... – деп ойлады Самат, дастарқанның шілтерін тартқылап, басын төмен салып отырған әйеліне ауық-ауық көз тоқтатып» [117, 358 б.].

Қазақ халқының ұлы ақыны А. Құнанбайұлының философиялық қара сөздерін жазушы Р. Сейсенбаев тек үзік сырларында ғана пайдаланбайды. Сонымен қатар шығармаларына да негізін арқау етіп, оқырман назарына ұсынады. Соның бірі суреткердің «Ауруханада» пьесасы. Кітап беттерін парақтап, ауруханада жатқан Атанайдың мынадай сөздерімен басталады: «Зинаһар, сендерден бір сұрайын деп жүрген ісім бар: осы біздің қазақтың өлген кісісінде жаманы жоқ, тірі кісінің жамандаудан аманы жоқ болатұғыны қалай? Қайраты қайтқан шал мен жастың бәрі бітім қылады, шалдар өзді-өзі

көп құрбыдан айырылып, азайып отырса да, біріменен бірінің бітім қылмайтұғыны қалай?

Жаттың бір тәуір кісісін көрсе, «жарықтық» деп жалбырап қалып, мақтай қалып, өз елінде сонан артық адам болса да, сол адамын танымайтұғыны қалай?

Екі жақсы бір елде сүйіскен достығында тұра алмайды. Кейбір антұрғанның тым-ақ тату бола қалатұғыны қалай? (Палатаға режиссер енеді. Атанайға бөгет жасағысы келмей, бөгеле береді). Көп кісі досым жетілсе екен демейді, егерде бір жетілсе, бағанағы досына бітімі жоқ дұшпан сол болатұғыны қалай? Елді пысық билегені несі?...» [120, 147 б.]. «Атаның ұлы болма, адамның ұлы бол» деген тура шындықты айтып отырған Абай қара сөзін жазушы кейіпкер арқылы оқырман назарына іліктіреді. Ұлы Абайдың осы бір өсиет сөзін автор одан әрі кейіпкерлер пікірі арқылы талдап, жалғастыра түседі:

«Режиссер. Атан аға...

Атанай. Бәрін де ішім сезеді, қарағым. Қайтесің... (Пауза. Қолына кітапты алады). Қазақты иә қорқытпай, иә параламай ақылменен не жерлеп, не сырлап айтқанменен, еш нәрсеге көндіру де мүмкін емес. Етінен өткен, сүйегіне жеткен, атадан мирас алған, ананың сүтіменен емген надандық әлдеқашан адамшылықтан кетірген. Өздерінің ырбаңы бар ма, пыш-пышы бар ма, гуілдегі бар ма, дүрілдегі бар ма – сонысынан дүниеде ешбір қызықты нәрсе бар деп ойламайды. Ойласа да, бұрылмайды, сөз айтсаң, түгел тұра алмайды, не көңілі, не көзі алаңдап тұрады. Енді не қылдық, енді не болдық? (Пауза. Кітапты сырып қояды). Туған халқың Абайдан артық сүйіп көрген қазақты сен аташы маған?

Режиссер. Сынап көрген деңіз.

Атанай. Сынап-мінеуге, өзгенің кемшілігін көзі шалса, шалып тастауға келгенде қай қазақтың да сиыр жорға әзіл-оспағы әзір. Абай сынап отырған жоқ. Абай қанға сіңген жаманшылықтан жиіркеніп отыр. Оның ой-мақсаты бүгінгінің қалтарысында, болашақтың қойнауында, ол туған халқының ертеңіне алаңдау, оқу менен білімге ұмтылдыру. Қара шал Шыңғыстаудың бауырында жатып-ақ Шығыс пенен Батыстың ұлы ғұламаларындай бірер ғасырлық болашақ заманды ойымен кеше берген ғой.... Иә, сол-а-а-а-а-й!» [120, 148 б.]. Туған халқының ертеңіне алаңдау... оқу мен білімге ұмтылдыру... Жазушының да негізгі айтпақ ойы осы еді. Иә, қазіргі заман жастарының білім мен ғылымға, жаңашылдыққа жаны құштар екендігі белгілі. Алайда, сол жаңашыл жастар өз туған жерінің, туған елінің мүддесі үшін еңбектеніп, азаптанып жүр ме? Олардың көкейінде туған жердің туын көкке көтеру, рухын аспандату ұғымы қаншалықты сайрап тұр? Болашақ ұрпақ осыған қалай қарайды? Олар өздері үшін жанын беріп, қаны судай аққан ата-бабаларының ерлігін қаншалықты дәріптеп, ата-бабалары қорғаған жерді қаншалықты сақтап қалуда? Суреткердің де осы жолдарды жазғандағы негізгі идеясы да осында жатыр. Жазушы Р. Сейсенбаев ұлы ақынның осы бір ойын «Ақырзаман алдында жалаңаш әйел талтаңдар» атты реквиемінде

тағы бір оқырман назарына ұсынады: «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деп тайға таңба басқандай ашық, адал ойын жасырмаған Абай дана адам ғой. Қарадан шығып ұлы ойшыл болған жалғыз ғұлама да Абай атаң. Сол Ибраһим мырзаның артын бағып, ойы мен сөзіне кең өріс жасап жүрген асыл жан екенсің, Өскен әулиенің басында саған ұзақ, саналы ғұмыр тіледім. Жолың ылғи ашық жатсын! Алла асығып-атығудан сақтасын! Өзгені білмеймін, сен саспа! Сенің несібең өзіңнен артылып, қалың қазағыңа ырыс болады екен. Аумин! деп маған бата берді. Сонан соң, сәл үнсіз отырып барып қайта сөз бастады.

Абай атаң қазақтың нағыз көреген әулие ақыны. Бұл қазақта онан өткен ақын болған емес. Марқұм өз орнын біліп, бағып кеткен Ғалым ғой. Несін айтасың. Анау қара сөзін ал. Барлы-жоғы қырық бес қана сөз, ал айтылған ой, көзделген мақсат, жетсем деп талпынған көңіл қалай тебіренеді?!... Қандай терең, қатпар-қатпар ой әлемі буырқанып, көз алдыңызға келеді... Неткен ғұлама адам!... Өткенде де, бүгінде де оқитын адамы аз болды, ал оның биік ойларын миына тоқитын адам сирек кездесті. Бүгінгі қазақ елінің басшылары Абай ойын ұстанулары керек еді. Ұстана алмай жатыр. Оны ұстану үшін ой да, көңіл де, мақсат та, мұрат та таза болуы керек. Қазақтың тәні де тазаланбады, жаны да тазаланбады, өкінішті. Қазақтар жарыса мешіт салды. Дұрыс де. Оған құлдық. Бірақ Құдайдың сөзін қазақ жүрегіне жеткізе алмады. Өкінішті»...

Орта ғасырларда өмір сүрген Ұлы ғалым, философ әл-Фарабидің тарихи бейнесі суреттелген «Ұстаздың оралуы» романында жазушы Ә. Әлімжанов ғалым Сократтың мына сөзімен бастайды: «Өзіңді өзің тани біл». Романның алғашқы бөлімінде бас уәзірдің қызы Бәнумен диалогында әл-Фарабидің шындық туралы толғамын автор былай жеткізеді: «Сабыр етші, жаным. Бүкіл адамзаттың қорқатын құдайы біреу ғана. Ол – Шындық. Ендеше біз тек осған ғана табынуға тиіспіз. Шындықтан қорыққан жұрт бүгінде һарун әл-Рашид пен оның қарындасы Аббаса туралы небір тамылжыған өнегелі аңыздар шығарып жүр». «.. Иә, сен дұрыс айттың, Бәнуім, - деп күрсінген ол қыпшағына қол созды. Құлақ күйін келтіріп бұрай бастады. Сен дұрыс айттың. Халыққа қанатты қиял, ізгілікке толы ертегі қажет. Қанатты қиял алға жетелесе, ертегі ауыр тұрмысты, бейнетті тіршілікті жеңілдетеді. Ақылгөй билеуші мен сән-салтанаты шалқыған шаһарлар да сол қалың қауымға қажет, ізгілікке деген сенім осы болар, бәлкім сен сұрап отырған нағыз шындықтың шындығы да осында шығар» [119, 19 б.]. Қай заманда да ел билеушілерінің халықты шынайы басқаруы мәселе болып отырған. Суреткер де осы жолдарды негіз ете отырып, әділетті билеушілер мен дәулетті шаһарлар туралы сөз қозғайды.

«Білім – адамның өткені мен болашағын көз ібере алатын қырағы жанары» деген нақыл сөзбен басталатын үшінші тарауда парсы және дари тілдерінде сөйлейтіндердің ішіндегі ең ұлы ақын, даңқты Әбу Абдулхасан Жаппар ибн Мұхаммед ибн Хаким Абдрахман Рудаки жырлары оның философиялық ойларымен астарлы жеткізіледі:

«Бұрынғыдай немкеттікті қой-дағы,
Дүниеге ой көзімен зер салшы.
Өмір – мұхит. Жүзгің келсе ойланып,
Ізгіліктен кеме жасап алсаңшы!».

Рудаки бұл сөздерді Әбу Нәсірге арнап тұрғандай сезілді. Отты жырлары арқылы адам жанын ізгілікке, мейірім, қайырымдылыққа шақырып тұрғандай. Ақын одан әрі философиялық ойларын жырға сыйдырып оқи бастады:

«... Қаншама ұзақ жасасаң да өзің біл,
Ақыры кеп тірелерің бір өлім.

Оратылған жіптей қысқа өмірде,
Басқа ешбір жолдың жоғын білемін.

Бүкіл тірлік көрген түстей бір сәттік,
Өтер, кетер қайталанбас еш уақыт...».

Ақын өмірдің қысқа ғана, қайта келмес уақыт екендігін айтып, ізгілік кемесі ең үлкен жетістік екендігін жеткізеді. Суреткер осы өлең жолдарын шығармаға қосу арқылы келер ұрпаққа ізгілік нұрын себу, адамдық диқаншысы болуын, сонымен қатар жауыздықтан бойын аулақ салуды насихаттайды. Жаны ізгілікті аңсаған әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындары» трактатында осы мәселелер сөз болатындығын да айтып өткеніміз дұрыс.Ойдан ой туындап, Әбу Нәсірдің сол шығармасы да «Ұстаздың оралуы» романында сөз етіледі: «...Ізгілік қаласының әкімі ... оқу-білімді сүйетін адам болуы тиіс», - деп жазды Әбу Нәсір өз ойларын қорыта отырып. – Шындықты жақтап, оның күрескерлерін қолдауы тиіс. Жалғандыққа және оны қару ететіндерге жаны қас болуы керек;

асқақ жанды, ар намысын сақтайтын адам болуы керек;

оның жаны табиғатынан барлық ұсақ күйкіліктен биік және табиғатынан үлкен істерге ұмтылған алғыр болуы керек;

күйкі өмірдің тірліктерінен, дирхем, динарлардан жиреніп отыруы керек;

... әділет жолында қорқу, сасуды білмейтін ержүрек, батыл болуы тиіс;

Осы қасиеттердің бәрін бір адамның бойына сыйғызу өте қиын, сондықтан да мұндай дарын иелері өте сирек кездеседі...» - деп жазды өз трактатының алғашқы бір жолдарын Әбу Нәсір». Жазушы ғалымның осы философиялық ойларын баяндай отырып, оқырман бойына осы қасиеттерді сіңіруді және сондай ізгі жан болуды сезіндіреді. Айналасындағылар ғалымның бұл трактатындағы пайымдарды, айтып отырған ізгілікті қаланың әкімін тек түсінде көретіндігін іштей ойлап қойды. Алайда ғалым осындай қаланың боларына сенім білдірді. Ол үшін адам баласы білімнің жарық

сәулесіне ұмтылу керектігін ұқты. «Қас наданның бүкіл өмірінен ғұламаның бір күні қымбат» деген араб халқының мақалын санасына сіңірді. Уақыт бір ұрпақтан екінші ұрпақты туғызып, заманнан заманға алмасып, үнемі жаңғыру, өзгеру үстінде екендігін, әлем қаншалықты өзгерсе де, білім, ғылым жолы өзгермейтіндігін айтады.

Ізгіліктің, әділет жолының ең ізгісі – ар-намыс екендігін жазушы туындысына арқау етеді:

..Арыстанның аузынан өз билігін, даңқың көрсең,
Жағын айыр, тартып ал, егер өлсең –
Ер өлімі, өкінбе. Жалбарынып жағынғаннан,
Ар намысты қорғап өл алысқанмен,

- деп намыс жолының, ар жолының маңыздылығын, оның адам баласының өміріне үлкен рөл атқаратындығын жеткізеді. Роман соңында да ғалым өз жолынан таймай, одан әрі анықтай түседі: «Ақыл-ойдың ұшқырлығын пышақпен бір ұрып, арқанмен бұғаулап немесе бір оқпен атып түсіруге болады деп тек ақымақтар ғана ойлайды.

Жоқ! Ақыл-ой оқ емес, оны садақпен атуға да болмайды, ол өзі зымырап ұшумен ізденумен көкке өрлей беруде. Сондықтан оны тоқтатар ешқандай күш жоқ.

Ақыл-ой фараонға да, Уақытқа да бағынбаған!

Болашақ – өткен мен бүгінгінің жалғасы, демек алға кетер шексіздік.

Сол болашақ үшін абзал бауырлар үндеу хаттарын жазады.

Сол болашақ сені де шақырады, сенің құштар аяулың, махаббатың шақырады. Өмір жалғасуы тиіс. Сен өзің махаббатыңнан қашқан едің, бірақ дүниеде онан сұлу ештеңені таба алмадың. Бәрі дұрыс. Шеңбер тағы да қаусырылды. Бірақ жаңа күн әр уақытта жаңа жолдан басталады.

Адам өз тірлігінен өзі қашып құтылмақ емес, ал ең бастысы қашаннан бір заңмен өмір кешіп келе жатқан көптің мұң-мұқтажынан тыс қала алмақ емес. Тек ақыл-ой мен білімнің оты ғана жарқын болашаққа жол аша алады» [124, 168 б.]. Ұлы ғалымның осы еңбек жолын суреттеу арқылы жазушы келер ұрпақтың санасына ізгілік нұрын септі. Шығарманы оқып отырған әр оқырманның жүрегінде ізгілікке, қайырымдылық, мейірімділікке деген құштарлық пен оқу-білімге ұмтылыстың артатыны анық. Ендеше, бұл суреткердің мақсатының бір қадам болсын орындалғанының жарқын көрінісі.

Қай заманда болмасын, әдебиеттің алдына қояр негізгі шарттарының бірі – оның заманалық сипатына ие болуы, дәстүр санасына, халқының рухына әсер етіп, этикалық, эстетикалық сауалдарына көркемдік тұрғыдан жауап бере білуі. Шығарма тақырыбы тұспалдап немесе тікелей алынуы ғана мәселе тағдырын шеше бермейді. Негізгі мақсат – көтеріліп отырған идеяның өміршеңдігі, характерлер мен оқиалардың табиғи бірлестік табуында, суреткер мұратының биіктігінде.

Осы тұрғыдан алып қарағанда жазушы Ә. Әлімжановтың «Гонец» (Жаушы) шығармасы толық мағынасында заманалық туынды екендігі анық. Романда осыдан екі жүз елу жылдай бұрын өткен, халқымыздың санасынан мәңгі орын тепкен ауыр оқиғалар, намыс пен кек үшін күрестер, ұлттың тағдырына байланысты оқиғалар жаңғыртылып, бейнеленген. Біздіңше, халқымыздың жоңғар басқыншылығына қарсы азаттық күрес хикаяларының қазіргі қауымға берер пайдасы мол.

Қазақ даласының әр қадамы азаттық үшін алысқан ерлердің қанымен суарылған. Жазушының бұл шығармасында – халықтың қаһарлы күшін, қоғам дамуындағы шешуші орнын көрсету нысанасы көзделген. Қатал қыс, қуаңшылық жаз кезектесіп келген тұста қазақ еліне тап берген жыртқыш жаулар әлегі, елдің қапелімде күшті соққыдан есеңгіреп, абдырап қалған сәті, ата қоныстарынан босып кету мезеті, ел басқарады деген «ақсүйектердің» халықты ажал мен азап өтінде қалдырып қойғаны шығармада шыншыл баяндалып, ұрпаққа шынайы шындық жеткізіледі. Жаңа заманның жаңаша көзқарасты жастарына ой саларлық, тәубеге келтірерлік бұл шығарма былай баяндалады: «Стонут верблюды. Уже много дней с них не снимали тяжелых вьюков. До крови натерты спины. Во время коротких стоянок, когда люди перевязывают раны, кормят детей или хоронят погиибших в дороге. Несчастные животные медленно падают набок – они не могут коснуться горбом горячей земли, поваляться в пыли, пылью присыпать раны. Вьюки упираются в кусты, животные на какое-то мгновение вытягивают ноги. Им дышится легче. Но пройдет мгновение, и кто-то из жигитов, сопровождающих беженцев, замахнется пикой или налицей, и верблюды с криком и стоном вновь поднимутчс на ноги.

Старейшина аула или рода вновь взберется на коня и молча прдолжит свой путь, а за ним вновь потянется весь караван уставших, голодных, больных, раненных в битве людей, людей потерявших свой кровь, своих близких.

Они покидают свой родной край, не зная, что их ждет впереди, не зная, смогут ли они когда-нибудь вернуться назад...» [125, 5 б.].

Туған жердің адам баласы үшін, оның болашақ ұрпағы үшін қаншалықты маңызды екендігін суреткер былай бейнелейді: «До глубокой ночи в юрте Маная сидели старики, коротая время за долгой тихой беседой.

-Уйдем от воды – погибнем в песках от жажды или попадем в лапы джунгар, - вздыхали старики.

Никто не спрашивал, где сейчас враги, и как закончилась битва Малайсары. Никто не спрашивал Маная о сыне, не упоминал имени Сеита. Старикам хотелось бы отвлечь Маная от тяжких раздумий, занять мирными разговорами. Н у каждого было свое горе.

- Наши ханы и султаны забыли о семи заповедях предков, забыл о них и сам народ, вот почему на нас разгневан аллах, - вздыхал табунщик Орак-бай.

- Богатство народа – в единстве и мире, - говорили предки. Но разве у нас осталось единство между родами одного племени? Между аулами, принадлежащими к одному роду? Нет! – после угрюмого молчания произнес Манай. – Единство всех племен перед врагом – меч победы, - говорили предки. Разве есть оно у нас? Нет! Мы, как стадо перепуганных овец, бежим по степи от волчьей стаи джунгар. Волки становятся во сто крат кровожаднее, когда видят перед собой бегущее стадо. Издревле утверждали, сто наследником скакуна становится жеребенок. Бог не дал славному Тауке-хану достойного сына. У льва родился котенок. Ни мудрости, ни смелости в нем. Священное дело незабвенного Тауке превратилось в прах. Ханы и султаны забыли клятву о братстве, скрепленную кровью на Улытау. Наследник Тауке, Болат хан предал дело своего отца, не смог сохранить все то, что былоа созданов Тауке. Человеку лишь две вещи помогают править людьми – или мудрость и сила, или жестокость и хитрость. Другому не покорялись в степи.

Манай умолк.

Вновь воцарилась тишина» [125, 59 б.]. Адам баласының кіндік қаны тамып, өсіп-өнген жері қашан да ыстық. Романның негізгі қаһармандары халық бұқарасының өкілдері болып келуі шығарманың сара идеялық бағытын айқындайды. Мейірімсіз жаудың соққысын көріп, азабын арқалаған адамдардың сонда да жүрек түкпіріндегі жауынгерлік рухын оқырман бірден сезінеді. Сол арқылы өзінің де туған жеріне деген сүйіспеншілігі арта түсетіндігі айқын. Туған жердің қаншалықты адам үшін маңызды екендігін қазақтың шыншыл, өр мінезді қызы Ф. Оңғарсынова былай жырлайды:

«Дала – менің қазынам, жыр сандығым,
Жыр нәрімен жер балқып, бусанды құм.
Сортаң жердің тұзы бар тамырында,
Ашқылтымдау сондықтан жусан-жырым» [121, 171 б.].

Қазақ әдебиетіне өз лебізі, өз үнімен танылған жазушы Ә. Әлімжановтың қай шығармасын алып қарасақ та, ұлттық рухтың, ұлттың тарихының, болашақ ұлт тәрбиесіне байланысты жанашырлық, рухани күшті байқаймыз. Жазушының осы бір ерекше қасиеті туралы жазушы Р. Сейсенбаев өзінің «Ұлтық ырғақ (ритм) немесе қисық ағаштан түзу көлеңке түспейді» деген үзік сырында былай жазады: «Ұмытпасам, 1980 жыл. Мәскеудің қара түнінде, қара такси жалдап Әнуар Әлімжанов екеуіміз жазушылардың Переделкинодағы үйіне жол түзедік. Машинада қазақша еркін сөйлесіп отырған бізге таксист аға зілмен:

- Шүлдірлегендеріңді доғарыңдар, деп саңқ етті.

Сонда тартып отырған темекісін терезеден ытқытып жіберген Әнуар ағам:

- Сен не айтып отырсың? Деп тіксінді. Біз ана тілімізде сөйлесіп келеміз. Анаға қай халықтың ұлы тіл тигізген? Ананы сыйламайтын сен

кімсің?! Ана тілінен артық бұл дүниеде не қасиет бар?!... Сен орыс екен деп, біз де орысша сөйлеуіміз керек пе?

Таксисит тісін қайрады. Бірақ үнсіз қалды. Машина Переделкиноға келіп тоқтағанда, Әнекең алдыңғы орынға ақшаны тастай салып, жылдам шығып кетті. Әдепті адам еді, есікті сілкіп тастаған жоқ, жайлап жапты. Енді ғана шыққалы жатқан менен таксист жігіт:

- Ұлттарыңыз кім?, - деп сұрады.
- Ыза қайнап тұрса да, сабырға жүгініп:
- Біз қазақпыз. Ал сенің ұлтың кім?
- Орыспын.

Ә, бәсе. Орыс анасын сыйлаушы ма еді? деп есікті қатты жаптым. Таксист машидан шығып, Әлекеңе: Кешіріңіз!.. деп мүдірді. Үш жыл Аягөзде солдат болғанмын. Бір білместік кетті. Мен қазақтарды жақсы көремін. Арасында әлі араласатын достарым бар.

Әнекең үндеген жоқ. Қолын бір сермеді де, жүріп кетті...».

Осы бір аз ғана көріністің өзі қаншама философиялық ойға, ұрпақ тәрбиесінің маңыздылығын көрсетіп, ана тілдің соншалықты ұлт үшін қасиетті екендігін танытып отыр. Сонымен қатар осы үзіндіні оқыған әрбір азамат, әрбір оқырман, әрбір қазақ баласының өз отаны мен туған жері, тілінің тазалығы олардың мойнындағы міндет екендігін жүктегендей. Отан – отбасынан басталады дейтін болсақ, сол отбасының үлгі тұтар айнасы – ер азамат. Ер азаматтың мойнындағы жүктің де ауырлығы сондықтан. Жазушы Ә. Әлімжановтың «Гонец» шығармасында ұлт тағдыры жөнінде көптеген рухты мысалдар келтіріліп, оқырман жүрегінде ұлтқа деген сүйіспеншілікті арттыра түседі.

Бүгінгі заман тақырыбы мен тарихи тақырыпты қатар қамтып, іштей ұштастыра білген жазушы Ә. Әлімжановтың «Караван идет к солнцу», «Синие горы» повестерінде заманымыздың биік саналы, өнегілі һәм озық зейінді жас қауым өкілдерінің тартымды да келісті тұлғасын жасап шығарады. Тақырыптық және екі шығармаға да ортақ кейіпкерлері жағынан да бір-біріне ұласып жатқан повестер әдебиетімізде ерекше орын алады. Тарихты ұрпаққа білу жеке өзіндік мақсат қана емес, ол бүгінгі сәулетті өміріміздің де қадірін түсінуге таптырмас құрал екендігін ұғындырды. Шығарма кейіпкері Анаштың мына пікірі арқылы жазушы өмір сырының тағы бір астарын оқырманға саралай жеткізеді: «Анаш умолк. Он задумчиво глядел в окно. За окном, словно соревнуясь с поездом, бежали провода, мелькали столбы, а поодаль все так же лежали холмы и горы. Но Анаш не замечал их, по его лицу пробегали тени, он был очень взволнован. Возможно, это была случайная исповедь человека, привыкшего верить людям и видить в них доброе. А может быть, о прошлом напомнил ему этот однообразный ритмичный стук колес, больше располагающий к грустным, спокойным раздумьям о жизни, нежели к веселым, беззаботным разговорам.

Впрочем, в этот жаркий день, сидя в купе, я не думал об этом. Я слушал Анаша и вспоминал свое детство. Он мой сверстник, и судьба его походила на мою.

- Я верю в мудрость восточной поговорки: раз увидеть лучше, чем тысячу раз услышать, - повторял он. Я хочу побывать у чабанов, увидеть, как они живут. Вы же не станете уверять меня, что они живут так же, как колхозники на центральной усадьбе, получают то же самое, что и колхозники, живущее в селе, например, картошку, лук, капусту, фрукты, и что у них есть свет и книги» [125, 127 б.]. Осы арқылы жазушы ұрпақ алдында өзінің тағы да бір міндетін жүктеп қойғанда. Адам баласының бойынан тек жақсы қасиеттерін көре білу, ізгілікке, мейірімділікке, қайырымдылыққа құштар болуды жазушы оқырман санасына терең ой ретінде тастап отыр.

Повесте туған жерге, халыққа, сонымен қатар өзінен жасы үлкен адамдарға құрметпен қарау, тарихи фактілерді бұрмалай сол қалпында жеткізу қажеттігі туралы мәселелер де қатар көтерілген. Жазушының терең ойлылығын түсіне білген Р. Сейсенбаев: «... Әнуар Әлімжанов қазақ халқының бақытты халық болуы үшін жанын салған адам. Біздің қалғыған намысымызды оятып, еңкейген рухымызды көтеру үшін өмірін сарп еткен. Өкінішке орай, бұл кісі өлген соң, кітаптары шықпайды, аты аталмайды. Бұл біздің ессіздігімізді көрсетеді» деген терең күрсінісін білдіреді. Қазақ елінің болашағы үшін уайым жеген жазушының шығармалары әлі де халық арасында кеңінен танымал. Әсіресе оның «Синие горы» повесі өз алдына бөлек талдайтын туынды десек артық айтпағанымыз. Повестегі қарт адамды құрметтеу, оның артықшылығын ұрпаққа жеткізу үшін жазушы мынадай деталь қолданады: «Перед отъездом Аскар побывал у Сапара. Он постарел, но память его была свежа. Старик может рассказать историю жизни каждого актуминца. Вспомнить, какой дождливой была осень, когда отец Аскара вернулся домой седым и слепым. А что было дальше? Об этом не стоило распрашивать старика. Аскар помнил все сам. Все, начиная с того дня, когда он стоял у могилы отца, а в его лицо били колючие твердые снежинки.

Доброту людскую не ценит лишь тот, кто не испытал зла и жестокости. Казахи говорят, что человек никогда не забудет вкуса опаленной шкуры, съеденной в голдные годы. Оскорбленное детское сердце не забывает ласкового прикосновения рук человека, защитившего от обид. И только доброта Сапара и Дамеш вытравляла обиды из детского сердца» [125, 134 б.]. Адам баласы өмірден үйренеді, ықпалына бейімделеді, ағымына оңды-солды әсер де етеді. Соның ішінде адам баласы өне бойы ақылға жүгінеді. Себебі, дүниедегі барлық жақсылық пен игілік ақылдың жемісі. Сол ақылдың көмегімен адамдар қаншама қиыншылық болса да төзе біледі. Төзімділік танытады. Ақыр соңында өз қалауындағы жеңіске қол жеткізеді. Ал адамның адамгершілік қасиеті оның өмірдегі басты құралы екендігін жазушы шығармасына арқау етеді. Сол арқылы ұрпаққа адамдық қасиеттен айнымау,

Билингв жазушылар шығармаларындағы философиялық ой мен ұрпақ тәрбиесінің ұқсастығы

Ә. Әлімжанов	Р. Сейсенбаев	Т. Әсемқұлов
«Гонец (Жаушы)», «Ұстаздың оралуы»	«Намыс», «Өзімді іздеп жүрмін», «Ешқайда баспайтын баспалдақ»	«Талтүс», «Тәттімбет сері»
Ізгілік қаласының әкімі..оқу-білімді сүйетін адам болуы тиіс,-деп жазды әбу Нәсір өз ойларын қорыта отырып. – Шындықты жақтап, оның күрескерлерін қолдауы тиіс. Жалғандыққа және оны қару ететіндерге жаны қас болуы керек; асқақ жанды, ар намысын сақтайтын адам болуы керек; оның жаны табиғатынан барлық ұсақ күйкіліктен биік және табиғатынан үлкен істерге ұмтылған алғыр болуы керек; күйкі өмірдің тірліктерінен, дирхем, динарлардан жиреніп отыруы керек; әділет жолында қорқу, сасуды білмейтін ержүрек, батыл болуы тиіс. Осы қасиеттердің бәрін бір адамның бойына сиғызу өте қиын, сондықтан да мұндай дарын иелері өте сирек	..Біз көп өзгердік, Сырым. Бүгін мүлде бөтенбіз. Сонау ақ адал күндер қайда? Сен Айсұлудан қашып ең, Әділет екеумізді қуып тындың. Сен жан-жағыңа дұрыстап зер салсайшы. Бір адал досың бар ма? Сені қоршаған өзіңдей пысықтар өз күндері үшін ғана сені алақандарына салып, өтірік күледі, өтірік тост көтереді, біліп тұрып өтірік ақыл сұрайды. Бір күні жаңсақ бассаң, жаныңнан ол достарыңды іздеп әуре болма. Таппайсың. Сен өзіңе сыртыңнан бір қарашы, сен де сол азғын достарыңнан аумайсың. Әділет өлді. Артында жыры қалды. Ел кәдесіне жарайды. Ал сенің артыңда ше? Түк қалмайды. Сен нөлсің...	Атасы мейірімді болатын. Түсі суық болса да..Жүрегімен мейірбан болатын. Ол өз ойымен..және басқаның қасірет-қайғысымен, басқаның қуанышымен ғұмырын кешті. Әр таңның атқанын Тәңірінің сыйы деп қабылдады. Адам болу үшін көп көру керек. Өнер алды – адам болу. Атасы өз бағасын өзі айтқан адам болатын. Өз бағасын білген адам басқаны да түсінеді, барлық адамды түсінеді. -Рахмет,-деді содан соң демін ауыр алып. –Дәм-тұзға адал болғаның үшін рақмет. Сен маған қарыздар емессің, қарағым. Құдайға ғана қарызсың. Өйтіп жаныңды жеме. Бағыңды байлап қайтейін. Арқаң бос, жарығым.Атаң жетпеген биікке өзің жет.
Жазушы ғалымның философиялық ойларын баяндай отырып, оқырман бойына адалдық, әділдік сынды жақсы қасиеттерді сіңіруді және сондай ізгі жан болуды сезіндіреді.	Автор Сырымға досы Айдар арқылы өмірдің бар мәні атаққұмарлық, жауыздық, жалғандық еместігін ұғындырады. Адал, әділетті болсаң ғана соңыңда есімің ұмытылмастай қалатынын ескертеді.	Атасынан адалдық көріп өскен немеренің адалдығы, адамгершілігі, мейірімділігі арқылы үлкеннен бата алу, әр адамға мейірімді болу керегін ұғындырады.

Билингв жазушылар шығармаларының ерекшеліктері

Р. Сейсенбаев – техника мен ғылым-білім билік құрған озық заманның перзенті. Оның интеллектуалдық күші – білімі. Жазушының тақырыптары да зор, ерекше болатыны сондықтан. Оның романдарынан Семей жарылысы естіледі, қазақ халқының өксігі құлаққа келеді. «Шайтанның тағы» романында түрмеге түскен жастардың қиын тағдыры, сюжеттік желінің терең философиялық толғаныстарға байланыстырылып құрылуы, Арал теңізі мәселесі қозғалған «Құм кезген өліктер немесе жанталас» шығармасының да өз айтары бар. Р. Сейсенбаевтың өзге жазушылардан айрықша ерекшелігі – адамның жан дүниесін шебер ашады, сонымен бірге автордың барлық кейіпкерлері өз туған жеріне, халқына, бейсана түрде ғашық болып, жақсы көреді. Себебі, жазушының өзі Отанын шексіз жақсы көреді.

Ә. Әлімжановтың «Отырардан жеткен сый», «Махамбеттің жебесі», «Жаушы», «Ұстаздың оралуы», «Көгілдір таулар» туындылары – рухты айрықша асқақтататын шығармалар. Жазушы туындыларында ұлттық бояу, ұлттық идея, халықтық күш-қуат айрықша көрінеді. Тарихи шығармалар жазу барысында автор өмір материалдарына, архив деректеріне сүйеніп, өз дәуіріне сай қаһармандардың бейнесін кестелеп, тілін, мінезін, ұлттық менталитетін, тарихи орнын артық бояусыз, нақ жеткізеді. Шығармаларының поэтикасы жайлы айтқанда мақал-мәтелді, тұрақты тіркес, сатира, шешендік сөздер, юмор, гипербола, литота, карикатура, символ, портрет, диалог, перифраз, архаизм сөздерді тиімді пайдаланған.

Т. Әсемқұлов – өнер, оның ішінде дәстүрлі өнер, тарих, этнография, мифология салаларын туындыларында ауқымды қолданып, оны халқына жеткізе білген жазушы. Оның прозасы мен көркем эсселерінде кейінгі қазақ тарихы – Абылай хан, Құнанбай, Абай, Біржан, Тәттімбет, Сүгір, Байжігіт, тағы да өзге көптеген өнерпаздар өз алдына тұлғаланып шықты. Т. Әсемқұлов шығармашылығының ерекшелігі – оның қай саладағы еңбектерінде де ғылыми негіз бен еркін сұхбаттасу қатар өріліп отыруында. Өз алған нысаны жайлы материалды, мән-мағынасын түбегейлі зерттеп, одан кейін ұшқыр суреткерлік қиялына жүгініп, көркем сөзді парасатты жеткізе білетіндігі де оның ерекше даралығы. Жазушының «Талтүс» повесі, «Тәттімбет сері» романы, «Біржан сал», «Тұмар падиша», «Көкбалақтың өлімі», «Жезтырнақ» киноромандары бүгінгі қазақ прозасында өзіндік бір орын алатын ерекше туындылар.

Қорытындылай келе, өзіндік ой ұшқырлығымен, шығармашылық қиялымен кейіпкер кейіпіне еніп, сол арқылы философиялық түйін жасап, оқырман санасына терең ой тастай білген Р. Сейсенбаев, Ә. Әлімжанов туындылары мәңгілік тақырыпты қамтитын шығармалар. Жазушы Р. Сейсенбаевтың «Өзімді іздеп жүрмін», «Орақтың үйі», «Намыс», «Өтініш», Ә. Әлімжановтың «Ұстаздың оралуы», «Гонец», «Синие горы», Т. Әсемқұловтың «Талтүс», «Тәттімбет сері» сынды шығармаларындағы кейіпкерлердің өмірден көріп, соны ұғына білген философиялық ойлары адамзат баласы үшін аса маңызды. Суреткер бейнелеп отырған әр кейіпкердің ой талқысынан кейін оқырман санасына ең бойлай түсетін ойдың бірі – адам қандай жағдайда да өзіндік қалпын сақтап қалуы. Өмірге адам болып келген соң, адамгершілік қасиетіңнен таймай, өз ұлтыңды, жеріңді, жаратылысыңды құрмет ету, соған аянбай еңбек қылу. Сонда ғана адамзаттың ғұмыры мәнді болмақ және өз ұрпағына да сондай ғұмырды үлгі етеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Әдебиет – көркемөнердің негізгі бір саласы, халықтың болмысын, адам бойындағы қасиеттерін, олардың эстетикалық сәнін суреттеп, баяндайтын негізгі құрал. Әлем бейнесі – қоршаған орта мен адам арасындағы қарым-қатынастың санада өңделіп, сипатталуының нәтижесі, адамның санасында қоршаған әлем туралы пікірдің қалыптасуы, яғни, әлемді қабылдаудағы адам санасының негізгі шындығы.

Әлем бейнесі ұғымы адам баласының қоршаған және дүние жайлы өзіндік көзқарастарын зерттеуге негізделген. Ол әрқашан даму үстінде болатын әлем туралы көзқарастар мен мәліметтер жүйесі. Ғалымдар әлем бейнесі алуан түрлі екендігін айта келіп, қанша әлем (ақиқат, шындық, адам, табиғат, қоғам) болса, соншалықты әлем бейнесі болатындығын айтады. Демек, айналадағы қоршаған орта немесе адам, оның өмір сүретін ортасы бірін-бірімен өзара байланыста болса, әлем бейнесінің негізгі концептуалды негізі адам мен оның ортасы туралы мәліметтерді өңдеудің нәтижесі. Әлемді тану түрлі ғылым салаларының таным өрісіне байланысты өзіне тән ерекшеліктері негізінде жүзеге асып отырады. Яғни, физикалық, биологиялық, мәдениеттанымдық, лингвистикалық, химиялық, философиялық және де басқа ғылыми бейнелердің барлығы дерлік заңды құбылыс болып саналады. Бұған қарап «әлем бейнесі» үнемі өте күрделі өзгерісте болатын процесс және тек бір ғана емес бірнеше ғылым салаларының негізгі ұғымдарының бірі екендігін аңғарамыз.

Әдебиеттанудағы әлем бейнесі автордың қиялымен, ой-өрісінің кеңдігімен тікелей байланысты. Автор әлем бейнесін өзінің таным-түсінігіне сай түрлі тәсілдерді қолдана отырып баяндайды. Осы арқылы әр халықтың өзіне тән дүниетанымы әлем бейнесінен орын алады. Әдебиеттанудағы әлем бейнесі автордың баяндауына тікелей байланысты.

Болмыстағы әр жазушы өзінің қорытындысын адамгершілік, идеялық, т.б. ұстанымы тұрғысынан көріп, соған байланысты әр түрлі жағдайлардағы оқиғалар, қарама-қарсы тоғысулар арқылы бейнелеп шығады. Оның шығармада көрінуі шығарманың көркем-тілдік құрылымы арқылы жүзеге асады. Сол себепті «автор бейнесі» шығарманың көркем-тілдік құрылымымен тығыз байланысты болады. Автор бейнесі – әдеби шығармадағы жазушының өз тұлғасының көріну қалпы. Әдебиеттану ғылымында автордың негізгі идеялық нысанасы, көзқарасы, көркемдік принциптері мен ұғым-түсініктері, суреткерлік шеберлігі – бәрі кең, толық мағынасында шығарманың өн бойынан, барлық құрылыс-бітімінен, идеялық-көркемдік сипатынан танылады.

Әдебиеттің негізгі предметі адам, яғни, әрбір адам өз алдына бір әлем, зерттелмеген, ашылмаған қазына іспетті. Адамның болмысын табиғи, психологиялық, биологиялық, физикалық тұрғыдан оның ерекшеліктерін әр ғылым саласы өз алдына жеке зерттеп, зерделейді.

Бүгінгі заман өзгерісі адамның рухани болмысына, ел тұрмысына, дәстүр мен салтына қалай әсер еткендігі көркем әдебиетте автордың көркем әлемі арқылы әлеуметтік сарын, астар түрінде көрініс тауып отыр. Оның барлығы авторлық баяндау, бірде кейіпкердің іс-әрекеті, ашық идеясы арқылы беріліп отырса, ал бірде ирония мен сарказм арқылы тұспалдап беріліп отырады. Осы арқылы да автордың көркемдік әлемі айшықталып, идяесы нақтылана түседі.

Жазушылардың қазақ жерінде орын алған күшпен ұжымдастыру саясаты, ақпан қозғалысы, темiржолдардың салынуы кезінде болған тарихи оқиғалар мен олардың барлығының қазақ халқының ұлттық құндылығына тигізген теріс әсерлерін жазушы астарлы сөздермен шебер суреттей білген. Сол кездегі қазақ халқының сабырлылығын, шыдамдылық пен төзімділігін қазақ ауылының соңғы түйесінен айырылуы арқылы жеткізген. Себебі, қазақ үшін түйе – шыдамдылық пен төзімнің, сабырлылықтың, мамыражай тіршілік пен тыныштықтың белгісі болған. Соңғы түйесінен айырылған ауылдың берекесі қашқандығын автор сәтті жеткізе білген.

Автор тіліндегі образдылықты аудармашы бұзбай беруге тырысқан. Әйтсе де, кейбір ойлардың, идеяның түсіріліп, кейбіріне аудармашы өз ойын қосып, өзгеріс енгізген. Осы арқылы автордың көптеген тілдік ерекшеліктері айқын көрінбей, аудармашының идеясы астында қалуы мүмкін екендігін аңғарамыз. Автор оқиғаны сипаттау барысында шығармаға эмоциялық-экспрессивтілікті қоюлата түсу үшін белгілі бір тілдік бірліктерді қайталай қолданған. Осы арқылы оқырман назарын аудартып, шығарманы оқуға одан әрі қызығушылығын арттыра түседі. Әйтсе де автордың мұндай әдіс-тәсілдерін аудармашы көбіне аңғара бермейді. Сондықтан бір тілді автордың жазу стилі, тілдік ерекшеліктері айқын көрінбей қалатын сәттер де болады.

Шығарма – қандай да болмасын автордың еркінен тыс «ғайыптан» дүниеге келе салатын құбылыс емес. Мұнда суреткердің азаматтық позициясының алатын орыны орасан зор. Жазған шығармасына қарап жазушының қандай адам екендігін, ой-өрісі мен моральдық кескін-келбетін, жалпы адамзаттық ұстанымын, қасиеттерін анықтау аса қиындық туғызбайды. Қолыңызға түскен кез келген көркем шығармаға назар салып, оның мазмұнына тереңірек үңіле түссеңіз, суреткердің ой-пікірі, автопортреті шыға келетіндігі белгілі.

Жазушылар өз туындыларының қай-қайсынан болмасын, салиқалы ойға құрылған, басқаға ұқсай бермейтін өзіндік ойы бар, бас-аяғы жұмыр дүниелерді дүниеге әкелді. Бәрі де адам баласының ойлағанындай болмайтындығын, аяқ астынан болар кездейсоқ жағдайлар бұл дүниеге тән екендігін оқырманға жеткізе білді. Өзіндік азаматтық ұстанымын алға тартып, қоғамдық-әлеуметтік, мәңгілік тақырыптарға еркін бойлады. Демек, өмір мен өнердегі азаматтық та өзіндік бір дүние екендігін осыдан аңғарамыз. «Теңіздің дәмін тамшысынан білуге болады» демекші, сол сияқты суреткердің де өмірдегі азаматтық ұстанымы оның бүкіл шығармашылығынан аңғарылып тұратындығын анық айта аламыз. Жазушы

Ә. Әлімжанов, Т. Әсемқұлов, Р. Сейсенбаев шығармаларындағы мәңгілік тақырыптар, өлім мен өмір, жақсылық пен жамандық, бақыт, әлемдегі ұстанымдар мен мәселелер оқырманның да өзіндік ойын қалыптастыруға көптеген ықпалын тигізетіндігі сөзсіз. Дәуір шындығын бейнелеген, заманның талабына өзіндік үнін қосқан, адамзат баласының бір-бірін сүюіне, олардың қайғысын бөлісіп, қуаныштарына ортақтастырып, достық көзбен қарауына септігін тигізген, өмірдің мәнін түсініп білуіне, әлемді, қоғамды тани түсуіне, жақсылық пен жаманшылықты етене тануына толымды әсер еткен, түрлі зұлымдық әрекеттердің әшкереленуіне көмектесер келелі шығарма бүгінге ғана емес, болашақта да кезіндегі эстетикалық-идеялық белсенді көркемдік қызметі үшін жоғары бағаланбақ.

Қорытындылай келе, өзіндік ой ұшқырлығымен, шығармашылық қиялымен кейіпкер кейіпіне еніп, сол арқылы философиялық түйін жасап, оқырман санасына терең ой тастай білген Р. Сейсенбаев, Ә. Әлімжанов туындылары мәңгілік тақырыпты қамтитын шығармалар. Жазушы Р. Сейсенбаевтың «Өзімді іздеп жүрмін», «Орақтың үйі», «Намыс», «Өтініш», Ә. Әлімжановтың «Ұстаздың оралуы», «Гонец», «Синие горы», Т. Әсемқұловтың «Талтүс», «Тәттімбет сынды шығармаларындағы кейіпкерлердің өмірден көріп, соны ұғына білген философиялық ойлары адамзат баласы үшін аса маңызды. Суреткер бейнелеп отырған әр кейіпкердің ой талқысынан кейін оқырман санасына ең бойлай түсетін ойдың бірі – адам қандай жағдайда да өзіндік қалпын сақтап қалуы. Өмірге адам болып келген соң, адамгершілік қасиетіңнен таймай, өз ұлтыңды, жеріңді, жаратылысыңды құрмет ету, соған аянбай еңбек қылу. Сонда ғана адамзаттың ғұмыры мәнді болмақ және өз ұрпағына да сондай ғұмырды үлгі етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Сепир Э. Коммуникация // Избранные труды по языкознанию и культурологии. – М.: Наука, 1993. – 211 с.

2 Караулов Ю.Н. Концептография языковой картины мира // Сборник статей: Языковое сознание: теоретические и прикладные аспекты. – М.: Ин-т языкознания РАН, 2004. – С. 69-83.

3 Колшанский Г.В. Объективная картина мира в познании и языке. – М.: Наука, 1990. – 428 с.

4 Брутян Г. А. Язык и картина мира // Научные доклады высшей школы. Философские науки. М., 1973. № 1. С. 84-112.

5 Телия В.Н. Русская фразеология. Семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты. – М.: Школа «Языки и культура», 1996. – С. 225-231.

6 Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті: филол. ғылым. д-ры. ... дис. – Алматы, 2004. – 340 б.

7 Әмірбекова А.Б. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшеліктері: филол. ғылым. канд. ... дис. – Алматы, 2006. – 125 б.

8 Языковая картина мира. Материалы Всероссиской научной конференции. – Кемерево, 1995. – 87 с.

9 Хайдеггер М. Искусство и пространство // Самосознание Европейской культуры XX века. – Москва, 1991. – С. 171-207.

10 Оразалиева Э. Н. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы. Ғылыми монография. – Алматы, 2007. – 312 б.

11 Серебренников Б.А., Кубрякова Е.С., Постовалова В.И., и др. Роль человеческого фактора в языке: язык и картина мира. – Москва, 1998. – 247 с.

12 Рахилина Е. В. Когнитивный анализ предметных имен: семантика и сочетаемость. – М.: Русские словари, 2008. – 416 с.

13 Апресян Ю.Д. Образ человека по данным языка: попытка системного описания. // Вопросы языкознания. – 1995. Выпуск № 1 С. 37-67.

14 Сүлейменова Э.Д. Казахский и русский языки: основы контрастивной лингвистики. – Алматы: Демеу, 1996. – 208 с.

15 Леонтьев А.А. Язык, речь, речевая деятельность. – Москва, 2005. – 216 с.

16 Геляева А. И. Человек в языковой картине мира. – Нальчик, 2002. – 177 с.

17 Арутюнова Н.Д. Язык и мир человека. – Москва, 1998. – 896 с.

18 Постовалова В.И. Язык как деятельность: Опыт интерпретации концепции В. Гумбольдта. – Москва, 1982. – 223 с.

19 Тер-Минасова С.Г. Язык и межкультурная коммуникация. – М.; Слово, 2008. – 624 с.

20 Караулов Ю. Русский язык и языковая личность. – М.: Наука, 1987. – 216 с.

21 Телия В.Н. Метафора как модель смыслопроизводства и ее экспрессивно-оценочная функция // Метафора в языке и тексте. – М.: Наука, 1988. – 310 с.

22 Планк М. Единство физической картины мира. – М.: Наука, 1966. – 298 с.

23 Топоров В.Н. О ритуале. Введение в проблематику – М.: Единство, 1992. – 161 с.

24 Маслова В.А. Когнитивная лингвистика: учебное пособие. – Минск. Тетра Системс, 2004. – 256 с.

25 Тілеубердиев Б.М. Қазақ ономастикасының лингвоконцептологиялық негіздері. – Алматы: Арыс, 2007. – 280 б.

26 Герц Г. Три картины мира/Новые вехи в философии. – 1914. - №14.

27 Эйнштейн А. Влияние Максвелла на развитие представлений о физической реальности // Собрание научных трудов. – М., 1967.

28 Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. –Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б.

29 Контекст. Москва: Наука, 1983. – 336 с.

30 Кенжегараев Н.Д. Қазақ әдебиетіндегі автор мен тыңдаушы (XV-XVIII ғ.ғ.) – Түркістан, 2007. – 140 б. – Библиогр.:134-139 б.

31 Агеев В. Семиотика. – Москва: Весь мир, 2002. – 256 с.

32 Хализев В.Е.Теория литературы. – 4-ое изд.испр., до. – М.: Высшая школа, 2004. – 405 с.

33 Әдебиеттану, терминдер сөздігі (Құрастырушылар: З. Ахметов, Т. Шаңбаев) Алматы: «Ана тілі», 1998. – 384 б.

34 Виноградов В. Стилистика. Теория поэтической речи. Поэтика. – Москва: изд. АН ССР, 1963. – 255 с.

35 Новикоч Л.А. Художественный текст и его анализ. – Москва: Русский язык, 1988. – 304 с.

36 Шалабай Б. Көркем әдебиет стилистикасы. Оқу құралы. – Алматы: Ы. Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының республикалық баспа кабинеті, 1999. – 197 б.

37 Звегинцев В.А. О сравнительном изучения языков применительно к различным эпохам их развития // История язкознания XIX-XX веков в очерках и извлечениях. – Москва, 1964, ч.1. 83 б.

38 Вильгельм фон Гумбольт. Я зык и философия культуры. – М:, 1995. – 378 б.

39 Колшанский Г.В. Объективная картина мира в познании и языке. – М.: Наука, 1990. 16 б.

40 Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері (Түс көру, бейвербалды, ишараттар, заттық әлем). – Алматы: Алаш, 2003. – 328 б.

41 Шапай Т. Қазақтың жаны. Астана: Елорда, 2001. – 284 б.

42 Мағауин М. Құмырсқа қырғын. –Астана, Аударма, 2004. – 352 б.

43 Балтабаева Г.С. Тәуелсіздік кезіндегі қазақ прозасының көркемдік әлемі: Повестер мен әңгімелерге шолу, талдау. –Алматы: Қаратау КБ ЖШС: Дәстүр, 2016. – 288 б.

44 Арутюнова Н.Д. Логический анализ языка: Культурные концепты. – М.; Наука, – 1991. – С. 21-30.

45 Верещагин Е.М. Психологическая и методическая характеристика двуязычия (билингвизма). М., 2014. – 162 с.

46 Карлинский А.Е. Основы теории взаимодействия языков. Алматы: Ғылым, 1990. – 180 с.

47 Мечковская Н.Б. Социальная лингвистика. М.: Аспект – пресс, 2000. – 208 с.

48 Дешериев Ю.Д. Развитие национально-русского двуязычия. М., 1976. – 368 с.

49 Протасова Е.Ю. Становление и функционирование двуязычия // Материалы по исследованию билингвизма. М.: МГУ, 1999. С. 3-15.

50 Bazarbayeva M.M., Orwin D. Picture of the world in the works of bilingual writers // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2018. – №4. – 39-44 бб.

51 Щерба Л.В. Языковая система и речевая деятельность. Л., 1974. С. 313-318.

52 Сулейменова, Э.Д. Словарь по языкознанию [Текст] / Э.Д. Сулейменова, Г.Б. Мадиева, Н.Ж. Шаймерденова и др.; Под ред. Э.Д. Сулейменовой. – Алматы: Гылым, 1998. – 544 с.

53 Исаев М.К. Фонетические особенности английской речи казахов. – Алматы: КазУМОиМЯ, 2004. – 322 с.

54 Grosjean F. Studying Bilinguals. Oxford, 2008. – 57 p.

55 Вайнрайх Одноязычие и многоязычие. (Новое в лингвистике. – Вып. 6. Языковые контакты. – М., 1972. – С. 25-60.

56 Блумфилд Л. Язык, М: Прогресс, 1968, стр. 5-15.

57 Аврорин В. А. Двуязычие и школа // Проблемы изучения двуязычия и многоязычия. М.: Наука, 1972. С. 49-62.

58 Merriam-Webster's Collegiate Dictionary, Merriam-Webster, Inc.; 11th edition, 2003. – 1664 p.

59 Гачев Г. Казахстанская правда, 1994. 24 сент.

60 Сатыбалдиев Ә. Рухани қазына. – Алматы: Жазушы, 1987. – 232 б.

61 Яковлева Е.С. К описанию языковой картины мира //Русский язык за рубежом. – 1996. – 123 с.

62 Селиверстова В.А. Язык и картина мира // Роль человеческого фактора в языке. Язык и картина мира / под ред. Б.А. Серебренникова. – М.: Наука, 1988. – 2012 с.

63 Schlesingcr I.M. The Wax and Wane of Whorfian Views // The Influence of Language on Culture and Thought. – Berlin, New York: Mouton de Gruyter, 1991. – p. 9-44.

64 Гадамер Х.-Г. Истина и метод. Основы современной герменевтики. – М.: Прогресс, 1988. – 704 с.

65 Гумбольдт В. фон. Избранные труды по языкознанию. – М.: Прогресс, 1984. – 397 с.

66 Витгенштейн Л. Логико-философский трактат. – М., 1958. – 133 с.

67 Баранов Л.Н., Добровольский Д.О. Лео Вайсбсргср в когнитивной перспективе // Известия АН СССР. Серия лит. и яз. – 1990. – т. 49. – №5. – С. 451-458.

68 Панфилов В.З. Взаимоотношения категорий языка и мышления при двуязычии // Проблемы двуязычия и многоязычия. – М., 1972. – С. 119-124.

69 Никитин М.В. Основы лингвистической теории значения. – М.:ВШ, 1988. – 167 с.

70 Сорокин Ю.А., Тарасов Е.Ф. Национально-культурная специфика речевого и неречевого поведения // Национальная культура речевого поведения. – М.: Наука, 1977. – С. 14-38.

71 Попова Н.М. Интерференция при многоязычии. Автореф. дисс. ... канд. филол. наук. – М., 1993. – 373 с.

72 Фурманова, В. П.. Межкультурная коммуникация и культурно-языковая прагматика в теории и практике преподавания иностранных языков: Яз. вуз : диссертация ... доктора педагогических наук : 13.00.02. — Москва, 1994. — 475 с.

73 Колшанский Г.В. Объективная картина мира в познании и языке. — М.: Наука, 1990. – 108 с.

74 Бок Ф.К. Структура общества и структура языка // Зарубежная лингвистика. – т. 1. – М., 1999. – С. 115-129.

75 Кулибина Н.В. О когнитивном и коммуникативном аспектах чтения художественной литературы // Материалы IX конгресса МАПРЯЛ. Братислава, 1999: Доклады и сообщения российских ученых. – М., 1999. – С. 274-289.

76 Кубрякова Е.С., Демьянков В.З., Панкрац Ю.Г., Лузина Н.Г. Краткий словарь когнитивных терминов. – М., 1996. – 254 с.

77 Лакан, Ж. Функция и поле речи и языка в психоанализе. – М.: Гнозис, 1995. – 192 с.

78 Ильин И. Постмодернизм: от истоков до конца столетия. – М.: Интрада, 1998. – 255 с.

79 Баранов А.Г. Когнитиничность текста (к проблеме уровней абстракции текстовой деятельности) // Жанры речи: Сб. науч. трудов. — Саратов: Изд. Гос. УНЦ «Колледж», 1997. – С. 4-12.

80 Хайруллина Р.Х. Картина мира в русской фразеологии. – М.: Прометей, 1996. –146 с.

81 Соколовская Ж.П. «Картина мира» в значениях слов. «Семантические фантазии» или «катехизис семантики»? – Симферополь: Таврия, 1993. 231 с.

82 Лотман Ю.М. Внутри мыслящих миров. Человек – текст – семиосфера – история. – М.: Школа «Языки русской культуры», 1996. – С. 448.

83 Леонтьев А.А. Важнейшие проблемы сопоставления русского языка и языков Востока // Международный симпозиум. Актуальные проблемы преподавания русского языка в странах Азии и Африки, Среднего и Ближнего Востока (доклады, тезисы докладов). – М.,1972.

84 Martinet, A. Grundzuege der allgemeinen Sprachwissenschaft. – Urban-TB, 1968.

85 Сейсенбаев Р. Сағынып жеткен жаз еді. – Алматы:Жалын, 1981.

86 Хасанов Б. Ана тілі – ата мұра (қазақ тілінің жер жүзі тілдері жүйесіндегі алатын орны). – Алматы:Жазушы, 1992. – 272 б.

87 Әдеби шығармашылық және көркем аударма теориясы: дәрістер жинағы. –Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 222 б.

88 Бөкеев О. Қамшыгер: әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 1970. – 136 б.

89 Bokeev O. The man-deer and other stories. – Almaty, 2017. – 441 p.

90 Набоков В. Послесловие к русскому изданию «Лолиты». – New York: Phaedra. – 1967

91 Guillen, Claudio. The Challenge of Comparative Literature. – Cambridge: Harvard University Press, 1993.

92 Лихачев Д.С. Избранные работы: в 3-х т. – т. 1. – Л.: Художественная литература, 1987.

93 Эткинд Е.Г. «Внутренний человек» и «внешняя речь». Очерки психопоэтики русской литературы XVIII-XIX вв. – М.: Языки русской культуры, 1999. – 321 с.

94 Небесная арка: Марина Цветаева и Райнер Мария Рильке. Изд. подгот. К. Азадовский. – СПб.: Акрополь, 1992. – 420 с.

95 Цветаева М.И. Лирика / ил. В. Мишина. – СПб.: Вита Нова, 2006. – 480 с.

96 Vildomec Veroboj. Multilingualism. – Leiden: A.W. Synthoff, 1963. – 72 p.

97 Critchley Macdonald. Aphasia in Polyglots and Bilinguals. – Brain and Language 1 (1974). – p. 15-27.

98 Albert Martin and Obler, Loraine K. The Bilingual Brain: Neuropsychological and Neurolinguistic Aspects of Bilingualism. – New York: Academic Press, 1978. – 106 p

99 Terranglia Jones J. The Case for English as World Literature. – N.Y., 1965

100 Titone R. Language Contact and Code-Switching in the Bilingual Personality *II* Languages in Contact and Contrast. – Berlin, New York: Mouton de Gruyter, 1991. – p. 438-450.

101 Iyer P. The Empire Writes Back *II* Time. – № 6. – Feb. 8. – 1993. – p. 12-32.

102 Field A. The Life and Art of Vladimir Nabokov. – London, 1987. – 193 c.

103 Михайловская Н.Г. О лексическом взаимодействии русского языка с национальными языками народов СССР // Известия АН СССР. Серия литературы и языка, 1985. – Т. 49. – № 4. – С. 291-301.

104 Гусейнов И.Г. Проблемы двуязычия художественного творчества в советской литературе // Проблемы двуязычия и многоязычия. – М.: Наука, 1972. – С. 76-89.

105 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: «Санат», 2002. – 360 б.

106 Алимжанов А.А. Собрание сочинений в пяти томах. – Алматы: «Жибек жолы», 2013. Т. 2. Роман, рассказы, повести. – 2013. – 346 с.

107 Сейсенбаев Р. Лестница в никуда. Трон сатаны. Романы. Пер. с казахского. Алматы: «Жазушы», 1987. – 640 с.

108 Қоңыров Т.Тұрақты теңеулер сөздігі.Алматы: «Арыс баспасы»,2007. – 480 б.

109 Ожегов С.И. Словарь русского языка. – М.: Русский язык, 1978. – 760 с.

110 Смағұлова Г. Мәтін лингвистикасы. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 112 б.

111 Нұрғали Р. Шығармалары. – Астана: Фолиант, 2013. – 416 б.

112 Bazarbayeva M.M. et.al. Perception and Social Reality in the Artistic World of Bilingual Writers // Inrenational Journal of Society, Culture and Language. – 2024. – 25 September. – Volume 12. – P. 170-181.

113 Әсемқұлов Т. Шығармалары: Күйшілік туралы романдар. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы, 2016. – 436 б.

114 Бердібай Р. Жұлдыздар жарығы. – Алматы: «Білім», 2000. – 248 б.

115 Әшімбаев С. Шындыққа сүйіспеншілік: Сын мақалалар, портреттер, эссе. – Алматы: Жазушы, 1993. – 624 б.

116 Әлімжанов Ә. Көгілдір таулар: Повестер. Орысшадан аударған: С.Мұратбеков. – Алматы, Жалын, 1982. – 384 б.

117 Көптомдық шығармалар жинағы. Р.Сейсенбаев. – Алматы, RS; Халықаралық Абай клубы, 2016. – 440 б.

118 «Қазақ елі немесе Дербестік пен Даралық үшін Жанталас» – Алматы, RS Баспа үйі; 2017. – 368 б.

119 Әлімжанов Ә. Романдар (Орысшадан аударған: С.Мұратбеков пен Т.Жанұзақов. – Алматы, Жазушы, 1981. – 544 б.

120 Сейсенбаев Р. Түнгі диалог: Пьесалар жинағы. – Алматы, Өнер, 1992. – 400 б.

121 Оңғарсынова Ф. Дауа. Өленděр. – Алматы, Атамұра, 2002. – 288 б.

122 Серікқалиұлы З. Сын кітабы: Таңдамалы әдеби мақалалар, зерттеулер. – Алматы, Раритет, 2008. – 504 б.

123 Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы, 1995. 1-т. – 336 б.

124 Кейкін Жәрдем. Ойлар, ойлар: – Алматы: «Тоғанай Т» баспасы, 2007. – 328 б.

125 Алимжанов А. Собрание сочинений в пяти томах. – Алматы: Издательский дом «Жибек жолы», 2013 – 356 с.